

Г.Орда, С.Дәрібаев, А.Сатылова

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

10

Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-
математика бағытындағы 10-сыныбына
арналған оқулық

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі бекіткен*



Алматы «Мектеп» 2019

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 84(5Қаз)я72
О-67

Шартты белгілер:



Түсінік



Мәтін



Ойтүрткі



Ойталқы



Ой-толғаныс

Орда Г. т.б.

О-67 **Қазақ әдебиеті.** Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық/Г.Орда, С.Дәрібаев, А.Сатылова. – Алматы: Мектеп, 2019. – 120 б.

ISBN 978–601–07–1137–2

О $\frac{4306020400-015}{404(05)-19}$ 34(1)-19

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 84(5Қаз)я72

© Орда Г., Дәрібаев С., Сатылова А., 2019

© «Мектеп» баспасы, көркем
бейнделуі, 2019

Барлық құқықтары қорғалған
Басылдың мүлкі құқықтары
«Мектеп» баспасына тиесілі

ISBN 978–601–07–1137–2

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	4
I бөлім. ҚАЛЫҢ ЕЛІМ, ҚАЗАҒЫМ ...	
Абай Құнанбайұлы	6
Абайдың өмірі мен шығармашылығы	7
«Сегізаяқ» өлеңі	13
Менің де күнім күн емес	16
Жалғыз қалдым – тап шыным!	17
«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңі	19
«Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңі	21
Абайдың қарасөздері	24
Он жетінші қарасөз	25
Отыз екінші қарасөз	27
«Масғұт» поэмасы	30
Қызыл жеміс	33
Аян беру	34
I бөлім бойынша бақылау жұмыстары	37
II бөлім. ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНЫШЫ	
Медеу Сәрсекке	40
«Қаныш Сәтбаев» роман-эссесі	42
Сібір шамшырағында	—
Ұлытау жотасында	46
Алатау баурайында	49
II бөлім бойынша бақылау жұмыстары	55
III бөлім. ПАРАСАТ ПАЙЫМЫ	
Айгүл Кемелбаева	58
«Шашты» әңгімесі	60
Тасқұл қарттың арманы	63
Талап Сұлтанбеков	68
«Көшпелі алтын» әңгімесі	69
Таудағы от	—
Шайтантауға сапар	71
Үңгірдегі сыр	74
Оразақын Асқар	78
«Шетте жүрген бауырларға» өлеңі	79
III бөлім бойынша бақылау жұмыстары	83
IV бөлім. ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ	
Шерхан Мұртаза	86
Ш.Мұртазаның драмалық шығармалары	88
«Бесеудің хаты» драмасы	89
Үй толы тозақ	91
Рысқұлов пен Мүсірепов	93
Жәркен Бөдешұлы	99
«Жалғыз» поэмасы	100
Бұл жалғанда кім жалғыз?	103
IV бөлім бойынша бақылау жұмыстары	106
Әдеби-теориялық ұғымдар	108
Пайдаланылған әдебиеттер	117

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті оқушылар!

Бұл оқулықта сендер ұлт тағдырын шынайы бейнелеген, ұлттық болмыс-бітімімізді биік көркемдік деңгейде кестелеп берген туындылармен танысасындар. Тамыры тереңде жатқан әдебиетіміздің ғажап үлгілері ХІХ ғасырда Абай өлеңдері мен қарасөздеріндегі философиялық ой-тұжырымдарымен өрнектеліп, өрісін кеңейте түскені аян. Сендер алғашқы тарауда Абай шығармалары арқылы биік талғамды, суреткерлік шеберлікті танып, рухани-адамгершілік сипаттардың салмағын таразылауға талпынасындар. Хакім Абайдың даналық пайымдары арқылы ұлттық құндылықтарды қастерлеп, өзіндік ой-пікір айтуға, байлам жасауға қадам жасайсындар.

Өзінің көркемдік тәсілімен ерекшеленетін Шерхан Мұртазаның «Бесеудің хаты» драмасы мен Медеу Сәрсекенің «Қаныш Сәтбаев» роман-эссесін оқи отырып, ұлттың басынан өткерген әлеуметтік өмір шындығын көркемдік шешімге ұластырудағы ұстанымын, қаламгерлік дүниетанымын талдайсындар. Сол арқылы жазушыға тән тапқырлық пен тиянақтылықты, биік талғамды ойталқысына саласындар.

Қазақтың көрнекті ақындары Жәркен Бөдешұлының «Жалғыз» поэмасы мен Оразақын Асқардың «Шетте жүрген бауырларға» өлеңін оқи отырып, авторлардың ұлттық рухты, адамгершілік ар-ұжданды, азаматтық парызды жанына серік еткендігіне куә боласындар.

Айгүл Кемелбаеваның «Шашты» әңгімесі мен Талап Сұлтанбековтің «Көшпелі алтын» атты ғылыми-фантастикалық туындысы да сендердің рухани өсулеріне өз септігін тигізері сөзсіз. Бұл шығармаларда қаламгерлер кейіпкерлердің бойындағы адамгершілік пен рухани құлдырауды қатар суреттеп, олардың жан әлемін ашып көрсетуде суреткерлік шеберлігін таныта білген.





ҚАЛЫҢ ЕЛІМ, ҚАЗАҒЫМ...

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ



Абайды мұқият оқыған адам оның көзқарастары күні бүгінгі нарық экономикасымен де тікелей үндес екенін айқын аңғарар еді. Абай әлемі бізді жеті түнде адастырмас Темірқазық іспетті.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ



Қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы, ақын Абай Құнанбайұлы шығармаларына өзі өмір сүрген дәуірдегі қоғам шындығы негіз болды. Кемел адам болуды мақсат еткен ақын бес асыл істі бойымызға жинауға шақырды. «Сегізаяқ», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңдерінен ақынның қазақ халқына айтқан гибраттарын ұғынамыз.

Он жетінші қарасөзде қайрат, ақыл, жүрек туралы философиялық тұжырымдарын түйсінсек, **отыз екінші қарасөзде** білім-ғылым үйрену жолындағы талапқа қойылған шарттарды оқып-үйренетін боламыз.

Абай кең құлашты поэмалардың жаңа үлгісін қалыптастырған. Оған «Масғұт» поэмасы дәлел бола алады. Ақын поэманы аңыз желісімен жазған. Ұлттық поэзияны мазмұны мен түрі жағынан байытқан ақынның бұл туындысы шағын лирикамен бірге қазақ поэмасының бастауы болды.

Ұлы ақын Абай Құнанбайұлы қазақ жазба әдебиетінің негізін салды. Ол қазақ поэзиясын мазмұны мен түрі жағынан байытты. Өзі өмір сүрген қоғамдағы кемшіліктерді сынап, өлең сүйген халықты өлең арқылы түзеуге ден қойды. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деп, өлеңсөзге жоғары талап қойған ақын өзі осы талаптан шыға білді.

Құрметті оқушылар! Сендер Абаймен, Абай шығармашылығымен төменгі сыныптардан бері таныссындар. Онда Абайдың өмірі мен өскен ортасы, шығармашылығы, шәкірттері және Абай мұрасының зерттелуі жайлы мағлұматтарды білдіңдер. Ал 10-сыныпта Абайдың бірнеше өлеңдері мен қарасөздерін, бір поэмасын оқып, талдаймыз. Ой қорытып, Абай айтқан гибратты сөздерді санамызға түйіп, нәтиже шығаруға ұмтыламыз. Абай өз шығармаларында көптеген өзекті мәселелерді көтерді. Сондықтан да ақын мұрасы қанша уақыт

өтсе де, зәрулігін жоймай, мәңгілік құндылықтар қатарында тұрады.

Қазақ – сөз киесі қонған, өлең-жырға жақын халық. Оны ауыз әдебиеті үлгілерінен, батырлық, ғашықтық дастандар мен жыраулар поэзиясынан көруге болады. Оған қазақ халқының атадан балаға мирас болған 100 томдық «Бабалар сөзі» нақты мысал бола алады.



Ауыз әдебиеті үлгілері күні бүгінге дейін бірде-бір елде 100 том болып шыққан жоқ. Осының өзі қазақ халқының сөз қадірін түсінетіндігін байқатады.

Тақырыпашар тапсырмалар мен сұрақтар

1. Абай Құнанбайұлы кім?
2. Абай Құнанбайұлы қай жылы, қай өңірде дүниеге келген?
3. Абайдың өскен ортасы, ата-анасы туралы не білесіңдер?
4. Ақынның шын аты кім? Неге Абай деп атаған?
5. Абайдың қандай өлеңдерін білесіңдер?
6. Абайдың өздерін білетін бір өлеңін жатқа айтып беріңдер.
7. 6-сыныпта оқыған Абай шығармаларын еске түсіріңдер. Берілген сызбаны пайдаланып, жанрға байланысты топтастырыңдар. *Үлгі:*



Абайдың өмірі мен шығармашылығы



Әдебиетіміздің негізгіне қаланған бірінші кірпіші – Абай сөзі. Абай аты болуға керек. Абайға шейін қазақта қолға алып оқырлық, шын мағынасында қазақ әдебиеті дерлік бір нәрсе болған жоқ еді. Абайдың бізге қымбаттығы да сол.

Міржақып ДУЛАТ ҰЛЫ

Абай бала кезінен өлең-жырларды тындауға құмар болып өскен. Бала Абайдың дүниетанымының қалыптасуына әке тәрбиесімен бірге әжесі Зере мен анасы Ұлжан аузынан естіген ертегі-аңыздар да әсер етті. Оның үстіне, Құнанбай ауылына келіп түсетін ел ағаларымен бірге атакты ақын-жыраулардың, әнші-ақындардың өнері мен ғибратты сөздері де бала Абайдың жан-жақты, білімді азамат болып өсуіне ықпалын тигізді. Бұл жайында академик Серік Қирабаев: «Әжесі Зере мен анасы





Ұлжанның аузынан естіген ертегі-аңыздар – Абай сусындаған халық әдебиетінің алғашқы үлгілері»¹, – дейді. Сонымен бірге Абай әжесі мен анасынан естігендерін Шөже, Балта, Байкөкше ақындардан да естіп, жадына сақтап жүреді.

Жас шағында ауыл молдасынан сауат ашқан Абай кейін медреседе оқиды. Сол уақыттан бастап өз бетінше ертегі, дастан, қисса сияқты әдеби мұралармен танысады. Медреседе дін сабақтарын оқып меңгерген Абай араб, парсы, түркі тілдерін үйреніп, бар уақытын өз бетімен ізденіп, кітап оқуға жұмсайды. Сол кезде өлең жазуға деген құштарлығы оянып:

Физули, Шәмси, Сәйхали,
Науан, Сағди, Фирдоуси,

Хожа Хафиз – бу һәммаси,
Мәдәт бер я шағири фәрияд!² –

деп, шығыс шайырларына спынып, олардың рухынан қолдау сұрайды. Абай әдебиет әлемінің асыл жауһарларын терең зерделеп қана қоймай, қазақтың төл әдебиетінің де ойы арналы, сөзі көркем, мазмұнға бай болуын өз өмірінің мұраты етті. Медреседе бар-жоғы үш жылдай оқып, артынан «приходская школаға» түседі. Бұл Абайдың орысша үйреніп, оны игеріп кетуіне негізгі себеп болды. Жасы 13-ке келіп, есейе бастаған Абайды әжесі оқудан шығарып алып, ел билеу ісіне араластырады. Сөйтіп, Абайдың орысша оқуы да ұзаққа бармайды.

Ел билеу ісіне ерте араласқан Абай өз халқының тұрмыс-салт, әдет-ғұрыптарын жете танып, ел билеудің түрлі әдіс-тәсілдерін меңгереді. Әжесінің қасында жүріп түрлі жиындарға, басқосуларға қатысады.



Абайдың әжесі Зере мен анасы
Ұлжанның зираты



Абай аналарының басына шығыс
үлгісімен орнатылған кессене (1986)

¹ Қирабаев С. Көптомдық шығармалар жинағы. 8-том. Алматы: Қазығұрт, 2007.

² Фәрияд – парсы сөзі: теңдесі жоқ, асыл деген

Кейбір ескі әңгіме-дастандарды да осы ел ішінен үйренеді. Абай әкімқаралардың халыққа жасаған қиянатын, атқамінерлердің кедей-кепшікке көрсеткен зәбірін өз көзімен көреді.

Түрлі бақталастық, барымта, лан, даудамайдың ортасында жүрген Абай айналасына сын көзбен қарай бастайды. Папшалық Ресейдің құйтырқы саясаты, байлардың жарлы-жақыбайларға көрсететін озбырлығы, жағымпаздық пен дүниеқоңыздық жас Абайдың ішкі наразылығын тудырып қана қоймай, бұқара халықтың мұн-мұқтажын жоқтап, олардың мәселесін шешуге жол іздеуге қанаттандырады. Осындай келеңсіз жағдайлардан кейін Абай халыққа қалай жақын болудың амалын іздейді. Көзқарасы өзгеріп, ақыл ойы толысқан ол бірте-бірте ел билеу ісінен алшақтайды.

Абай аздап болса да орыс тілін өз бетінше үйреніп, Семей қаласындағы Гоголь кітапханасынан батыс, орыс классиктерінің туындыларын алып оқиды. Сол кезде, яғни 1870 жылы Петербургтен жер аударылып келген (студенттердің саяси ереуіліне қатысканы үшін жер аударылған) Е.П.Михаэлиспен танысады. Кейін олар бір-біріне сенімді досқа айналады. Михаэлис Абайға орыс классиктері – Пушкин, Крылов, Толстой, Лермонтов және Еуропаның ұлы ақын-жазушылары – Байрон, Гёте, Шекспир шығармаларын оқуға ықпал етіп, дүниетанымын кеңейтуге үлес қосады. Абайдың «Дүниеге көзімді ашқан – Михаэлис» дегені де осыдан болса керек. Сонымен бірге Долгополов, Леонтьев сияқты орыстың озық ойлы демократтарымен танысады. Соның нәтижесінде Абай Пушкиннің «Евгений Онегин» шығармасынан үзінділер, Лермонтовтың «Бородино», «Теректің сыйы», «Жалау», «Жартас» сынды он шақты өлеңін, Крыловтың «Шегіртке мен құмырсқа», «Бақа мен өгіз», «Піл мен қанден», «Есек пен бұлбұл» т.б. мысалдарын қазақ танымына жақын етіп, еркін аударма жасады. Сөйтіп, ел болашағына қатысты тұжырымын зерделей түсті.

Ақындыққа біржола ден қою. Абайдың ақындыққа біржола ден қойған уақыты – 1880 жылдардың орта тұсы. Зерттеушілердің пікіріне сүйенсек, Абай бірнеше жыл бойы өз өлеңдерін досы әрі замандасы – Көкбай ақынның атымен, тек 1886 жылдан бастап өз атынан жариялаған. Абай осы уақыттан бастап үзбей жазған.




Мүрсейіт Бікеұлы көшірген
Абай шығармаларының
тұңғыш жинағы (1905)



Абайдың тұңғыш шыққан толық жинағы



Латын графикасында шыққан Абайдың өмірі мен шығармалары



Үш тілде шыққан Абай шығармалары

1882 жылы акын «Қансонарда бүркітші шығады анға», «Бородино» (Лермонтовтан аударған) өлеңдерін жазды. Бұл «ақындығын өзіне де, өзгелерге де мойындатқан шын мәніндегі көркем туындылар»¹ еді.

Абай ел билігіне араласа жүріп өз ұлтының болашағы тек білімде ғана екенін терең түсінді. Ағайын арасындағы ауызбіршіліктің жоқтығы, бар дүшпәні малмен ғана бағалайтын надандық, аярлық пен бақталастық – осы жаман қасиеттердің түп-тамыры білімсіздіктен, тәрбиенің кемдігінен шығатынын Абай айқын аңғарды. Ақын қазақ халқының тек ғылым игергенде ғана іргелі, өркениетті жұрттармен терезесі тең боларын ұғынды.

1885 жылы жазған «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңі Абайдың алғашқы шығармаларының бірі болып саналады. Бұл өлеңінде акын жастарды оқу-білімге, ғылымға, мәдениетке үндей отырып, өз өкінішін білдіреді. Уақытында оқу-білімді толық ала алмағанын, есейген соң оның реті болмағанын айтады. Сол кемшілігін балаларын оқытумен толтыруды ойлайды.

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ержеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім...

1886 жылы акын «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр» өлеңдерін жазды. Бұл өлеңдерінде білім-ғылымның адамға пайдасын, «артық білім кітапта» деп жалықпай оқып-білуді, табанды түрде білімге ұмтылуды насихаттап, жастар санасына сіңіруге күш салды.

¹ Қирабаев С. Қазақ әдебиеті (Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық). Алматы: Мектеп, 2014.

«Интернатта оқып жүр» өлеңінде ақын орыс сөздерін көп қолданып, еркін пайдаланған. Бұл өлең – тіл, түр жағынан алғанда да өз жаңалығы бар шығарма.

Абай поэзиясының үлкен бір саласын табиғат жырлары құрайды. Ақын бұл өлеңдерін 1886–1890 жылдар аралығында, яғни орыс, батыс поэзиясын оқып меңгергеннен кейін жазған.

«Жаз» өлеңі – табиғат тақырыбындағы өлеңдерінің басы. Мұнда көк шөбі, бәйшешегі құлпырған жайлау және сол жайлауға әлі қонып үлгермеген елдің қарбалас шағы суреттелген. Бұл – қазақ ауылының этнографиялық суреті.

Жаздыгүн шілде болғанда,
Көкорай шалғын, бәйшешек
Ұзарып өсіп толғанда;
Күркіреп жатқан өзенге
Көшіп ауыл қонғанда;
Шұркырап жатқан жылқының
Шалғыннан жоны қылтылдап...
Арасында құлын-тай
Айнала шауып бұлтылдап...

«Жазғытұрым» өлеңінде қыстың сызы қалмаған жержүзі маса-тыдай құлпырған, күн көзі бар мейірімін төгіп түлеген сахараның келбетін, яғни Жер ананы бейнелейді. Ал «Қыс» өлеңінде қысты ашулы, ызғарлы адам кейпінде суреттесе, «Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай» өлеңінде көшпелі қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі мен табиғат суреттерін реалистік тұрғыда жырлайды. Мұнда ақын таптық, қоғамдық қайшылықтарға баса назар аударып, елдің, әсіресе кедей-кепшіктің жүдеу тірлігін көбірек сипаттайды.

1890 жылдардың аяғында Абай жүректің мұн-шерін, қуаныш-қайғысын ән арқылы, ән сазы арқылы тарқататын өлеңдер жазды. Сөз өнерінің құдіретін биікке көтерген Абай қазақ өнерінің де жаңа бір тынысын ашты. Абай әндері көңіл пернесін оятар сырлы, саздылығымен дараланады. Солардың бірі – «Құлақтан кіріп, бойды алар» өлеңі. Мұнда Абай өнер құдіретін, өнердің қоғамдағы күшін, адам өмірінде атқаратын қызметін, яғни орнын көрсетеді. Бұл тақырыптағы өлеңдер қатарына «Көзімнің қарасы», «Қор болды



Абай балалары Ақылбай
(сол жақта) және Тұрағұлмен
(оң жақта)



Абайдың ұлы
Әбдірахман

жаным», «Айттым сәлем, қаламқас», «Қаранғы түнде тау қалғып» және т.б. ән-өлеңдері жатады.

Абай көптеген өлеңінде нағандықты, арамдықты, паракорлықты, даукестікті, жалқаулықты, мақтаншақтықты т.б. жағымсыз мінездерді сынаған. Оларға «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Күлімбайға», «Көжекбайға» және т.б. көптеген өлеңдері жатады.

Абайдан «Ескендір», «Масғұт», «Әзім әңгімесі» атты үш поэма қалған. Оның соңғысы аяқталмаған.

XIX ғасырдың 90-жылдары Абай өзінің ой-толғаныстарын қарасөзбен жазған. Шығарманы қарасөзбен жазудың, яғни публицистиканың негізін қалаған Шоқан Уәлиханов болса, әрі қарай Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы жалғастырды. Абайдың қарасөздері – көркем шығарма түріндегі әңгіме емес, даналық сөздер. Онда өмір сабақтарынан туған ойларын жинақтап, ғылыми-философиялық толғаныстарға кең орын берген. Қарасөздердің көлемі шағын болғанмен, мағынасы, мазмұны терең, ғибратқа толы. Ақын қарасөздерінің саны – 45.

Ақынның балаларына арнауы. Абайдың баласы Әбдірахманға арнаған өлеңдері де көп. Ол ақынның болашақ мұрагері әрі дарынды баласы еді. Петербургте оқып, Верный (қазіргі Алматы) қаласында жұмыс істеп жүргенде ауырып, 27 жасында қайтыс болады. Жүрекке түскен ауыр қайғысын ақын «Арғы атасы қажы еді», «Кешегі өткен ер Әбіш», «Тұла бойын ұят, ар едін», «Жпырма жеті жасында», «Талаптын мініп тұлпарын», «Бермеген құлға қайтесін» және т.б. өлеңдерімен жеткізді. Абай өлеңдерінде баласынан айырылған әкенің ғана емес, досынан, халық үшін туған жаннан айырылған елдің қайғысын көрсете білді.



Мәскеу қаласындағы Абай
Құнанбайұлының ескерткіші



Ұлы ақынның 150 жылдық тойы
қарсаңында салынған ғибадат үйі

Осындай ауыр қайғыдан қалжырап жүрген ақынды тағдыр тағы да бір сынаққа алды. Абайдың екінші ұлы, талантты ақын Мағауия да ауырып, қайтыс болады. Бірінен соң бірі келген ауыр қайғы ақын еңсесін көтертпеді. Ұлы Мағауияның қырқы өткен соң, ақын Абай 59 жасында дүниеден озды. Бұл 1904 жылдың 23 маусымы болатын. Абайдың сүйегі Семей өңірі, Шыңғыстау баурайындағы Жидебай қыстағының жанына қойылған.



1. Абай кісса, ертегі, аңыз-әңгімелерді әжесі Зере мен анасы Ұлжаннан басқа кімдерден естіді?
2. Абай әкесінің қасында жүріп, яғни ел билеу ісінде не үйренді, не көрді?
3. Абай Михаэлиспен қай уақытта танысты? Оның Абайға жасаған көмегін және оның нәтижесін айтып беріңдер.
4. Абай орыс классиктерінен кімдердің шығармаларын аударды?
5. Ақынның әр жылдары жазылған өлеңдерінің мазмұнына тоқталыңдар.
6. Абайдың Әбдірахманға арнаған өлеңдерін атап, мағынасына мән беріңдер.
7. Абай Құнанбайұлы жайында түсірілген фильмдерді көріп, өз ойларыңды айтып, пікірталас өткізіңдер.

АКТ құзіреттілігін арттыруға арналған тапсырмалар

1. Дереккөздерді пайдаланып, Абайдың ақын шәкірттері туралы мәліметпен танысып, «Абайдың ақындық мектебі» тақырыбында ғылыми жобаның тезисін құрыңдар.

2. «Абайдың ұрпақтары» атты мақаламен танысып, ғылыми жобаны қосымша мәліметтермен толықтырыңдар. Сілтеме көрсету арқылы мақаладағы мәліметтерді қолданыңдар.

«Сегізаяқ»¹ өлеңі



«Сегізаяқ» – Абай поэзиясы көркемдігінің шырқау шыңы.

Әбділхамит НАРЫМБЕТОВ

Абай Құнанбайұлының 1889 жылы жазған өлеңдерінің бірі – «Сегізаяқ». Бұл – қазақ поэзиясын көркемдік ерекшелік, мазмұн, түр жағынан байытып, тақырып арнасын кеңіткен шығарма. Ақын өлеңде заман, дәуір, адам, яғни әлеуметтік мәселелер туралы ой толғайды. Сөз өнерінің құдіретін ерекше күшке теңеп, оның эстетикалық қажеттілігіне, яғни мәніне баса назар аударады. Өлеңнің өзі шығарған әні де бар. Шоқтығы биік бұл туынды қазақ өнерінің де өрісін ашып, халықтың рухани мұрасына айналды. «Сегізаяқ – қазақ өлеңіне Абай қосқан шумақтың үлгісі. Бұл өлеңнің әр шумағы сегіз жолдан тұрады. Өлеңнің ырғақтық құрылысы да өзгеше. Шумақ 5 буынды тармақтар мен 7-8 буынды тармақтардың жүйелі үйлесіп, араласуынан түзілген (aabbbggg)», – дейді академик Заки Ахметов².

¹ *Сегізаяқ* сөзі термин ретінде әдебиет теориясына енгізілген. Сол себепті қазіргі орфографияда бірге жазылады. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Құраст.: З.Ахметов, Т.Шанбаев. Алматы: Ана тілі, 1996.

² *Ахметов З.* Әдебиеттану терминдер сөздігі. Алматы: Ана тілі, 1998.



«Сегізаяқ» – ақын өзі өмір сүрген заманның, яғни қазақ қоғамындағы келеңсіз жайттарды, әлеуметтік мәселелерді толғаған туынды. Онда сол қоғамның індетіне айналған жалқаулық, алауыздық, арызқойлық, надандық, көре алмаушылық, күншілдік, бақталастық сияқты жаман мінез-құлықты сынап, ел болашағына алаңдайды. Ақын «тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық, аздырар адам баласын» деп, адал кәсіппен тапқан пайданың берекелі боларына тоқталған.

Абай келеңсіз жайттың бәріне жүрегі ауырып, алаңдайды. Оны қалай емдесек деген ойға қалады. Ақыры халқын адал еңбекпен мал табуға, ар-ұятты, бауырмалдық, адамдық қарым-қатынаста, ауызбіршілікте, ынтымақта болуға шақырады. Туған халқына: «Біріңді, қазақ, бірің дос – Көрмесең істің бәрі бос», – деп үндеу айтады. Бұл өлеңнен ақынның азаматтық бейнесін, бойындағы қайрат-жігерін, заманына нақты көзқарасын, ақыл-парасатын, ерекше талантын танимыз.

Өлеңде ақынның азаматтық үні мен мұңы, әлеуметтік мәселелерге көзқарасы сөз өнерінің құдіретімен айқын көрініс тапқан. «Сегізаяқ» өлеңінің үлгісі Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылығына да әсер етті.



...Басында ми жоқ,
Өзінде ой жоқ
Күлкішіл кердең наданның.
Көп айтса көнді,
Жұрт айтса, болды –
Әдеті надан адамның.
Бойда қайрат, ойда көз
Болмаған соң, айтпа сөз.

Қайнайды қаның,
Ашиды жаның
Мінездерін көргенде.
Жігерлен, сілкін,
Қайраттан, беркін
Деп насихат бергенде.
Ұятсыз, арыс салтынан
Қалғып кетер артынан.

Тірек сөздер

надан
мінез
насихат
ойы өзге
құмар
андыған, баққан
жан аямау
дәулет, нәсіп

Аулаққа шықпай,
Сыбырлап бұқпай,
Мейірленбес еш сөзге.
Пайдасыз ақыл –
Байлаусыз тақыл,
Атадан бала ойы өзге.
Санасыз, ойсыз, жарымес,
Өз ойында ар емес.

Тасыса өсек,
 Ысқыртса кесек –
 Құмардан әбден шыққаны.
 Күпілдек мақтан,
 Табытын қаққан –
 Аңдығаны, баққаны.
 Ынсап, ұят, терең ой,
 Ойлаған жан жоқ, жауып қой.

Болмасын кекшіл,
 Болсайшы көпшіл,
 Жан аямай кәсіп қыл.
 Орынсыз ыржан,
 Болымсыз қылжан,
 Бола ма дәулет, нәсіп бұл?
 Еңбек қылсаң ерінбей –
 Тояды қарның тіленбей.

Егіннің ебін,
 Сауданын тегін
 Үйреніп, ойлап, мал ізде.
 Адал бол – бай тап,
 Адам бол – мал тап,
 Қуансаң қуан сол кезде.
 Біріңді, қазақ, бірін дос –
 Көрмесең істің бәрі бос...

Сөз қоржын

Кердең – менмендігі күшті, паң, керенау.

Тақыл – көнерген сөз: амал-айла, қулық деген мағынада.

Табыт қағу – кісі өлімі сирей бастаса, мешіттің ашкөз, надан мәзендерінің мешіт қоймасында тұратын өлген адамды салып шығаратын табытты таяқпен қағып, өлім шақыратын жаман әдеті болған. Ақын соны ауыспалы мағынасында қолданған.



1. Өлең үзіндісінен өздеріне ұнаған шумақты жаттап алындар.
2. Ақын надан адамның әдеті қандай дейді?
3. Неге ақынның қаны қайнайды, жаны ашиды? Не үшін? Кім үшін? Түсінгендеріңді айтып беріндер.
4. *Ынсапсыз*, *арсыз* деген қандай адамдар?
5. Ақынның *кекшіл болма* деген өсиетін қалай түсінесіңдер?
6. Ақынның «Тамағы тоқтық, Жұмысы жоқтық Аздырар адам баласын...» деген өлең жолдарына мағыналас, мәндес бірнеше мақал-мәтелдерді жазындар. Бір-бірінмен сұхбат құрындар.

Менің де күнім күн емес



Абай қазақтың әрбір ұл-қызының еркі, бостандығы үшін, ой-санасын жетілдіру, ержеткізу үшін күресті. Оларды халқын сүйеге, халқы үшін, адам баласы үшін қызмет етуге шақырды, адамгершілікке баулыды.

Мұхтар ӘУЕЗОВ



Малыңды жауға,
Басыңды дауға
Қор қылма, қорға, татулас.
Өтірік, ұрлық,
Үкімет зорлық
Құрысын, көзің ашылмас.
Ұятың, арың оянсын,
Бұл сөзімді ойлансын.

Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық
Аздырар адам баласын.
Таласып босқа,
Жау болып досқа,
Қор болып, құрып барасың.
Өтірік шағым толды ғой,
Өкінер уақытың болды ғой.

Жұмыссыз сандал,
Еріксіз малды ал
Деген кім бар сендерге?
Қулықты көргіш,
Сұмдықты білгіш
Табылар кісі жөн дерге,
Үш-төрт жылғы әдетің,
Өзіңе болар жендетің...

...Қадірлі басым,
Қайратты жасым

Айғаймен өтті, амал жоқ.
Болмасқа болып кара тер,
Қорлықпен өткен ку өмір...

Көмексіз көзің,
Бір жалғыз өзің
Баға алмай басың сандалар,
Бауырына тартқан,
Сырыңды айтқан
Сырласың сырт айналар.

Тірек сөздер

татулас
ұят, ар
адам баласы
қор болу, құру
әлі жетер
кара тер
сырт айналу
талап



Ә.Қаштеев. Абай «Жаз» өлеңін шығарған Бақанас өзенінің аңғары

Ол қаны бұзық ұры-қар
Қапысын тауып, сені алар...

Білгенге жол бос,
Болсайшы қол бос
Талаптын дәмін татуға.
Білмеген соқыр,
Қайғысыз отыр
Тамағы тойса жатуға.
Не ол емес, бұл емес,
Менің де күнім күн емес.



1. Акын кімді, нені қор қылма, қорға дейді?
2. Абай адам баласын аздырар, өкіндірер не нәрсе дейді?
3. Акын өз өмірінен неге түңіледі? Айғаймен өтті, қортықпен өткен деп нені меңзеп тұр?
4. Сырт айналған сырласын кім? Қандай адам? Ол саған не істейді?
5. Акын «Менің де күнім күн емес» деп неге қапаланады? Өз ойларымен түсіндіріп беруге тырысындар.

Жалғыз қалдым – тап шыным!



Ғылымды іздеп,
Дүниені көздеп,
Екі жаққа үңілдім.
Құлағын салмас,
Тіліңді алмас
Көп наданнан түңілдім.
Екі кеме құйрығын
Ұста, жетсе бұйрығың...

Тірек сөздер

үнілу
бұйрық
сөзге қайырылу
жылау
елдің сыйқы
жалғыз қалу

Жаяуы қапты,
 Аттысы шапты,
 Қайырылып сөзді кім ұқсын.
 Іште дерт қалың,
 Ауыздан жалын
 Бұрк етіп, көзден жас шықсын.
 Күйдірген соң шыдатпай,
 Қоя ма екен жылатпай?

Мамықтан төсек,
 Тастай боп кесек
 Жамбасқа батар, ұйқы жоқ.
 Сыбыр боп сөзі,
 Мәз болып өзі,
 Ойланар елдің сыйқы жоқ.
 Баяғы қулық, бір алдау,
 Қысылған жерде жан жалдау.

Агадан алтау,
 Анадан төртеу,
 Жалғыздық көрер жерім жоқ.
 Ағайын бек көп,
 Айтамын ептеп,
 Сөзімді ұғар елім жоқ.
 Моласындай бақсының
 Жалғыз қалдым – тап шыным!

Сөз қоржын

Түңілу (түңіл) – күдер ұзу, безу, торығу. Ақын надан адамдардан түңілдім деп поэтикалық қолданыста айтып тұр.

Жан жалдау – жанын бергенсіп алдап-арбау, яғни қулыққа бару.

Бек – бұл сөздің мағынасы өте көп. *Бұл жерде:* өте, аса, тым, тіпті деген үстеу мағынасын білдіреді.



1. «Екі кеме құйрығын
 Ұста, жетсе бұйрығын» деген ақын сөздерін қалай түсінесіңдер?
2. Ақын неге түңілді? Төмендегі сызбаны пайдаланып, ақынның көңіліне жақпаған келексіз нәрселерді жазып талдаңдар.



3. Ақын «Жалғыз қалдым – тап шыным!» деп қандай қоғамдық мәселелерді қозғайды? Өз ойларыңды ақын өмірбаяны мен өлеңдерін пайдалана отырып жеткізіндер.

«Сегізаяқ» өлеңін қорытындылауға арналған тапсырмалар



1. Ақын аталмыш өлеңінде қандай әлеуметтік мәселелерді қозғаған?
2. Өлеңді оқығанда қандай кейіпкерлер бейнесі көз алдарына келеді? Сол кейіпкерлердің мінез-құлқын ашатын сөздерді топтастырып, қандай типтік бейне екенін түсіндіріңдер.
3. «Атадан алтау, Анадан төртеу, Жалғыздық көрер жерім жоқ» деген өлең жолдарының мазмұнына сәй келетін мақал-мәтелдерді тауып айтыңдар.
4. «Сегізаяқ» өлеңіндегі мақал-мәтелге айналып кеткен өлең жолдарының қолданысын талқылаңдар.



1. Өлеңнің негізгі идеясына талдау жасаңдар. Негізгі идея мен өмір шындығы арасында қандай байланыс бар?
2. Өлеңді құрылысына қарай талдаңдар. Ақын жырларына тән қандай ерекшелікті байқадыңдар?
3. Өлеңнен қандай ой түйдіңдер? Бүгінгі күнгі жастарға айтар қандай ақыл-кеңестерің бар?
4. «Кертартпа мінездерден қалай арыламыз?» тақырыбында талқылау эссесін жазыңдар. Ақын өлеңінен үзінді келтіріп, өз ұстанымдарыңды дәлелдендер.



1. Абай Құнанбайұлы өмір шындығын ашық сынай отырып, қандай ғибрат, өсиет сөздер айтады? Бүгінгі күнгі өмір шындығымен салыстыра отырып, өз бағаларыңды беріндер. *Үлгі:*

Мәселе	Мәселені шешу жолы немесе ақынның ақыл-өсиеті	Өзіндік баға

2. Ақын өлеңін Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынұлы өлеңдерімен салыстырып, рухани ұқсастықты анықтаңдар.

Жағдаяттық тапсырма

Нұркен – бір мекеменің басшысы. Досы өзін жұмысқа орналастыру жөнінде ұсыныс білдіреді. Нұркен досының ұсынысын жерге тастамай, жұмысқа орналастырады. Алайда уақыт өте келе, оның өз жұмысын қажетті деңгейде орындамайтындығын, жалқаулығын байқайды. Нұркеннің келесі әрекеті қандай болмақ?

«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңі



Не нәрсе жайында жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады... Абай сөзі замандағы ақындардың сөзінен оқшау, алардың сөзінен үздік, артық.

Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

¹ *Жәуһірттік* – *нәрсі сөзі*: жомарттық, ізгілік, мырзалық деген. Бұл сөзді Абай отыз сегізінші қарасөзінде бір-ақ рет қолданған.

Өзі билеуші тап ортасынан шықса да, Абайдың жаны қара халыққа жақын болды. Өлеңдерінде еңбекші шаруаның тіршілігіне жанашырлықпен, қамқорлықпен қарайлап, оларға шын ықылас танытып отырады. Осы ниеті айқын аңғарылатын өлеңінің бірі – «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым». Бұл өлеңде ақын өзі өмір сүріп отырған қоғамның ұнамсыз іс-әрекетін, мінез-құлқын, кемшілігін өткір сынайды. Ел ішінде іріткі салып, халықтың берекесін кетіріп жүрген атқамінерлерді негізгі нысан етіп алады.

Бас-басына би болған өңкей қықым,
Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын, –

деп, ел ішіндегі берекесіздік пен бақталастықты өлеңіне арқау етеді. Бұл жөнінде ғалым Тұрсын Жұртбай: «Сол кездегі билікке, салтқа, заңға қарсы шығудың өзі Абайдың рухани тәуелсіздікке ұмтылғанын байқатады»¹, – дейді.

Аталған өлең – қазақ қоғамына бойындағы мінді, жағымсыз қасиетті ащы шындықпен әшкерелей отырып, одан арылмайынша мәдениетті, өркениетті елдердің көшіне ілесе алмайтындығын айқын аңғартқан шығарма.

Абайдың бұл өлеңі – сол кездегі барымтамен, ұрлық-зорлықпен күй кешкен қара халықтың тұрмыс-тіршілігіне жаны ашып, қатты күйзелген патриот ақынның жанайқайы.



Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.

Тірек сөздер

қалың ел
мұрт
ұрт
мал
өңкей қықым
құлық
байғұс
қалпы

Бет бергенде шырайың сондай жақсы,
Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?
Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді,
Аузымен орақ орған өңкей қыртың.
Өзімдікі дей алмай өз малыңды,
Күндіз күлкің бұзылды, түнде – ұйқың.
Көрсеқызар келеді байлауы жоқ,
Бір күн тыртың етеді, бір күн – бұртың.
Бас-басына би болған өңкей қықым,
Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын.
Өздерінді түзелер дей алмаймын,

Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ыркың.
Ағайын жоқ нәрседен етер бұртың,
Оның да алған жоқ па Құдай құлқын?
Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ,
Сапырылды байлығын, баққан жылқың.
Баста ми, қолда малға талас қылған,
Күш сынасқан күндестік бұзды-ау шырқын.

¹ Жұртбай Т. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. I-кітап. Алматы: Қазақ университеті, 2001.

Оналмай бойда жүрсе осы қыртың,
 Әр жерде-ақ жазылмай ма, жаным, тырқың?
 Қай жеріңнен көңілге қуат қылдық,
 Қыр артылмас болған соң мінсе қырқың?
 Тиянақсыз, байлаусыз байғұс қылпың,
 Не түсер құр күлкіден жыртын-жыртын.
 Ұғындырар кісіге кез келгенде,
 Пыш-пыш демей қала ма ол да астыртын?

Сөз қоржын

Ұстара – шаш алатын, сақал-мұрт қыратын өткір пышақ.

Қыртың – мылжың, езбе, сөзуар, орынсыз сөйлеу.

Сиқы (сиық) – сыртқы түр-тұрпаты, сұрқы. *Бұл жерде:* берекесі, ойы, мүддесі деген мағынаны білдіріп тұр.

Астыртын – жасырын, құпия, жанға білдірмеу. *Бұл жерде:* үндемей қалмас деген мағынада қолданылып тұр.



1. Ақынның қазақ халқының сыртқы кескін-келбеті мен ішкі мінезін қатар алып суреттеуін қалай түсіндіресіңдер?
2. Ақын халқының мінез-құлқына, түр-сипатына қандай баға берген?
3. Өлеңде Абай өмір сүрген қоғамның тыныс-тіршілігі қалай жырланған?



1. Бүгінгі өркениетті заманда Абай айтқан күндестіктің, көрсекызарлықтың, құр күлкінің елдік сана үшін қауіп-қатері қандай?
2. Өлеңде кездесетін мына сөздердің мәнін ашыңдар: *сартша сыртың, өңкей қыртың, тыртың, бұртың, өңкей қиқым, тырқың*.
3. Өлеңдегі эпитетке құрылған тіркестерді анықтап, талдау жасаңдар.
4. *Ұлттық мінез* дегенді қалай түсінесіңдер? Қазақ халқының ұлттық мінезін ашатын топтастыру жасаңдар.



1. Халықтың көкірек көзін ашу мақсатында жазылған өлеңдегі қазақ пен қазіргі қазақтың жай-күйін салыстырыңдар. Қандай айырмашылық немесе ұқсастық байқадыңдар?
2. «Абай дәуіріндегі қазақтың рухани ахуалы» тақырыбында шығарма жазыңдар.
3. «Сөккенін болсын – сүйгенін, Достығын болсын – күйгенін, Ашы тілмен тигенің, Жоғалсын деп міндері» деген Шәкәрім сөздері мен Абай өлеңіндегі ортақ идеяға талдау жасаңдар.

«Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңі



Абай – қазақтан шыққан философ.

Жүсіпбек АЙМАУЫТҰЛЫ

Абай – классик ақын. Оның дүниетанымы, өзіне ғана тән оқшау ой желісі, ақындық таным-түсінігі ерекше. Сол себепті де ақынның кейбір өлеңдерін, яғни өмірлік мәселелерді жырлаған философиялық шығармасын түсінудің өзі қиынға соғады. Соның бірі ақынның пәлсәпалық лирикасы – «Лай суға май бітпес қой өткенге».

Аталмыш өлең 1895 жылдары жазылған. Бұл өлеңінде ақын «көңілдің жайлауынан түк таппадым» деп өкініш білдіреді. Заманынан асып туған ғұламаның бұл өкініші – айналасында өзін түсінер жан таппағаны. Абай адам баласында мақсат болу керек, мақсатсыз өмір сүру мүмкін емес деген түпкі ойын анық айтқан. Сонымен бірге адам өмірі таусылғанда «қайту» да табиғат заңы екенін аңғартады. Бірақ ақын тұжырымында «қайту» – ізсіз жоқ болу емес, керісінше берілген өмірді мәнді, ғибратты өткізу. Осы өлең жөнінде философ-ғалым Досым Омаров: «...Абай бабамыздың айтуына қарағанда өмірде мақсат болу керек. Ол мақсат неғұрлым жоғары болса, соғұрлым адам өмірі маңызды болып, ал ең жоғарғы мақсатқа ұмтылса – өмірдің шыңына жетуге болады»¹, – деген пікір білдірген.

Өзіне арналған нығметтің қадірін білу, таза ниетте болу – барлық игілік пен ізгіліктің бастауы. Бұл дәрежеге рухани кемелденген пенде ғана лайық. Орта ғасырдағы «кемел адам», ақын-жыраулар поэзиясында «жақсы адам», ал кейін қазақ поэзиясында Абай айқындай түскен «толық адам» түсінігінің темірқазығы да осы ізгіліктен тарайды.

Абайдың осы философиялық өлеңі туралы ғалым Мекемтас Мырзахметов: «Мұнда жаратылғанның өзін жаратушы түп иесін танып білуге ақыл-ойы жете бермейді деген ой айтылған»², – дейді.

Абай өлең соңында өмірдің өзі «тар соқпақ, бір иген жақ» деп, сол иген жақта «тиянақ та, тегістік те жоқ», сондықтан «құлап кетпе, тура шық, көзіңе қара» деген тұжырым жасаған.



Лай суға май бітпес қой өткенге,
Күлеміз қасқыр жалап, дәметкенге.
Сол қасқырша алақтап түк таппадым,
Көңілдің жайлауынан ел кеткен бе?

Берген бе тәңірім саған өзге туыс?
Қыласың жер-жиһанды бір-ақ уыс.
Шарықтап шартараптан көңіл сорлы
Таппаған бір тиянақ не еткен қуыс?

Тірек сөздер

лай су
дәмету
көңіл жайлауы
туыс
шартарап
шүбәлі ой
түп иесі
өмір жолы

Күні-түні ойымда бір-ақ тәңірі,
Өзіне құмар қылған оның әмірі.
Халикқа мақлұқ ақылы жете алмайды,
Оймен білген нәрсенің бәрі – дәһрі...

Көңілге шек, шүбәлі ой алмаймын,
Сонда да оны ойламай қоя алмаймын.
Ақылдың жетпегені арман емес,
Құмарсыз құр мүлгуге тоя алмаймын.

¹ Омаров Д. Абайдың рухани мұрасы. Алматы: Ел-Шежіре, 2007.

² Мырзахметов М. Абай дұғаты. Алматы: Мектеп, 2017.

Мекен берген, халық қылған ол ләмәкан
Түп песін көксемей бола ма екен?
Және оған қайтпаксын, оны ойламай,
Өзге мақсат ақылға тола ма екен?

Өмір жолы – тар соқпақ, бір іген жақ,
Іілтіп екі басын ұстаған хақ.
Імек жолда тиянақ, тегістік жоқ,
Құлап кетпе, тура шық, көзіңе бақ.

Сөз қоржын

Халиқ (араб.) – жаратушы.

Дәһрі (араб.) – ақыретке сенбейтін құдайсыз, дінсіз. *Бұл жерде:* сенімсіз, күдікті деген мағынаны білдіреді.

Ләмәкан (араб.) – мекенсіз, орынсыз дегенді білдіреді.

Хақ (араб.) – нағыз шындық, шын, рас, ақиқат. *Бұл жерде:* дұрыс деген мағынада қолданылған.



1. Өлеңнің тақырыбы мен негізгі ойы қандай?
2. Адам баласының өмір сүруі жөнінде қандай философиялық ой айтады?
3. Өлеңдегі *қасқыр* бейнесінен нені аңғардыңдар? Ақын нені тұспалдап тұр? Осыған дейін қазақ әдебиетінен *қасқыр* образын кездестірдіңдер ме? Салыстырып, ерекшеліктері мен ұқсастықтарына тоқталыңдар.



1. Ақын өлеңінде дин лексикасын жиі қолданылуында не себеп?
2. *Рухани құлазу* ұғымын қалай түсінесіңдер? Өлеңнен мысал келтіре отырып, пікір білдіріңдер.
3. Өлеңдегі көркемдегіш құралдарды анықтаңдар. Қолданылу қызметін талдаңдар.



Ақын «Хақты танымас бұрын адам өзін, өзінің менін тануы керек» деген ой айтады. Бұл сөздің мәнісі неде? *Өзін-өзі тану* дегенді қалай түсінесіңдер? Төменгі сыныптарда оқыған «Өзін-өзі тану» пәнінен алған білімдеріңді пайдаланып, пікір білдіріп көріңдер. Бүгінгі жастардың бұл мәселеге көзқарасы қандай?

Таным көкжиегі: Абайдың күйлері



Абайдың музыкалық мұрасының қазақ өнеріндегі орны ерекше. Ақын әндері мен күйлері өзіне тән әуенді, ырғақты ерекшеліктерге ие. Бізге ақынның «Торы жорға», «Май түні», «Абай желдірмесі» деген күйлері белгілі. «Торы жорға» күйінің шығу тарихына тоқталсақ, Дәке есімді дәулетті адам Абайдың талантына құрмет көрсетіп, ат сыйлаған екен. Жорғаның сымбатына, көз тартар әсемдігіне сүйсінген ақын осы күйді шығарады. «Май түні» күйінде тамылжыған тірі табиғат құбылысы бейнеленген. «Абайдың желдірмесі» – ән-күй жанрында, ұлттық дәстүр негізінде жазылған шығарма.



Кері байланыс: «Зерде»

Абай өлеңдерін оқу барысында алған ақпараттарымызды тұжырымдап, өз жетістігімізге баға берейік.

Білім – тақырып бойынша алған ақпараттарым.

Эмоция – сабақтағы көңіл күйім.

Баға – жетістігіме беретін бағам.

Сын – өз бойымда нені дамытуым керек?

Идея – маған келген жаңа ой.

**АБАЙДЫҢ ҚАРАСӨЗДЕРІ**

Абай шығармашылығының биік бір белесі – қарасөздер. Ақын өмірінің соңғы кезеңдерінде азаматтық ұстанымы мен философиялық тұжырымдарын өсиет түрінде қарасөзбен жазды.

«Абайдың қарасөздері» немесе «Ғақлиясы» ақын өмірінің соңғы кездері жазылған. Абай қарасөздерін жазуға үлкен дайындықпен келгені белгілі. Себебі бұл сөздерінде ғылыми-философиялық толғаныстарға барынша тоқталып, түсіндіріп беруге күш-жігерін жұмсаған. Қарасөздер – көлемі шағындау болса да, мағына, мазмұны жағынан терең ойға жетелейтін шығармалар. Олардың кейбірі өз-өзімен сырласу, мұңдасу, кейбірі оқырманмен ақылдасу, кеңесу, ал кейбірі сұрақ-жауап түрінде берілген.

Қарасөздер қандай тәсілмен жазылса да, оқушыға ой салып, көкірек көзін ашуға, үлгі-өнеге, ақыл беруге бағытталған. Ақын бірінші қарасөзінде былай деп жазады: «Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған бел байладым...» Бұл ұлы ойшылдың дәуір, тіршілік, қоғам, өмір, қарым-қатынас туралы философиялық ой қорытулары еді. Ақын қарасөздері – оның ақындық мұрасына қосылған қазына.

Қарасөздерде айтылған мәселелер күні бүгінге дейін өзінің өзектілігін жойған жоқ. Ұлы ақынның қарасөздері кемшіліктерді өткір сынай отырып, қоғамдық санаға, елдің болашағына даңғыл жол көрсеткен парасатты пайым, ғибратты ой қорыту болып қалды. Осы турасында көрнекті ғалым Ханғали Сүйіншәлиев: «Абайдың қарасөзге бет бұруы ойламаған жерден ойға алған кездейсоқ емес, керекті заңды бетбұрыс емес еді... Көңіліндегі көрікті ойдың өңін қашырмай халыққа жеткізу, өнеге қалдыру, ақыл айту оны терең толғантты, қиялы қанаттанып, шабыт биігіне көтерілді. Айтар сырларын, арман-ойларын түгел баяндап, тыңдаушысын тәнті етіп, оқушысының сусынын әбден қандыру үшін тек поэзия аздық ететіндей, прозаға да бет бұрды. Кейбір тарихи не философиялық пікірлерін жеткізе айту үшін, оған поэзиядан гөрі қарасөздердің мүмкіншілігі мол сияқты сезілді...»¹ – дейді.

¹ Сүйіншәлиев Х. Абай қарасөздері. Кітапта: Абайтану. Зерттеулер. III том. Алматы: ҚазҰУ, 2016.

Он жетінші қарасөз



Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті.

Қайрат айтыпты: «Ей, ғылым, өзін де білесің ғой, дүниеде еш нәрсе менсіз мәдмәлетке жетпейтұғынын; әуелі, өзінді білуге ерінбей-жалықпай үйрену керек, ол – менің ісім. Құдайға лайықты гибадат қылып, ерінбей-жалықпай орнына келтірмек те – менің ісім. Дүниеге лайықты өнер, мал тауып, абұйыр, мансапты еңбексіз табуға болмайды. Орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтұғын, күнәкәрліктен, көрсеқызар жеңілдіктен, нәфсі шайтанның азғыруынан құтқаратұғын, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жиғызып алатұғын мен емес пе? Осы екеуі маған қалай таласады?» – депті.

Ақыл айтыпты: «Не дүниеге, не ахиретке не пайдалы болса, не залалды болса, білетұғын – мен, сенің сөзіңді ұғатұғын – мен, менсіз пайданы іздей алмайды екен, залалдан қаша алмайды екен, ғылымды ұғып үйрене алмайды екен, осы екеуі маған қалай таласады? Менсіз өздері неге жарайды?» – депті.

Онан соң жүрек айтыпты: «Мен – адамның денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тірлік жоқ. Жұмсақ төсекте, жылы үйде тамағы тоқ жатқан кісіге төсексіз келдің, тонып жүрген киімсіздің, тамақсыз аштың күй-жәйі қандай болып жатыр екен деп ойлатып, жанын ашытып, ұйқысын ашылтып,

Тірек сөздер

қайрат, ақыл,
жүрек
ғылымға жүгіну
мәдмәлет
патша
тірлік
берік ұстау
амал, айла
ала болу



О.Д.Күзнетенко. Абай мен жатақтар

төсегінде дөңбекшітетұғын – мен. Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратұғын – мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор болады. Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп ерітұғын – мен, жаманшылықтан жиреніп тулап кететұғын – мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не? Осы екеуі маған қалай таласады?» – депті.

Сонда ғылым бұл үшеуінің сөзін тыңдап болып, айтыпты:

– Ей, қайрат, сенің айтқаныңның бәрі де рас. Ол айтқандарыңнан басқа да көп өнерлеріңнің бары рас, сенсіз еш нәрсенің болмайтұғыны да рас, бірақ қаруына қарай қаттылығың да мол, пайдаң да мол, бірақ залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман, – депті.

– Ей, ақыл! Сенің айтқандарыңның бәрі де рас. Сенсіз еш нәрсе табылмайтұғыны да рас. Жаратқан тәңіріні де сен танытасың, жаралған екі дүнненің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да – бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның екеуінің де сүйенгені, сенгені – сен; екеуінің іздегенін тауып беріп жүрсің, соның жаман, – депті.

– Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ – менің ісім, – депті. – Бірақ сонда билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді. Жақсылық айтқанына жаны-діні құмар болады. Көнбек түгіл, қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл, жиреніп, үйден қуып шығарады.

– Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіне жібермейді. Орынды іске күшінді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де жүрекке билет, – деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен.

– Осы үшеуің бір кісиде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам – сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым.

Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, Құдай Тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы, – депті.

Сөз қоржын

Мәдмәлет – мақсат, мұрат.

Ғибадат – бұл жерде: тура Құдайға құлшылық ету, сиыну.

Мансап – араб сөзі: қол жеткен лауазым, қызмет, атақ-дәреже, шен-шекпен.

Нәфсі – адам жаны мен тәнінің қалауы.

Ахирет – о дүние, бақи дүние деген мағынада.

Рақым – көмек, қайырым. Бұл жерде: жанашыр болу, көмектесу, қайырымды іс істеу, мейірімін төгу мағынасында.

Ала болу – бұл жерде: бірлігі жоқ, берекесіз, қиюы қашқан, араз, алауыздық.



1. Абай неліктен адам қасиеттерінен *ақыл, қайрат, жүрекке* көңіл бөлген?
2. Неліктен *ғылым* үшеуіне төреші қызметін аткарып тұр?
3. Өленнің мазмұны бойынша төмендегі кестені толтырындар.

Талас	
Шешім	
Өнеге	



1. *Ақыл, қайрат* пен *жүрек* кейпіне еніп, пікірсайыс өткізіндер. Өз пікірлерінді бүгінгі өмірмен байланыстырып дәлелдендер.
2. Абай әдісімен сендер де қарасөз жазып көріндер. Қандай мәселе туралы жазар едіңдер?
3. Төменде берілген сызба бойынша ой-пікір айтып, *толық адам* ұғымына өзіндік қорытынды жасаңдар.



4. Сюжет желісі бойынша қойылым дайындаңдар.



1. *Толық адам* моделін жасап, топта талқылаңдар.
2. «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда ғана боласың елден бөлек» деген Абай өленін қарасөзімен салыстырып, үндестікті анықтаңдар.
3. Өлең жолдарының мағынасына сай сәйкестендіріңдер.

Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл бөлсеңіз.	Ақыл
Өуелде бір суық мұз – ақыл, зерек, Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.	Қайрат
Біреуінің күні жоқ біреуіңіз, Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек.	Ғылым
Токтаулылық, талапты, шыдамдылық, Бұл қайраттан шығады, білсең керек.	Жүрек

4. «Ғылымға жол» тақырыбында Абайға хат жазыңдар.

Отыз екінші қарасөз



*Қайғы шығар тілімнен,
Ыза шығар білімнен.*

*Қайғы мен ыза қысқан саң
Зар шығады тілімнен.*

Абай ҚУНАНБАЙҰЛЫ

Абай отыз екінші қарасөзінде ғылым-білім үйрену үшін ең бірінші «білмек керек» нәрселер барын айтады. Талаптың да өз шарттары бар екенін ескертеді. Осы қарасөзінде Абай ғылым-білімді іздеу, табу, оны үйрену, ұғудың алты түрлі жолын таңдап, талдап берген. Абай келер ұрпаққа арнаған сөзін: «Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегеніне тұрарлық мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын», – деп үлкен өсиетпен аяқтайды.





Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар. Оларды білмек керек, білмей іздегенмен табылмас.

Әуелі – білім-ғылым табылса, ондай-мұндай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді деп іздемекке керек. Оның үшін білім-ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектіктің өзін дәулет білсең және әр білмегенінді білген уақытта көңілде бір рақат хузур хасил болады. Сол рақат білгенінді берік ұстап, білмегенінді тағы да сондай білсем екен деп үміттенген құмар, махаббат пайда болады. Сонда әрбір естігенінді, көргенінді көңілің жақсы ұғып, анық өз суретімен ішке жайғастырып алады...

Тірек сөздер

талап
құмар, ынтық
бахас адам
құрмет
ғылым
дұшпан

Екінші – ғылымды үйренгенде ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек. Бахасқа бола үйренбе, азырақ бахас көңіліңді пысықтандырмақ үшін залал да емес, көбірек бахас адамды түземек түгіл, бұзады. Оның себебі әрбір бахасшыл адам хакты шығармақ үшін ғана бахас қылмайды, жеңбек үшін бахас қылады. Ондай бахас хусидшілікті зорайтады, адамшылықты зорайтпайды, бәлкім, азайтады.

Және мақсаты ғылымдағы мақсат болмайды, адам баласын шатастырып, жалған сөзге жеңдірмекші болады. Мұндай қиял өзі де бұзықтарда болады. Жүз тура жолдағыларды шатастырушы кісі бір қисық жолдағы кісіні түзеткен кісіден садаға кетсін! Бахас – өзі де ғылымның бір жолы, бірақ оған хирслану жарамайды. Егер хирсланса, өз сөзімшіл ғурурлық, мақтаншақтық, хусидшілік бойын жеңсе, ондай адам бойына қорлық келтіретұғын өтіріктен де, өсектен де, ұрсып-төбелесуден де қашық болмайды.

Үшінші – әрбір хақиқатқа тырысып ижтиһатыңмен көзің жетсе, соны тұт, өлсең айырылма! Егер де ондай білгендігің өзінді жеңе алмаса, кімге пұл болады? Өзің құрметтемеген нәрсеге бөтеннен қайтіп құрмет күт есін?



Абайдың неміс, парсы, моңғол, орыс тілдерінде шыққан кітаптары

Төртінші – білім-ғылымды көбейтуге екі қару бар адамның ішінде: бірі – мұлахаза қылу, екіншісі – берік мұхафаза қылу. Бұл екі қуатты зорайту жаһатінде болу керек. Бұлар зораймай, ғылым зораймайды.

Бесінші – осы сөздің он тоғыншы бабында жазылған ақыл кеселі деген төрт нәрсе бар. Содан қашық болу керек. Соның ішінде уайымсыз салғырттық деген бір нәрсе бар,

зинһар, жаным, соған бек сақ бол, әсіресе әуелі – құдайдың, екінші – халықтың, үшінші – дәулеттің, төртінші – ғибраттың, бесінші – ақылдың, ардың – бәрінің дұшпаны. Ол бар жерде бұлар болмайды.

Алтыншы – ғылымды, ақылды сақтайтуғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын! Көрсеқызарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң оқып үйреніп те пайда жоқ. Қоярға орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсың? Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегенінде тұрарлық мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын! Бұл беріктік бір ақыл, ар үшін болсын!



Абайдың латын қарпінде шыққан кітабы (1936)

Сөз қоржын

Хузур хасил *араб сөзі:* келген, оралған, нәтиже, мағына.

Бахас *(араб.)* – алдау, қиянат жасау, біреудің адамгершілігіне сөз келтіру.

Хүсідшілік *(араб.)* – күншілдік, іштарлық.

Хирслану – ашқарақтану, қомағайлану, сараң болу.

Ғурурлық *(араб.)* – менмендік, мансапқорлық, тойынғандық, төкаппарлық.

Мұлахаза – ойласу, пікір алысу.

Мұхафаза – сақтау, қорғау.

Жаһат – *парсы сөзі:* ниет, мақсат, мүдде.

Зинһар *(парсы.)* – абайла, сақ бол.

1. Абай бұл қарасөзінде білім-ғылымды үйренуге қандай талаптар қояды? Бұл талаптарды қою себебін қалай түсіндіресіңдер?

2. Қазақтан шыққан қандай ғұлама ғалымдарды білесіңдер?

1. Ғылыммен айналысу туралы сендердің көзқарастарың қандай?

2. Қарасөздің мазмұны негізінде төмендегі кестені толтырып жазыңдар.

Талап	Негізгі ой	Түйін
1	2	3
Бірінші талап		
Екінші талап		

Жалғасы

1	2	3
Үшінші талап		
Төртінші талап		
Бесінші талап		
Алтыншы талап		

3. «Қазақстандағы «білім-ғылым-инновация» үштігі» мәселесін әлемдік тұрғыда талқылап, диаграмма құрастырыңдар.



1. Бүгінгі күні ғылымда қандай жаңалықтар ашылып жатыр? Ғалымдарға қойылатын бүгінгі күннің талаптары қандай?
2. Технология заманында ғылым қарыштап даму үстінде. Ал еліміздің ғылым мен білім саласындағы қарқыны қандай? Салыстырып, бағаларыңды беріңдер.
3. «Абай әлемі жеті түнде адастырмас Темірқазық іспетті» деген тақырыпта шығарма жазыңдар.

АКТ құзіреттілігін арттыруға арналған тапсырма

Қарасөздермен толық танысып шығыңдар. Ақынның қарасөздері қандай тақырыптарды қамтиды екен? Абайдың қарасөздерінің тақырыптық картасын жасап, оны диаграммаға түсіріңдер.

Жағдаяттық тапсырма

Арман мен Асан мектепте бір сыныпта оқыған. Кейін екеуі де жоғары оқу орнына түсіп, Арман заң факультетін, Асан қолөнер факультетін бітіреді. Арман Асанға ұлттық нақышта сандықша жасап беруді өтінеді. Асан еңбегінің ақысын сұрауға ыңғайсызданды, Арман болса өзі түсініп бере қоймайды. Қателік кімнен?



Кері байланыс: «Білім кемесі»

Кеме желкенін сәйкес түске бояп, Абайдың қарасөздері бойынша өз жетістігімізге баға берейік.

Жасыл түс – толық түсінік пен белсенділік.

Сары түс – қиындық пен толқыныс.

Қызыл түс – түсініксіздік пен алаңдаушылық.

«Масғұт» поэмасы



Абай кітаптардан алған, өмірде сезінген, жәуәнмәрттік¹ ой-нікірлерін, ондағы әрқилы бағыттағы танымдарды өз ой елегінен, сыншыл ақыл тезінен өткізіп барып екішеп, шығармашылық жолмен қорытып, өзіндік төл ұғымға айналдырып жібереді.

Мекемтас МЫРЗАХМЕТҰЛЫ

Абай мұраларының бір шоғырын оның поэмалары құрайды. Абай парсы, тәжік, әзірбайжан, өзбек тілдерінде, яғни Фирдоуси, Низами, Физули, Сағди мен Шәмси, Науаи шығармаларын көп оқыған. Содан алған әсерінен әрі бала кезінен жыр-дастандарды, аңыз-әңгімелерді көп тыңдап өскендігінен болса керек, «Масғұт» поэмасын осы аттас шығыс ертегісінің желісімен жазды.

Поэмаңың бас кейіпкері – Масғұт атты ақыл-парасаты мол жігіт. Ақын Масғұттың адамгершілігін көпке үлгі етеді. Сонымен бірге ер мен әйел теңдігі жөнінде де сөз қозғайды.

Поэма желісі Масғұттың ұрылар тонап жатқан қарияны арашалап қалуынан басталады. Оған алғыс білдірген қариядан базарлық алуға барған Масғұтқа үш түрлі жеміс ұсынылады. Қария жемістердің үш түрлі қасиеті барын айтады.

Дастан соңында автор барлық пенде тек ақылға ғана табынған деген түйін жасайды. Поэма оқиғаны баяндауға құрылған. Себебі онда автордың ақыл беруі, ой тастауы басым.



Я, Алла, құрметінде достың Махмұт¹,
Тілге жар бер, білінсін тура мақсұт.
Арун-Рашид халифа заманында
Бағдатта бір жігіт бар аты Масғұт.

Шаһардан бір күн Масғұт шықты тысқа,
Барды ма кезі келіп бір жұмысқа?
Бір ұры бас сап тонап жатқан жерде
Кез болды бір бейшара шал байғұсқа...

Масғұтты ұры шапты кылышпенен,
Тәуір-ақ жан сақтапты жұмыспенен.
Есен-аман шал дағы құтылыпты,
Масғұттан жау қашқан соң ұрыспенен...

– Ей, жігіт, не қылсаң да, ер екенсің,
Көргейсің ерлігіңнің берекесін.
Себеп боп мені ажалдан сен айырдың,
Маған қылған қарызыңды Алла өтесін.

Бай емен, батыр емен, хан емеспін,
Атақты артық туған жан емеспін.
Себеп болып айырдың мені ажалдан,
Жақсылықты білмейтін шал емеспін.

Мен бір шал дүниеде жиһан кезген,
Ертең түсте кетемін шаһарыңыздан.
Ертерек пәлен жерден тосып тұрып,
Алып қал бір базарлық, жаным, бізден...

Ол жерге ерте тұрып жігіт барды,
Шал да душар алдынан бола қалды.
Қолынан ұстай алып, ертіп барып,
Далада бір бұзылған тамға апарды.

Тірек сөздер

ұры, тонау
шал
қарыз
базарлық
бұзылған тон
гүл
ақ, қызыл, сары
жемістер
қайыршылық

¹ *Махмұт* – Мұхаммед пайғамбарды (с.ғ.с.) айтып отыр.



Барса, тамда бір гүл тұр солкылдаған,
Басында үш жеміс бар былкылдаған:
– Бірі – ақ, бірі – қызыл, бірі – сары,
Таңдап ал, мен берейін бірін саған.

Ағын жесең, ақылың жаннан асар,
Сарыны алсаң, дәулетің судай тасар,
Егер де қызыл жеміс алып жесең,
Әйелде жан болмас сенен қашар...

...Ақ пен сары екеуін алмаймын деп,
Қызыл жеміс жеймін деп қолқа салды.

– Мен беремін, танбаймын айта тұра,
Өкінбесең түбінде жүре-бара,
Ақ пен сары екеуін алмағаның,
Мәнісін айтсаң екен, жаным, сірә.

– Мен болсам, егер ағын жемек те едім,
Ақылды болдым елден бөлек дедім,
Мен ақылды билемен не қылсам да,
Мені ақыл билесе керек дедім...

Сарыны жеп, мен болсам байдың өзі,
Аузында тамам жанның болдым сөзі,
Пәленшеден бір нәрсе алсақ-ау деп,
Тігілер жан біткеннің маған көзі...

Еңбексіз мал дәметпек – қайыршылық,
Ақылды ерге ар болар ондай қылық,
Оны ойларлық бұл күнде адам бар ма,
Пайда ойламай қылады кім татулық?..





1. Поэmanın бас кейпкері кім? Ол қандай қасиетімен ерекшеленеді?
2. Абай «Масғұт» поэмасын қандай шығарманың желісімен жазған? Оған не түрткі болған?
3. Поэма қалай басталады? Өз сөздерімен баяндап беріңдер.
4. Үзіндіде қандай мәселе сөз болды? Кейпкердің қызыл жемісті таңдауынан қандай ой түйіндер?

ҚЫЗЫЛ ЖЕМІС



Қызылды жесем, мені әйел сүйер,
Арамдыққа жүрмесем, не жан күйер?
Әйел де көп жан ғой, досым болса,
Деп едім бір пайдасы маған тиер.

Еркектің еркек адам болса қасы,
Әйел, шеше, қызы жоқ кімнің басы?
Хан қаһар, қара кісі қастық қылса,
Сонда әйел болмай ма арашашы?

Тегінде адам басы сау бола ма?
Бойында тексерілмес дау бола ма?
Ері ашу айтса, әйелі басу айтып
Отырса, бұрынғыдай жау бола ма?

Соны ойлап, қызыл жеміс мен таңдадым,
Берсеңіз жемек болып бел байладым.
Топа-торсақ бұл сөзді айтқаным жоқ,
Басында ойлап, тегін де абайладым.

Тірек сөздер

әйел
шеше, қыз
арашашы
басу айту
қызыл жеміс
Қыдыр ата
бата алу



Б.Бәймен. Абай өлеңдерінің желісімен



Бұл сөзге салып тұрды шал құлағын:
– Ендеше, тауып айттың, же, шырағым.
Ақыл, дәулет әуелден өзінде екен,
Өмірінше артылсын, жаным, бағың!

Бұл шал бөтен шал емес, Қыдыр еді,
Ебін тауып даруға кезі келді.
Сөзіне, ақылына, қылығына
Разы болғаннан соң, бата берді.

Сол Масғұт Қыдыр шалдан бата алыпты,
Соңында Шәмсі-жипһан атаныпты.
Мағынасы: «бұл дүниенің күні» деген,
Жетіліп бізге ғибрат сөз қалыпты...

Сөз қоржын

Арашашы – бұл жерде: қысылғанда көмекке келетін, қол ұшын беретін, жақтасатын, сөзін сөйлейтін жан.

Топа-торсаң – қалай болса солай, тектен-тек, бостан-босқа.

Қыдыр – діни сөз: ел аралап жүретін адам бейнелі әулие, адамға бақыт, дәулет беруші, яғни мифтік бейне.



1. Масғұттың қызыл жемісті таңдауы дұрыс па? Өз ойларыңмен бөлісіп, сұхбат құрыңдар.
2. «Әйел, шеше, қызы жоқ кімнің басы?» дегенді қалай түсінесіңдер?
3. Қыдыр ата туралы не білесіңдер?
4. Сендер қандай жеміс таңдар едіңдер? Себебін Масғұт секілді түсіндіріп беріңдер.

Аян беру



Сол Масғұт халифаға уәзір бопты,
Таркатыпты алдынан көп пен топты.
Бағанағы Қыдыр шал бір уақытта
Түсінде аян беріп жолығыпты.

– Ей, балам, пәлен күні жауын жауар,
Сол жауынның суында кесапат бар:
Жеті күн жынды болар суын ішкен,
Жеті күн өткеннен соң және оңалар...

...Айтқан кезі жақындап келген шақта,
Ертерек таза судан құйып алды.

Болған соң уәделі күн жауын жауды,
Судан ішкен жынды боп, ақылы ауды.
Күні-түні шуласып, таласады,
Ұмытты тамақ жеу мен және ұйықтауды...

Ол халқының алдына жақын барды,
Сөз айтып әрбір түрлі, ақыл салды.
– Бір кеселге, байғұстар, жолығыпсың,
Үйіңе бар, ұйықтандар! – деп шығарды.

Олар шықты есіктен ханға өкпелеп,
Көшеде шулап және жылаған көп:
– Хан мен уәзір ақылдан айырылыпты,
Өлтірейік екеуін, жынды екен, – деп.

Өлтіргелі ордаға қайта жүрді,
Бұлардың сөзін естіп, хан да көрді:
– Бұрынғыдан мұнысы қиын болды,
Ойбай, уәзір, ақыл тап, қайттік? – деді.

... – Құтылар хал болмады мына дудан,
Біз де ішпесек болмайды жынды судан...

Екеуі жынды судан ішіп салды,
Құтырып көп алдына жетіп барды.
Өңкей жынды байқамай айтыпшыз деп,
Құлдық ұрып бұларға көп жалбарды.

Сонымен, бет-бетімен тарқап кетті,
Әйтеуір тарқайтұғын уақыт жетті.
Көрдің бе, көп тентектің қылған ісін –
Еріксіз есті екеуін есер етті...

Тірек сөздер

уәзір
аян беру
жауын суы
кесел
құлдық ұру
есті екеу

Сөз қоржын

Халифа – көнерген сөз: Орта ғасырларда мұсылман дініндегі елдердің діні мен үкіметін бір өзі басқарып отырған мемлекет билеушісінің құрметті атағы, лауазымы.

- ❓ 1. Уәзір, аян беру, кесел, кесел, құлдық ұру сөздерінің мағыналарын түсіндіріңдер. Түсіндірме сөздікті пайдаланып, синонимдерін табындар және осы поэма үзіндісіндегі қолданылу мақсатын ашыңдар.
2. Масғұт уәзірдің тапқан ақылына келісесіңдер ме? Таратып айтып беріңдер.

«Масғұт» поэмасын қорытындылауға арналған тапсырмалар

- ❓ 1. Поэманың өзектілігі неде?
2. Масғұттың қызыл жемісті таңдауынан нені аңғарамыз? Байлық пен ақылдан неліктен бас тартты?
3. Оқиға қай кезенді камтиды?
4. Оқиға желісі бойынша жоспар құрыңдар.
5. Масғұттың шалды құтқарып қалуынан оның қандай қасиетін байқадыңдар?

- 📖 1. Ақын Масғұттың бойына қандай қасиеттерді жинақтайды?
2. Қоғамдағы әйел затының орны қандай? Автор неліктен әйел затын ерекше

бағалайды? Неліктен ер мен әйелді тең ұстайды? Әйел теңсіздігі тақырыбында оқыған шығармаларыңды еске түсіріп, мәселені талдаңдар.

3. Қыдыр ата бейнесі шығармада қандай рөл атқарады? Қазақ тарихындағы Қыдыр ата бейнесіне тоқталыңдар. Қыдыр ата туралы аңыздар іздестіріңдер.
4. Автордың сатиралық жанр элементтерін қолданған үзінділерді тауып оқыңдар.
5. «Автор орындығы» тәсіліне орай, Қыдыр атаға поэманың идеясына қатысты туындаған сұрақтарыңды дайындаңдар.
6. И.С.Тургеневтің «Шығыс аңызы» әңгімесі мен «Масғұт» поэмасындағы үндестікті анықтаңдар. Екі шығармадағы негізгі түйін қандай?



1. Автор және кейіпкер арасындағы байланысты талқылаңдар. Кейіпкер бойынан авторға тең қандай ерекшелікті байқадыңдар?
2. Поэманың екінші бөлігінде жынды су арқылы қандай өзекті мәселе көтерілген?
3. *Ұждан*ды, *парасатты* адам ұғымын қалай түсінесіңдер? Бүгінгі күннен мысал келтіріңдер. Бүгінгі қоғамда кімді парасатты адам деп санайсыңдар?
4. «Көрдің бе, көп тентектің қылған ісін,
Еріксіз есті екеуін есер етті» деп аяқтайды автор поэмасын. Бұл үзіндіден қандай ой қорытамыз?
5. «Масғұт – адамгершілік күрескері» тақырыбында әдеби эссе жазыңдар.

Жағдаяттық тапсырма

Бір күні сендерге де данышпан қария жолығып ақыл, байлық т.б. қасиеттердің біреуін таңдауларыңды сұрайды. Сендер қайсысын таңдар едіңдер?

Таным көкжиегі: Ұлы ақынның сүйікті ойыны

Тоғызқұмалақ – ұлы ақынның сүйікті ойындарының бірі. Абай бұл ойынды шебер ойнаған деседі. Ойынның шеберлері мен ойыншылары Абай ауылына осы тоғызқұмалақты ойнау үшін арнайы жиналады екен. Ақын өзімен бірге үнемі ойын



тақтасын алып жүрген және тоғызқұмалақтан жарыстар ұйымдастырып тұрған. М.Әуезовтің «Абай жолы» романында да тоғызқұмалақты ойнау барысы жазылғаны белгілі.

Абайдың тоғызқұмалақ тақтасы Семей қаласынан 180 шақырым жерде – Жидебайдағы мұражай-үйінде сақтаулы тұр.



Кері байланыс: «Ой сүзгі»

А.Құнанбайұлының «Масғұт» поэмасын оқып, талдап, жоғарыдағы тапсырмаларды орындағаннан кейін, төмендегі жүйе бойынша өз жұмыстарыңа рефлексия жасандар.



I БӨЛІМ БОЙЫНША БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ

1. «Қайнайды қаның,
Ашиды жаның,
Мінездерін көргенде» деген өлең жолдары Абайдың қай өлеңінен алынған?
а) «Қалың елім, қазағым...»; б) «Сегізаяқ»;
ә) «Болыме болдым, мінеки»; в) «Сабырсыз, арсыз, еріншек».
2. Өлең неліктен «Сегізаяқ» деп аталған?
а) бунақтарының санына байланысты;
ә) сегіз шумақтан тұрады;
б) сегіз буынды болып келеді;
в) бір шумақ сегіз тармақтан тұрады.
3. Өлең қандай ұйқасқа құрылған?
Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын,
Қазақтың келістірер қай баласы?..
а) шалыс ұйқас;
ә) қара өлең ұйқасы;
б) егіз ұйқас;
в) шұбыртпалы ұйқас.
4. Эпитет бар өлең жолын анықтаңдар.
а) Сапырылды байлығың, баққан жылқың;
ә) Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын;
б) Қалың елім, қазағым, қайран жұртым;
в) Шарықтап шартараптан көңіл сорды.
5. «Жақсының, жаманның екеуінің де сүйенгені, сенгені – сен; екеуінің іздегенін тауып беріп жүрсің, соның жаман, – депті». Кімнің сөзі және кімге қаратылып айтылған?
а) қайраттың сөзі, жүрекке айтады;
ә) жүректің сөзі, ғылымға айтады;
б) ғылымның сөзі, қайратқа айтады;
в) ғылымның сөзі, ақылға айтады.
6. «... ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзыл-масын!» Қай қарасөзден алынған?
а) Он жетінші; б) Отыз екінші;
ә) Отыз үшінші; в) Отыз бесінші.
7. Отыз екінші қарасөзінде қандай ой айтылады?
а) адамның қандай болу керектігі туралы;
ә) ғылым-білім үйрену, әуелі немі білу керектігі туралы;
б) колөнер үйрену керектігі туралы;
в) адал еңбек ету керектігі туралы.
8. Оқиға қай жерде өрбиді?
а) Стамбұл; б) Бағдат;
ә) Түркістан; в) Мысыр.
9. Масғұт шал ұсынған базарлықтың қайсысын таңдайды?
а) сары жемісті; б) ақ жемісті;
ә) қызыл жемісті; в) жасыл жемісті.



10. Шығармада қай заман бейнесі суреттелген?

- а) Арун-Рашид халифа заманы; б) Минкерин патша заманы;
 ә) Хафр патша заманы; в) Хуфу патша заманы.

Жазбаша жауап беріңдер

1. Ғылым мен техника дамыған сайын қоғамда адами қарым-қатынастардың әлсіреуін қалай түсіндіресіңдер? Ақын өмір сүрген қоғам мен бүгінгі қоғамға ортақ мәселелер қандай? Осы сұрақтарға жауап жазыңдар.

2. «Ғылымды іздеп, Құлағын салмас,
 Дүниені көздеп, Тілінді алмас
 Екі жаққа үнілдім, Көп наданнан түнілдім.

Екі кеме құйрығын
 Ұста, жетсе бұйрығын...» –


деген жолдардағы ақынның көңіл күйін сипаттап жазыңдар.

3. Өздерін оқыған Абайдың қарасөздеріндегі ортақ тақырып қандай? Бұл тақырып бүгінгі күнде қаншалықты өзекті? Пікір білдіріңдер.
4. «Үш-төрт жылғы әдетін,
 Өзіне болар жендетін» деген сөзінің мәнін ашыңдар.
5. Айналасынан өзін түсінетін жан таппаған ақынның жан күйзелісін білдіретін өлең жолдарын мысалға келтіре отырып, Абай өмір сүрген қоғамның шындығы туралы ой білдіріңдер.
6. Болыстыққа сайлау әділ жолмен өткен бе? Абай ақын бұл жөнінде не дейді? «Болмыс болдым, мінеки» өлеңін талдап, сұраққа жауап іздестіріңдер.
7. Ақын өзі өмір сүрген қоғам мен органы өткір сынға алады. Абай қандай іс-әрекеттерді, мінез-құлықты сынайды? Абай өмір сүрген қоғамның шындығын сипаттаңдар.
8. «Ауызбіршілік» тақырыбына шағын ойтолғау жазыңдар.

Екі тақырыптың бірін тандап, эссе жазыңдар

1. Абайдың «Моласындай бақсының, Жалғыз қалдым – тап шыным!» деген сөзінің мәні неде? *Жалғыздық* жаза ма, әлде рухани кемелдік пе? «Абай жалғыздығының сыры» тақырыбында әдеби эссе жазыңдар.
2. *Бүгінгі қоғамда рухани байлықтан гөрі материалдық байлыққа құнығу орын алып отыр* деген пікірмен келісесіңдер ме? Әлде бұл мәселе түп-тамырын ертеден алған ба? «Масғұт» поэмасымен байланыстыра отырып, «Адамзат үшін ең қауіпті нәрсе – қу дүниеге құнығушылық» деген тақырыпта эссе жазыңдар.





II бөлім




ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНЫШЫ

Қаныш Сәтбаев – Қазақстандағы геология ғылымының негізін салушы ғалым, минералогия ғылымдарының докторы, профессор, академик.

Жазушы М.Сәрсекенің «Қаныш Сәтбаев» роман-эссесінен Қ.Имантайұлының Қазақ КСР Ғылым академиясын құрғанына, Академияның тұңғыш президенті ретінде ғылымды шебер ұйымдастырғанына куә боламыз. Қ.Сәтбаевқа Қазақ КСР академиясының академигі, Кеңес Одағының және Қазақстанның металлогения мектебінің негізін қалаушы, қазақтан шыққан тұңғыш академик деген атақтардың оңай келмегені, соған жету жолында қандай қиындықтарды басынан өткергені оның тағдыр тауқыметі арқылы баяндалған.

МЕДЕУ СӘРСЕКЕ

(1936 жылы туған)



Медеу Сапаұлы Сәрсеке 1936 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданында дүниеге келген.

1958 жылы Қазақстан кен-металлургия институтын тамамдап, инженер-металлург мамандығын алып шыққан соң, «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінің редакциясында жастар бөлімін басқарған. 1959 жылы Семей цемент зауытына ауысып, қатардағы инженерден техникалық бөлім бастығына дейінгі қызметтерді атқарған. Өскеменде «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің меншікті тілшісі болған (1963).

Алайда әдебиетке күштарлығының арқасында біржола шығармашылық жұмысқа ауысып (1965), кейін Қазақстан Жазушылар одағының Семей облысаралық бөлімшесінің жауапты хатшысы болды.

Ол – қазақ ғылыми фантастикасының негізін қалаушылардың бірі. Студент шағынан фантастикаға әуестеніп, «Көрінбестің көлеңкесі», «Жетінші толқын», «Ғажайып сәуле», «От және атом» және т.б. ғылыми-фантастикалық туындыларын жарыққа шығарды. Бір кезде жазушының қиялынан туған жетінші толқын бүгінде қалталы телефон қызметін атқарып, шындыққа айналды.

Жазушы қаламынан қазақ тілінде 43, орыс тілінде 20 кітап жарық көрген. Қаламгердің «Күзетші қорғасын», «Ғылым туралы әңгімелер»,

«Біздің шахта», «Түсті металлургияға саяхат», «Звёздный час», «Чингисская быль», «Мен керемет көрдім», «Үйдегі күн», «Кішкентай шахтер», «Саяхат», «Ұзақ жол», «Қауырсын қалам, ағаш қаламсап және болат қаламұш туралы ертегі», «Әк тасы мен терек», «Аңыз жалғасы», «Айшықты мезет», «Шыңғыс хикаясы», «Қаныш бұлақ», «Первый тракторист», «Продолжение легенды» т.б. эссе, очерк, әңгімелері мен «Қаныш Сәтбаев» романы өз оқырманын тапты.

Өндірісте еңбек етіп, оның қыры мен сырына қаныққан инженер-каламгер қаламынан «Жанғырық», «Көмбе» тәрізді өндірістік романдар туды. Бұл екі роман – бірін-бірі толықтыратын, өзара заңды жалғастығы бар туындылар. Алтын, күміс ақтарған, мырыш тасқындатқан кенді Алтайдың тыныс-тіршілігін суреттеген романдарда қазақ даласындағы өнеркәсіптің өркендеуі шынайы бейнеленеді. Романдағы жұмысшы, инженер, ғалымдардың жпынтық бейнелері өндірістегі ұлттық кадрлардың өсіп-жетілгенін көрсетеді.

М.Сәрсекә – қазақтың деректі прозасын жоғары деңгейге көтерген жазушы. Шығармаларында көркем бейнелеуден гөрі нақтылық пен деректілік басым. Ол Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академиктері – Қ.И.Сәтбаев, Е.А.Бөкетов секілді тарихи тұлғалар туралы деректерді рет-ретімен сөйлетуде біршама табысқа жетті. Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың өмір жолын елу жылға жуық зерттесе, «Гибратты ғұмыр» сериясымен академик Ебіней Арыстанұлы Бөкетовтің ғұмыры туралы «Ебіней Бөкетов» атты еңбек жазды.

Бала күнінен Семей полигонын көріп, оның қасіретін жан-тәнімен сезіп өскен қаламгердің «Семей қасіреті» кітабында ХХ ғасырдағы қазақ трагедиясы нанымды суреттелді.

Ол – ұлттық драматургияға үлес қосып жүрген драматург. «Уақыт төрелігі», «Шыңғыс хикаясы», «Жарылыс», «Заңды неке», «Тендерге түскен әйел» туындылары еліміздің театр сахналарында тұрақты қойылып келеді.

М.Сәрсекә осы еңбектері үшін «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен (1970), «Құрмет» орденімен (2001) марапатталды. Ол – республикаға еңбегі сінген зейнеткер, Семей қаласы мен Павлодар облысы, Баянауыл ауданының құрметті азаматы, Қазақстанның «Құрметті кеншісі», Геология компетінің «Құрметті кен іздеушісі», ҚР Ақпарат және Қоғамдық тарих академияларының толық мүшесі.

- ?
1. Жазушының ғылыми-фантастикалық жанда жазылған шығармаларын атаңдар.
 2. М.Сәрсекә «Семей қасіреті» кітабында қандай қасіретті суреттеген?
 3. Жазушының драматургия саласына қосқан үлесі қандай?
 4. Жазушы Қ.Сәтбаевтан басқа тағы қай академик туралы кітап жазды?
 5. Қаламгердің өмір жолы мен шығармашылығына шолу жасаңдар.

«Қаныш Сәтбаев» роман-эссесі



...Жақсы шығарма – жан серігің. Сәтті сомдалған кейіпкерімен қоса қуантады, ойландырады, мұңайтады. Жаңа шығармаларды әр кез оқуға уақыт табамын. «ЖЗЛ»¹ сериясымен шыққан Медеу Сәрсекенің Қаныш Сәтбаев пен Ебіней Бөкетов жайлы терең зерттеуден туған кітабын сүйсіне оқыдым. Соңғы екі шығарма кәнігі металлургия ретінде маған жанымға ерекше жақын.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Академик Қаныш Сәтбаевтың өмір жолын тыңғылықты зерттеген қаламгер қаламынан «Сәтбаев», «Қазақтың Қанышы», «Қаныш Сәтбаев», «Қаныш елі», «Дара дарын», «Феномен», «Құлыпталған ғұмырнама» және т.б. ірілі-ұсақты біршама шығармалар туды. Орыс тіліндегі «Планета Сатпаева», «Через тернии к Сатпаеву» кітаптары қазақтың Қанышын әлемнің жүз он екі еліне танытты, яғни жүз он екі тілге аударылды.

1989 жылы «Уақыт төрелігі» драмасы телеспектакль түрінде Қазақ телестудиясынан Қ.И.Сәтбаевтың 90 жылдық мерейтойы қарсаңында экраннан көрсетілді (қоюшы режиссері – Елжас Қасиманов). Сонымен бірге ол – Мәскеу телестудиясы «Культура» арнасының тапсырысымен жазылған «Феномен Сатпаева» телефильмінің авторы (қоюшы режиссері – Болат Шәріп, фильмді жасаушы – Алматыдағы «OLD CAPITAL GROUP» компаниясы).

Жазушының Қаныш Имантайұлының ғұмыр жолын баяндаған «Қаныш Сәтбаев» роман-эссесі «Баянаула аясында», «Ұлытау жотасында», «Алатау баурайында» атты үш бөлімнен тұрады. Қ.Сәтбаев өмір сүрген дәуір тарихи оқиғаларға толы қилы кезең еді. «Баянаула аясында» атты алғашқы бөлімге дүниеге келгеннен кен инженері атанғанына дейінгі өмірі арқау болған. Білімге құштарлығының арқасында Сібірдегі технология институтында оқуы, студент шағында Геолкомның Сібір бөлімшесінде екі рет баяндама жасап, ғалымдардың назарына ілігуі, М.Н.Русаковтың барлау партиясына қосылуы, қазақ жеріндегі жер, су, тау аттарына ерекше мән беруі – болашақ ғалымның тәжірибе жұмыстарының бастауы ретінде суреттелген.

Сібір шамшырағында



Технология институты Почтамт пен Бульвар көшелерінің қиылысында. Оның бір ғимараты қаламен қойындасып жатқан тақиядай төбенің етегінен ұшар басына дейін созылады. Университетте, институтта сол төбенің қала жақ бетінде, бір-біріне ық тіресе іргелес тұрғызылған ғимараттар. Екеуі де Том ғана емес, ұлан-байтақ Сібір өлкесі мен Қазақстандағы беткеуі жоғары оқу орындары. Зиялы қауым Том өзенінің жағасында ірге тепкен бұл қаланы XIX ғасырда-ақ «Сібірдегі шамшырақ» атаған. Кейде тіпті ескі грек жұртының атакты ғылым ордасына теңеп, «Сібірдің Афинасы» деп те құрмет тұтқан.

¹ ЖЗЛ – жизнь замечательных людей. Қазақша нұсқасы «Өнегелі өмір» сериясы деп аталады.



Қ.Сәтбаев оқыған Томск институтының Тау-кен корпусы

Шынында да, Том шәрі, айтса айтқандай, сол күнде өнері озық, өнеркәсібі біршама өркендеген, басқа да тірлік-тынысы Сібір қалаларының көбінен ілгері мекен-ді. Ондағы университет XIX ғасырдың 80-жылы ашылған, ал технология институтының өмірге келуі – 1900 жыл.

Университеттің оқу корпустары ескі классикалық үлгіде қаланған, аудиториялары, кабинеттері биік те кең. Әсіресе бас корпусы, кітапхана үйі, анатомия мұражайы, микробиология зертханасы, медицина факультетінің емханасы алыстан көз тартып аңдыздап тұрады. Соларды қоршаған жасыл бақ қандай?! Ең ғажабы – оны ешкім отырғызбаған, осы құрылыстар жүрген кезде оталмай, табиғи қалпында сақталған тайғаның жұрнағы.

Технология институтының оқу жайлары да әдемілігі жөнінен университет ғимараттарынан бір мысқал кем емес. Алғаш көргенде-ақ Қаныш өзін білім ордасы емес, айбары зор губернатор кеңсесіне, тіпті ескі заман философтары мәжіліс құратын «құдайлар» храмына тап болғандай сезінді. Құжаттарын кен факультетіне тапсырған, факультет махалласында қазақ жігітін жылы шыраймен қарсы алды. ГубОНОның арнаулы жолдамасы мен мұғалімдер семинариясының аттестатын көрген соң-ақ ілтипат білдіріп, тек қана математика пәнінен емтихан тапсыруға шарт қойды.

Бұдан екі жыл бұрынғы математикадан тиянақты әзірлігін ұмыта қойған жоқ-ты. Бұрын-сонды білгенін қайыра пысықтап, ақыры профессор В.И.Шумиловтің алдына келген. Көңілінде аздап қобалжу бар. Өйткені бұл ғұлама жайында неше алуан қауесеттер естіген... Шы-

Тірек сөздер

ғимарат
университет
математика
қобалжу
бірнеше есеп
масаттану
жатақхана
лекция
кезекте тұру
пәтер

нында, солай болды. Үстінде қазақы күпі, елпірі тымағын қолтығына қысқан, кең қоныш саптама етігімен жалтыр паркетті тосырқағандай жасқана басып (емтихан тапсырушының оқшау кнімінің өзі-ақ «Мынау жабайы далалыққа мұнда не бар?» дегізгендей күпір ой туғызған), имене кірген ашаң өңді, жүдеу жігітке математика профессоры одырая бір қарап, өз ойынан алгебралық теңдеу құрай бастады, екі белгісізді қарапайым есеп. Қаныш қиналған жоқ, оп-оңай қағып тастады. Профессор «Әй, мынау, түйеден түскендей түземдік киргиз қайтеді, ей?» дегендей сынақ тапсырушының күнге күйген қонырқай жүзіне тағы бір мәрте одырая қарап, алғашқыдан едәуір күрделі бірнеше есеп жазып, алдына қойды. Күпілі далалық бұларды да шығарды. Тек соңғы теңдеудің китүрқы бүкпесі бар екен, оны шешуге едәуір уақыт ойлануға тура келді. Бір мезетте оның да кілттипанын тапты.

– Мына есептің бастапқы шарты қате, Василий Иванович, – деген-ді ол Шумиловке батылсыздау үнмен. – Теңдеу емес, теңсіздік шығады, міне, қараңыз. Сірә, мына жерде қосу емес, алу белгісі тұруға тиіс...

– Оны қайдан білдің?

– Тенелу шарттарын тексеру арқылы...

– Бәрекелді, далалық! Өзің тіпті киргиз даласында қой бағумен бірге есеп те шығарып жүргеннен саумысың? Бірталай жан осы теңдеуден шатылып еді, ал сен... сүрінбей өттің. Жарайсың, жайсаң киргиз, жайынды білдім. Оқисың біздің храмда, оқисың! – Әлгінде ғана құрыстанып отырған профессор жадырап, аякастынан масаттанып қалды.

Сонымен, Қаныш – технология институты кен факультетінің студенті. Көптен бергі арманы жүзеге асып, білімнің биік ордасына қолы жеткен бақытты жан!..

Ендігі әңгіме тіршілік ахуалы турасында: институт пен университетте жалғыз жатақхана бар; одан орын сұрау – үмітсіздің шарасы, өйткені жатақхана кереуеті жоғарғы курстың студенттеріне ғана беріледі... Шынтуайтын айтқанда, соларға да жетпейді. Өзге шәкірттер өзара қоғамдасып пәтер жалдап, жекеменшік үйлерде тұрады. Ал пәтер жалдауға қаражаты жоқтары институттың вестибюльдерінде, аудиториялардағы сызу такталары мен ұзын үстелдер үстінде түнейді. Институт басшылары бұл гәпті жақсы біледі, шәкірттердің шарасыз күйіне, сірә, септігі шығар, көпе-көрінеу елемегенсиді. Сөйткен «баспаналары» жылы болса жөн-ау. Оқу корпустарына от жағылмайды. Лекцияны студенттер тон, күпілерін шешпей қожырайып отырып тыңдайды (әкесінің ақылына құлақ асып, қырда қиетін күпі, тері кәзекей, тон, саптама, тымағын ала келгеніне Қаныш мұндай қуанбас). Дәуіттегі сия жарым сағатта қатып қалады. Сол себепті әр студент біруыс ұштаулы қарындаш әкеліп, сонымен-ақ сүйкектетіп отырады. Шумилов сияқты профессорлардың дәрісін жазып үлгеруге де еп қажет: оң қолы тактаға ұшы-қнырсыз теңдеулерді жазып жатқанда, сол қолындағы шүберек үстіңгі жолдағы жазуларды сүртумен болады. Үлгермедім деп айтып

көр – мақау атанасың, болмаса аудиториядан тайып тұруынды талап етеді... Бірақ қырсық мінезіне Василий Ивановичтің қыруар білімі парапар, шынайы ғұлама!

Шәкірттердің мезгілінде тамақ тауып ішуі де оңай емес. Төрт жүз грамм кара нан алу үшін институт ләпкесінің алдында әлденеше сағат кезекте тұру керек. 1921 жылы студенттер асханасы жұмыс істемеген. *«Қиыншылықтар қаншама көп һәм күрделі болғанмен, бізді жеңе алмады. Белбеуімізді қаттырақ буынын алып шыдап бақтық, – деп есіне алады сол жылдарда Томда оқыған Ұлттық Ғылым академиясының толық мүшесі И.И.Бок. – Аштыз деп ешкім де оқуды тастап кеткен жоқ. Өйткені жұтқын тілеуінен гөрі білімге құштарлығымыз артығырақ еді».*

Қаныш та – сондай жарау құрсақ, бірақ сергек көңілді жастардың бірі. Басқа студенттерге қарағанда, оның жағдайы әлдеқайда көнтерімді. Алғашқыда ат басын тіреп түскенмен, сыпайылық ойлап пәтер іздей бастағанда, Усовтың үй іші, әсіресе Екатерина Филимоновна үзілді-кесілді қарсы болып:

– Қаныш, «сыйға – сый, сыраға – бал» деген... Пәтер іздеп әуре болма, бір бөлмеміз оқу бітіргенше сенікі, – деген.

Азамат соғысының ауыртпалығы күйзелткен ескі қалада пұлына тамақ тауып алу оңай емес. Оның үстіне, оқытушылардың ай сайын алып отырған жалақысы уақытша тоқтап тұрған шак, көпшілігі жергілікті өкімет орындары тағайындаған көмек қорымен күнелтеді. Ал Михаил Антоновичтің профессорлық үлесіне өз үй ішімен қоса, қартайған анасы мен тетелес қарындасы да қарап отыр. Соған енді Қаныштың қосылуы – амалсыздық шарасы. Бір тәуірі, үйі кең, институт ауласындағы профессорлар корпусында, бір бөлмесін дербес еншіледі...



Қарағанды қаласындағы К.Сәтбаев ескерткіші

Сөз қоржын

Күпі – ішіне жабағы, жүн салып тігілген сырткиім.

Елтірі тымақ – туғаннан кейін 2-3 күн ішінде сойылған қозы терісінен тігілген тымақ.

Түземдік – әлі онша дами қоймаған елдің тұрғыны.

Көзекей – жеңі жоқ, жағасы кеңірек ойылған, белден төмен түсіп тұратын желет сияқты киім.

Ләпке – ұсақ-түйек сауда, күнделікті қажет заттар сатылатын шағын дүкен.

Жарау құрсақ – ашқұрсақ, күйсіз, жүдеу күй кешу деген мағынада.

Көнтерімді – шыдамды, төзімді, әбден шыныққан.



1. Роман-эссе неше бөлімнен тұрады?
2. Қаныш Сәтбаев қай қалада, қай оқу орнында оқыған? Университеттің құрылысын автор қалай сипаттаған?
3. Қаныш профессор В.И.Шумиловтің сынағынан қалай өтті?
4. Студент атанған Қаныш қандай қиындықтарға жолықты? Кімнің қамқорлығын көрді?

Ұлытау жотасында



Бүгінгі күннің төрінен қарағанда, мен үшін шүбәсіз шындық: Қазақстан ғылымының жалы әуелден-ақ құтты болды; өйткені оның негізін бекемдеумен Сәтбаев айналысты...

Шапық ШӨКИН

«Ұлытау жотасында» атты екінші бөлімге 1926–1941 жылдар аралығындағы оқиғалар негіз болған. Қаныш Имантайұлының білім парасаты мен қайтпас қайсарлығы Жезқазған кенішінің ашылуы, оның толықтай іске қосылуы жолындағы нақты іс-әрекеттері негізінде баяндалған. Жезқазған кенінің гидро-термалдық тегіне қалтқысыз сенуі, мыс ерітінділері құйылған жарықшақ сызаттарды қолмен ұстағандай тап басуы, әрдайым құнарлы кеннің үстінен шығуы – геологиядағы көрегендігі ретінде суреттелген. Жаңа кен орнын табуда, оны ашуда түрлі кедергілерге жолығып, қиындықтарға тап болуы, оларды адал, тынымсыз еңбегімен жеңе жүріп, өз дегеніне жетуін Т.А.Кошкинаға жазған хаттары растайды. Қазақстанды жаппай жайлаған 1932 жылғы ашаршылық, әке-шешесінен айырылуы, 1937 жылғы зобалаң, КСРО Ғылым академиясының Қазақстандағы филиалының ашылуы, оған директор болып тағайындалуы жолындағы түрлі қақтығыстар мен ашық айқастар тұсында шыныққан күрескердің бейнесі замандастарының, әріптестерінің естелік-эсселерімен толыққан.



...Аты шулы 37-жылдың зобалаңы Сәтбай әулетіне ерекше қатты тиген. Үш бірдей бас көтерер азаматынан айырылып, соларға қарап отырған топты бала-шаға мен күллі ағайын есінен танғандай болып жер сабап қалған-ды...

Ең алдымен, әрине, есімі қазақ қауымына әйгілі, Алаш қозғалысының белсенді қайраткерлері санатында болғаны үшін Әбікей Зейінұлы ұсталған: кең-байтақ қазақ жері пана болмай, әуелі Омбыға, одан да ығысып, 30-жылдары Қырғызстанның астанасындағы мұғалімдер

Тірек сөздер

зобалан
жазалаушы
бейкүнә жан
тінту
көшу
ақпар түсіру
дер шағы
анду

институтында орыс тілінен дәріс оқуға ауысканы білімдар ағартушыға септігін тигізбеді; жазалаушылар құрығы оны сол жерден шалды.

Екінші кезекте Әбдікәрім Жәмінұлы тұтқындалды. Әбікейдей саяси күреске қатыспаған, ән-әуен өнерін әуей көріп, Ақмоланың мәдениет үйінде үйірме жетекшісі болып жұмыс істеп, бала-шағасын асырап жүрген бейкүнә жан еді. Амал қанша, оны көрсетушілер Сәтбай қажының негізгі дәулетін

пеленген Жәмін байдың тұқымы екендігін әрі Ақмоланың қалталы жуаны (С.Сейфуллин «Тар жол, тайғақ кешу» тұңғырлама кітабында даралап атайтын) Мәтжанның сұлу қызы Үмінаға үйленгендігін мұрындық етіп, баяғыда ақ әскеріне еркінен тыс жол көрсеткен «күнәсін» қайыра қозғаған...

¶«Ғабдулғазиз Имантайұлы Сәтбаев 1937 жылы дәрігерге көзін көрсетуге барған жерде ұсталған... Сол кеткеннен Бөкеш аға хабарсыз, түрмеде немесе айдауда қайтыс болғаны, қайда жерленгені белгісіз...» – деп жазады Шәмшиябану Қанышқызы жеті жасында көзі көрген шерлі оқиғаны есіне алып «Сәулелі әулет» кітабында. «Біз, балалар не болғанын түсініп жатқан жоқпыз, әйтеуір түстері суық, үстерінде сұр китель, галифе шалбар, жылтыр етік киген қатыгез адамдарға тітіркене қараймыз... НКВД қызметкерлері үйді тінтіп, ойран салып, кітапхананың бірсытыра кітаптарын, үй жиһаздарын, сәнді шкафтағы әдемі сервиздерді, күміс аққұмандар мен вазаларды сандыққа салып, тағы басқа бұйымдарды түп-түгел алып кетті...»

Атаконысынан 1931 жылдың күзінде үрдіс қозғалған бетінде Ғазиз Имантайұлы Омбы қаласының түстік іргесінде, қырық шақырымдай жерде ертеден қоныстанып, жыны отырған қаржастың Теке бұтағына («Ауыздағы қаржас» ауылдары атанған) жетіп, көшіні тоқтатқан-ды. Шаруаның қыбын білетін әрі көп-көрім сауаты бар жігіт ағасы жасындағы жанға өзімен бірге келген етене туыстарының тұрмыс күйтін ондау жаңа қоныста қиынға түскен жоқ. Көпшілігі осы жерде (Азов ауданына қарасты) ұйымдасқан «Қызыл әскер» колхозына кіріп, шамашарқына қарай еңбеккүн тапты. Ғазиздің өзі осы мекендегі ауыл кеңестің хатшысы міндетін атқарған.

Ғазиз Сәтбаев сол күнде алты баланың әкесі еді. Омбы іргесіне келген жылы бәйбішесі Мұхтарима қайтыс болып, екінші мәрте үйленген.



Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық зерттеу университеті

Мәруа есімді кіші қосағы екі жылдан кейін қыз туып, Зиннат деп атады. Бұларға қоса Ғазиз Имантайұлының қарауында екі кішкентайымен келіні Шәрипа да ірге бөлмей бірге тұратын-ды. Айттып-айтпай не керек, топты бала-шағаны асыраушы адуын азаматты әлдекімдер көп көрді, әсілі, көре алмады: «Бұл да бай тұқымы, дәурені өткен ескі заманды көксейді, «кешегі аштық нәубетін Кенес өкіметі қазақты құрту үшін әдейі ұйымдастырды» деп теріс үгіт айтады-мыс...» – деген сыңайлы бопсамен қауіпсіздік мекемесіне ақпар түсірген.

Бертінде мәлім болған деректерге қарағанда, ағайынды үш Сәтбаев та қамауға алынған 1937 жылы нақақ қаралаумен жер жастанған. Әбікей Зейінұлы сол қарсаңда 56 жаста, Ғазиз Имантайұлы – 43, ал Әбдікәрім (Кәрім) Жәмінұлы небәрі 40 жасқа енді ғана ілінген; демек, үшеуінің нағыз дер шағы...

НКВД-ның шалмасы төртінші кезекте Сәтбай тұқымының ең көрнектісі нәм озық оқыған ұрпағы Қаныш Имантайұлына түссе керек-ті. Алайда ол – жау іздеген жергілікті жауыз топтың, сол науқанды облыс, республика деңгейінде жоспарлы түрде жобалаушылардың құрығы мен құқығы жетпейтін биікке шығып кеткен өндіріс қайраткері. Жетер еді, республика басшылығында отырған Л.И.Мирзоян, Н.Нұрмақов, О.Исаев сынды мемлекет қайраткерлерін «халық жауы» етіп жазалау шірменінің тас донғалағына салып, ұнтаққа айналдырып жатқандарға шараң қанша?! Әлде құдай дес берді, одан да гөрі кіші Сәтбаевтың күллі одаққа мәлім дабыра ісі мен есімі, бәлкім, өндіріс басындағы тұлғаларды тұтқындау үшін республиканың бірінші басшысының, нә наркомының рұқсатын алу қажеттігі (Аса қажет мамандарды аман сақтау үшін И.Сталиннің сондай амал ойлап шығарғанына тәубе делік!) себеп болды ма, кім білсін, жергілікті жазалаушы орган Қаныш Имантайұлына қаншама шұқшиғанмен, басқа шерменделерге көрсеткен әлімжеттігін жасай алмаған. Тоқетерін айтқанда, әліптің артын баққан. Бірақ жүріс-тұрысын аңдып, дөрекі түрде шектеуден тыйылмаған.

Сөз қоржын

Жазалаушылар – бұл жерде: репрессия кезіндегі НКВД-ның жазалаушылары.

Мұрындық – бұл жерде: ауыспалы мағынада себепкер, ұйытқы, ұйымдас-тырушы деген мағынада қолданылған.

Үрдіс – қазақ тілінде бұл сөздің мағынасы өте көп. Бұл жерде: тез, жылдам, шапшаң; кенет, оқыс деген мағынада.

Қыбын білетін – орайын, жөнін, тілін білетін.



1. Сәтбай әулетінен үш бірдей азаматтың «халық жауы» атанып, қуғын көруіне не себеп?
2. «Тар жол, тайғақ кешу» романында кездесетін кейіпкер кім?
3. Ш.Қанышқызы естелік кітабын қалай атады? Онда нені есіне алды?
4. Қаныш Сәтбаевты «халық жауы» ретінде тұтқынға ала алмауын немен байланыстырасындар?

Алатау баурайында



Қ.Сәтбаевтың кен орындарының орналасу заңдылықтарын түбегейлі зерттеуі сол күнде кен іздеушілерді қарабүрсін барлаудан тыйылып, ғылыми бағжаммен жасауға үйретті. Академик Сәтбаевтың жұрттан асқан көрегендігі де осында...

Дмитрий РУНДКВИСТ

Қ.Сәтбаевтың 1941 жылдан өмірінің соңына дейінгі өмір жолы «Алатау баурайында» деп аталатын үшінші бөлімде қамтылған. Мұнда соғыстың алғашқы жылдарындағы «Жезді дауы», Қаныш Имантайұлының үмітін ақтау жолындағы кеншілердің жанкешті ерлігі нанымды бейнеленген.

Романды жазу барысында жазушының көп ізденгендігі пайдаланылған тарихи құжаттар мен мол деректерден байқалады. Москва, Санкт-Петербург, Ташкент, Павлодар, Семей, Қарағанды, Жезқазған т.б. қалалардағы мемлекеттік мұрағаттар, аталған елдердің Ғылым академияларының құжаттары пайдаланылған. Сонымен бірге Ресей, Өзбекстан, Қазақстан академиктерінің пікірлері Қ.Имантайұлының ғылымдағы табыстары мен көрегендігін толықтырып тұр.

Роман соңындағы академик Қ.И.Сәтбаевтың есімін мәңгілік сақтау мақсатында жасалған шаралар оның екінші өмірінің де мәнді екендігін байқатады. Әлемдік жұлдыздар картасында 2402 санға ие «СӘТБАЕВ ҒАЛАМШАРЫ» ғарышты мәңгі шарлап жүруі – осының жарқын мысалы.



Ұлы Отан соғысы басталған қарсаңда жезқазғандық геолог И.Н.Богданчиков Кривой Рогта іссапарда болатын. Сәуірдің аяқ шенінде Қаныш Имантайұлы оны Кішітаудағы кен іздеуші партиядан шақырып алып:

– Посиф Николаевич, сізді әрі алыс, әрі мәнді іссапарға жібергелі отырмын. Аз емес, екі айға!.. Кривой Рог пен Никопольдің темір мен марганец кеніштерін асықпай көріңіз... Содан соң сізді Ұлытау атырабындағы темір кендеріне салмақпын, бұл іспен мықтап шұғылданыңыз. Жезқазғанның көктасы бізге қашанға азық болмақ?.. – деген-ді.

Соғыс дүңкілін Посиф Николаевич үйінен неше мың шақырым шалғайда, Днепрдің арғы жағасында жүргенде естіді. Жасы сол жылы қырыққа шыққан, Ұлытауда жеті-сегіз жыл жұмыс істеген тәжірибесі бар сақа геолог Богданчиковтің ойда жоқта тап болған соғыс алапатынан есі шығар жөні жоқ-ты. Әйтсе де, алғашқы сәтте ол не істерін білмей ойланып қалып еді: әдейі келген жұмысы аяқталған жоқ, әлде сапарын үзіп, Жезқазғанға жедел қайтқаны жөн бе?..

Сәтбаевтың жеделхаты оған ойы екіұдай болып қысылған кезінде келді: «Маусымның 26-күні Жосалы бекетінде кездеселік. Кешікпеуге тырысыңыз, өте маңызды әңгіме бар», – депті. Богданчиков

Тірек сөздер

іссапар
соғыс дүңкілі
жеделхат
кездесу
карта
кен барлау
Жезді
марганец
өндіріс
көңіл бөсу





Алтын кен орнының көрінісі

енді Қазақстанға жетуге асықты. Бір пойыздан бір пойызға ауысып, әуірімдеп Жосалыға іліккен. Суыт келе жатқан Сәтбаевтар көші де сол күні ымыртта стансыға жетті.

Екі геолог Қарсақбай комбинатының жолаушылар тоқтайтын үйінде кездесті.

– Үлгергеніңіз жақсы болды, Иосиф Николаевич, көп рақмет!.. – деп, Қаныш Имантайұлы геологтің алдына Қарсақбай ауданының картасын жайды. Оның қолындағы қарындаш әуелі Қарсақбай ашасын нұсқады. Іле солтүстікке қарай сырғи түсті де, Сарысайды күлділап барып, таулы қойнына еніп, Үлкен Жездінің прелендей ағатын тұсынан шықты. Күнбатыс жағынан Бала Жезді келіп, екі өзен өзара қосылатын кең аңғар нұсқап отырғаны.

– Осы жердегі жоталардың етегінен Нарсай деген бұлақ шығады, Поске...

Богданчиковтің күткені күншығыс жақтағы Найзатас шоқысы еді... Сонғы жылдары сол жерде өзі барлау жүргізген, бұрғылау станоктары да сонда. Мынау – тың орын. Былтырдан бері Федор Пастуховтың шағын тобы сол манайда жыралар казып, әр төбешікті шұқылап жүретін. Ал өзі 1936 жылдан бері бұл араға ат ізін салған емес. Өйткені сол жерден табылған темір кенінің құнары мардымсыз болды, флюстік қосымшаға жарамады. Әлденеше жылдан соң Нарсайға қайтып оралып, мынадай қиын-қыстау күндерде жөнең кенді қайыра барлаудың қажеті қанша?..

– Сізді осы үшін шақырдым... – деді ұстазы. – Найзатас әзірше күте тұрады. Балбырауынды, Қарсақбайды, Кішітауды да сөйтесіз, Поске. Иә, темір кендерін барлауды уақытша тоқтатып, өз кісілеріңізбен осы аңғарға көшесіз. Пастухов тобы да сізге қосылады. Нарсайдан іздейтініңіз – темір емес, марганец! Солай, Иосиф Николаевич. Марганецке барлау жүргізесіз. Никопольдің кен жүлгелерін біршама көрген шығарсыз?..

– Әлбетте. Бірақ мен...

– Сабыр етіңіз, мен әлі айтып болғам жоқ, – деді Қаныш Имантайұлы қабағын шытып. Богданчиковтің тыз етпе қылығын кейде өстіп тежеп отыратын. – Бұл жолғы барлауды жедел жүргізесіз. Сол себепті бара сала кірісіңіз! Василий Ивановичке бұл мәселені егжей-тегжейлі тапсырдым, қолында барын түгел береді.

– Сұрағанымды түгел алатын болсам, талантты жас бастығымыз, сіз үшін сүйікті Штифанов балақан қырсықпайтын болса... – Марқа геолог жаңа жетекшісін біршама мінеп, ежелгі шымшымасынан айнымай мыскылмен жауап қатты. – Оған сіз қатал ескертсеңіз, бұл хақында сұрауым жоқ. Ал анау... барлау жұрмек алаң туралы ықыласпен тыңдар едім.

– Жездінің марганецін мен 1928 жылы көргенмін, – деді Сәтбаев. Жолаушылар үйінің ескі еденін сықырлатып ерсілі-қарсылы жүре бастады. – Қарсақбай зауыты үшін флюстік шикізат іздеп жүргенде кездестім. Бұрғы салуға қаражат болмады. Жезқазғанның мысынан аса алмадық. Ал 1936 жылы, өзіңіз де білесіз, Жездінің жағасында бір жаз барлау тобын ұстадық: жеті ұнғыма, он шақты жыралар қазылды. Олардың құжатын Қарсақбайдан табасыз. Пастуховтың не бітіргенін өзінен естисіз, ол да құралақан емес... Менің шамалауымша, нақ осы екі өзен түйісетін тараң аңғарда ферромарганецтің сүбелі қоры бар. Ол болса – соғыс өрті күшейіп тұрғанда стратегиялық мәні ерекше зор шикізат!.. Нені меңзеп отырғанымды ұқтыңыз ба, Иосиф Николаевич?

Богданчиков басын изеді.

– Айтқаным айтқан: кісіні де, техниканы да керегінше аласыз. Бұл – бір. Екінші, есіңізде болсын, Жездінің қыртысы Жезқазғаннан бөлек... Оған станоктың ең мықтысын, бұрғылаушылардың таңдаулысын салу



Қарағанды облысындағы Сәтбаев қаласының кіреберісі

керек. Үшінші, Жездіде ешқандай баспана жоқ. Демек, барлауды қар түскенге дейін аяқтау қажет.

– Түсінікті, Қаныш Имантайұлы. Тырысып көрейін.

– Тырысу аз, Иося! – деді аға геолог, өтінген шыраймен қныла сөйледі. – Бұл жерден қайткен күнде өндіріс ашуға жарайтындай қор табу керек! Және таяу күндерде!..

– Қалай десем екен?.. – Богданчиков кипактап жан-жағына қарады. Ұзақ жолдан әбден титықтап, жүк машинасының үстінде ұзақты күн ізендеп келген балалар ұйықтап қалған-ды. Таңсия Алексеевна жол камымен сыртта жүрген.

– Айта бер, күбіжіктеме!

– Біраз жыл қасыңызға ердім. Өз ғұмырыма жетерлік өнеге көрдім. Жастық желемен, ұшқалақ мінезім кеселінен ренжіткен кезім болса, даптап еске алмағайсыз, Қаныш Имантаевич, – деді Богданчиков жүйкесі босап. – Ал мына тапсырмаңызды... өзіңіздей көріңіз. Қолымнан келгеннің бәрін де жасаймын! Күні-түні Жезді жағасында түнеуге дайынмын, Қанеке!..

– Рақмет, Иосиф Николаевич! Сол үшін де бұл жұмысты тісқакты өзіне жүктеп отырмын. Әсіресе жұмысқа ықтияттылығыңа сенемін. Жалған сөзге жоқ жансың, ажүректігіңді білемін. Тек сылбырлықтан арылу керек, ырғалғанды уақыт көтермейді!

Сәтбаев қоштаспақ болып қолын ұсына берді де, көңілі босап, әріптесін айқара құшты.

Сөз қоржын

Сақа – бұл жерде: ауыспалы мағынада қолданылып, жасамыс, кепті көрген, тәжірибелі; тісқакқан дегенді білдіреді.

Жөнең – нашар, жұпыны деген мағынада.

Жүлгелер – кішірек келген сай, жыра, өзек, жылға.

Тараң – шағын, кішкентай, тар.

Марқа – (марқасқа) бұл жерде: көрнекті, таңдаулы, мақтаулы деген мағынада.

Күбіжіктеу – қысылып-қымтырылу, имену.


- ❓
1. Қаныш Сәтбаев неліктен Иосиф Николаевичке сенім артты?
 2. Екінші дүниежүзілік соғыс кен өндіру ісіне қалай әсер етті?
 3. Қазақ жерінен шикізаттың қандай түрлері өндірілді?
 4. «Алатау баурайында» тақырыбына шолу жасандар.

«Қаныш Сәтбаев» романын қорытындылауға арналған тапсырмалар

- ❓
1. Қ.Сәтбаев туралы қандай мәліметтер білдіңдер? Қосымша деректер жинақтап, ғылыми Қазақстан ғылымындағы орны туралы әңгімелеңдер. Ұлгі:

Қ.Сәтбаев туралы маңызды деректер	Ғылымға қосқан үлесі

- Хрестоматиядан Қаныш Сәтбаевтың мінезін ашатын үзінділерді тауып оқындар. Үзінділер негізінде үлгі бойынша топтастыру жасаңдар. Қаныштың бойындағы қазақ халқына тән ұлттық мінезді мысалмен дәйектендер.
- Шығарма қай жаирда жазылған? Бұл жаирға тән ерекшеліктерді атаңдар.
- Шығарма идеясын ашудағы басқа да кейіпкерлердің рөлі қандай? Бір кейіпкерді тандап, мінездеме жазыңдар.
- Шығарманың негізгі идеясын ашатын оқиғаны дамытып, әңгіме құрастырыңдар.
- Қаныштың өмірлік ұстанымы мен қағидаларын анықтап, қазақ ғылымының дамуына қосқан үлесі жөнінде әңгімелендер.
- Сәтбаев айналысқан ғылым саласы қандай? Осы ғылым саласындағы ғалымдардан кімдерді білесіңдер?



- Шығарманың барлық бөлімін қамтитын күрделі жоспар құрыңдар.
- Шығармаға композициялық талдау жасаңдар. Оқиғаның шиеленісуіне кенінен тоқталыңдар.



- Оқиғаның шешімі
- Оқиғаның шарықтау шегі
- Оқиғаның шиеленісуі
- Оқиғаның дамуы
- Оқиғаның басталуы

- Төмендегі тапсырмаларды орындаңдар:
Суреттендер. Қаныш Сәтбаев оқыған оқу орны.
Салыстырыңдар. Оқу орнының ерекшелігі неде? Сол уақыттағы еліміздегі оқу орындары қандай болған?
Байланыстырыңдар. Сол кездегі студенттердің жағдайының қиын болуына не себеп? Оқиға қай кезеңді қамтиды? Тарихпен байланыстырыңдар.
Талдаңдар. Сәтбаев неге шетелде білім алған? Бүгінгі күні жастардың шетелде оқуға деген ынтасы қандай?
Қолданыңдар. Шығармадағы кен өндіру ісіне қатысты сөздер мен сөз тіркестерін жинақтап, терминдер сөздігін құрастырыңдар.
Бағалаңдар. Елімізде ғылымның дамуы қай деңгейде деп ойлайсыңдар? Қазақстандағы ғылым саласында атқарылып жатқан іс-шараларға өз бағаларыңды беріңдер.
- Шығармадағы көркемдегіш құралдарды анықтап, қолданысына талдау жасаңдар. Автор көркемдегіш құралдарды қандай мақсатта қолданған?
- Қазақ ғылымының даму тарихын хронологиялық кестеге түсіріңдер.



- Шығармадағы тарихи оқиғалар Қаныш Сәтбаевтың өміріне қалай әсер етті?
- Сәтбай әулетінен 1937 жылғы репрессия тырнағына іліккендері кімдер еді? Оларды неліктен кінәлі санады? Репрессияның көздеген мақсат-мүддесі қандай еді? Осы жөнінде тарихи мәліметтер жинақтаңдар.



3. Хрестоматияда берілген роман үзіндісін толық оқып, төменде берілген суреттерді қатыстырып әңгімелендер.



4. Қаныш Сәтбаев туралы ғылыми еңбектерді қолдана отырып, «Қазақтың Қанышы әдеби шығармаларда» тақырыбында әдеби сын жазындар.

АКТ құзіреттілігін арттыруға арналған тапсырма

«Қазақтың Қанышы» мақаласын және басқа да ғалым туралы мәліметтерді оқып, Қаныш Сәтбаев ашқан кен орындарының картасын жасаңдар.

Қаныш Сәтбаевтың туып-өскен жері Баянауылдың физикалық-географиялық сипаттамасын кестеге түсіріңдер.

Географиялық жағдайы	Климаты	Жер бедері мен гидрография

Жағдаяттық тапсырма

Мектепте жас ғалымдар үйірмесі бар. Сендер де сол үйірмеге қатысасыңдар. Үйірме жетекшісі қазба байлықтарына қатысты зерттеу жұмысын тапсырды. Қай тақырыпты зерттеу нысаны етіп алушы едіңдер?

Кері байланыс: «Бес саусақ»



Ақ параққа алақанымызды қойып, жиегін айналдырып бастырайық. Салынған саусақтарға жазушы М.Сәрсекенің «Қаныш Сәтбаев» роман-эссесі бойынша берілген сұрақтарға жауап жазайық.

Бас бармақ – басты мәселе. Тақырып бойынша ең құнды мәселе қандай болды?

Бауыр үйрек – бірлесу. Мен топта, жұпта қалай жұмыс жасадым?

Орган терек – ойлану. Мен қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шыңдыр шүмек – шынайылық. Маған шығарма ұнады ма? Неліктен?

Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы. Мен осы тақырыпты оқу барысында өзімді қалай сезіндім?

II БӨЛІМ БОЙЫНША БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ

1. Жазушының *күпiлi далалық* дегенi кiм?
 - а) Әбдікәрім Жәмінұлы;
 - б) Қаныш Сәтбаев;
 - ә) Профессор Шумилов;
 - в) Ғазиз Имантайұлы.
2. «Пәтер іздеп әуре болма, бір бөлмеміз оқу бітіргенше сенікі» деген кімнің сөзі?
 - а) Екатерина;
 - б) И.Н.Богданчиков;
 - ә) Василий Иванович;
 - в) Әбікей Зейінұлы.
3. «Сібір Афинасы» атанған қаланы атаңдар.
 - а) Баянауыл;
 - б) Жезқазған;
 - ә) Том;
 - в) Омбы.
4. «Бұл да бай тұқымы, дәурені өткен ескі заманды көксейді, кешегі аштық нәубетін Кеңес өкіметі қазақты құрту үшін әдейі ұйымдастырды» деп теріс үгіт айтадымыс...» Қай кейіпкерге қатысты айтылған?
 - а) Сәтбай қажыға;
 - б) Қаныш Сәтбаевқа;
 - ә) Әбдікәрім Жәмінұлына;
 - в) Ғазиз Имантайұлына.
5. Шығармадағы Сәтбаевтар әулетіне қатысты тарихи оқиға қайсы?
 - а) ашаршылық;
 - б) азамат соғысы;
 - ә) саяси репрессия;
 - в) Екінші дүниежүзілік соғыс.
6. Қаныш Сәтбаев Иосиф Николаевичке қандай тапсырма берді?
 - а) темір кенін табу;
 - б) көмірдің құнарлы кенін табу;
 - ә) көктасты анықтау;
 - в) марганецті табу.
7. «Сөйткен «баспаналары» жылы болса жөн-ау». Қай баспана туралы сөз қозғалып тұр?
 - а) студенттер жатақханасы ;
 - б) университеттің аудиториялары ;
 - ә) Усовтың үйі ;
 - в) жалға тұратын пәтерлері.
8. Романда аты аталатын Шәмшиябану Қанышқызының еңбегі.
 - а) «Қаныш елі»;
 - б) «Құлыпталған тұмырнама»;
 - ә) «Тар жол, тайғақ кешу»;
 - в) «Сәулелі әулет».
9. Оқиганың дамуын көрсетіндер.
 - а) Жезқазғандағы темір кенін іздестіру;
 - ә) Қаныштың Томск университетінің студенті атанды;
 - б) отыз жетінші жылдың зобаланы;
 - в) университетке берілген жолдама.
10. «1936 жылдан бері бұл араға ат ізін салған емес». Асты сызылған сөз қай құралға тән?
 - а) теңеу;
 - б) тұрақты тіркес;
 - ә) эпитет;
 - в) синекдоха.

Жазбаша жауап беріндер

1. «Жазалау дiрменiнiң тас донғалағына салып, ұнтаққа айналдырып жатқандарға шараң қанша?!» Берілген сөйлемнен астарлы ойды анықтаңдар.
2. Қаныш профессор Шумиловтің емтиханынан қалай өтті? Шумиловтің Қанышқа берген бағасы қандай?
3. Ұлттық Ғылым академиясының толық мүшесі И.И.Боктың «Ашпыз деп ешкім де оқуды тастап кеткен жоқ. Өйткені жұтқын тілеуінен гөрі білімге құштарлығымыз артығырақ еді» деген сөзінен нені аңғарамыз? Сол уақыттағы студенттердің жағдайы қандай еді? Бүгінгі күнмен салыстыра отырып, пікір білдіріңдер.



4. НКВД-ның Қаныш Сәтбаевты құрығына іле алмауының себебі неде? Мәселені тарихи тұрғыда қарастырындар.
5. Соғыс уақытында марганецтің стратегиялық мәні зор шикізат ретінде қажеттілігі артуын қалай түсіндіресіңдер? Ол қандай мақсатта қолданылды?
6. Қазақстандағы кен орындары туралы не білесіңдер? Кен орындарының ел экономикасы үшін маңызы қандай? Минералды шикізат көздерін игеруге қатысты мәселелерді анықтап көріңдер.
7. Бүгінгі таңда Қаныш Сәтбаев оқыған кен факультетіне деген сұраныс қандай? Жастардың басым бөлігі қай мамандық иесі атанғанды жөн көреді? Себебі мен салдарын саралап көріңдер.
8. Жазушының басты кейіпкерге берген портреттік мінездемесіне талдау жасаңдар. Студент Қаныш пен қайраткер Қанышқа ортақ қасиеттер қандай?

Екі тақырыптың бірін таңдап, эссе жазыңдар

1. Ұлыбританияның атақты саясаткері Уинстон Черчилль ірі денелі Қаныш Сәтбаевқа таңдана қарап: «Қазақтардың бәрі сіздей алып па?» – деп сұрағанда, ғалым: «О не дегеніңіз, Черчилль мырза, олай емес, мен қазақтардың ішіндегі ең кішкентайымын. Халқым менен де биік», – деген екен. «*Ғалым бойындағы рухани биіктік*» тақырыбында әдеби эссе жазыңдар.
2. «Қазақстандағы ғылым дұрыс жолмен өркендеуі үшін, Ғылым академиясында халқының, өз Отанының мүдделеріне бар жан-тәнімен берілген адамдар қызмет етуі керек» деген Қаныш Сәтбаевтың сөзін басшылыққа алып, «Еліміздегі ғылым саласының жай-күйі» тақырыбында мақала жазыңдар.





ПАРАСАТ ПАЙЫМЫ

Акын-жазушылар әдеби туындыларында бірде тарихи оқиғаларға үнілсе, енді бірде өздері өмір сүріп отырған қоғамның көкейкесті мәселелеріне көңіл аударады. Қаламгерлердің негізгі мақсаты – оқырман бойындағы туған жерге, елге, Отанға деген патриоттық сезімді күшейту. Қай дәуірдің оқиғасымен де оқырманға ой салуға болатындығын Айгүл Кемелбаеваның «Шашты», Талап Сұлтанбековтің «Көшпелі алтын», Оразақын Асқардың «Шетте жүрген бауырларға» шығармаларын оқу арқылы ұғынамыз.

Айгүл Кемелбаеваның «Шашты» әңгімесінде жаугершілік замандағы қазақ пен түрікмен арасындағы шапқыншылықта елі мен жерінен айырылған тұтқындардың туған жерге жетіп жан тапсырсам деген арманына кезіксек, Талап Сұлтанбековтің әңгімесінен туған жердің әрбір тасы бағалы екендігін сезінеміз. Ал акын Оразақын Асқардың аталмыш өлеңінен «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан болу» керектігі анық көрінеді.

АЙГҮЛ КЕМЕЛБАЕВА

(1965 жылы туған)



Айгүл Жолдасбайқызы Кемелбаева 1965 жылы Шығыс Қазақстан облысы (бұрынғы Семей облысы), Абай ауданында дүниеге келген.

1984–1987 жылдары Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде толық 3 курстық білім алған соң, 1989 жылы Мәскеудегі М.Горький атындағы Әдебиет институтына түсіп, 1994 жылы әдеби қызметкер мамандығы бойынша бітірген.

Қазіргі таңда Астана қаласында Қалибек Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық музыкалық қазақ драма театрының әдебиет бөлімінің меңгерушісі.

Ол – тәуелсіздік тұсындағы әдебиетке белсене араласып, тың жаңалықтарымен көрініп жүрген жазушы. Жазушы А.Кемелбаева алыс-жақын шетелдерге әдебиеттанушы, кинодраматург, эссеші ретінде де жақсы танымал.

Оның қаламынан туған әңгімелері мен повестері алуан түрлі. «Тобылғысай» әңгімесінде «әңгіме ішіндегі әңгіме» тәсілін қолданса,

«Ғибадат» атты діни әңгімесінің стилі мүлдем басқаша. Ал «Мұнара» романында зоологиялық проза тәсілін қолданған. Сонымен бірге ол ұлттық әдебиетке «Жетінші құрлыққа саяхат» (1986), «Тобылғысай» (2001), «Мұнара» (2003), «Мәжнүн жүрек» (2013) прозалық туындылары мен «Сөз хикмет» (2016) атты әдебиеттану, эссенстика кітаптарын қосты.

Жазушы – Журналистер одағының Баубек Бұлқышев атындағы сыйлығының (1998), «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты (2000). Сонымен бірге көптеген байқаулардың жеңімпазы. Мысалы: «Қазақ әдебиеті» газетінің ең үздік әңгіме және ең үздік мақала номинациясы бойынша лауреаты (1998–2000), жазушыларға берілетін президенттік стипендияның иегері (1999), «Қазіргі заманғы Қазақстан романы» аталған «Сорос-Қазақстан» қоры ұйымдастырған байқау жүлдесі (2002–2003), «Абай және ислам» әдеби байқауының ІІІ сыйлығы (2006), Республикалық «Абай әлемі» байқауының І жүлдесі (2007), Махмұт Қашқари байқауының ІІ жүлдесі (2008, Түркия), Махмұт Қашқари байқауының ІІ жүлдесі (2012, Түркия), Виктор Шнитке атындағы халықаралық сыйлықтың І дәрежелі дипломы (Ресей, 2012), «Алтын асық» халықаралық сыйлығы (2014), «Қамшы. kz» сайтының жүлдесі – Қазақ мемлекетігіне 550 жыл, проза, 2-орын (2015), «Алтын көпір» халықаралық аудармалар байқауы, ІІ орын (2015), «Open Eurasian Literature Festival & Book Forum – 2016» атты V халықаралық әдебиет фестивалі.

А.Кемелбаева – кинодраматург. М.Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» атты әңгімесінің желісімен түсірілген «Күнә» атты көркем фильмнің сценарийін (2005) жазды. Ол – «Сұлтан Оразалин» (2013), «Сүлеймен Есқараев» (2012), «Жиембет жырау» (2014) деректі фильмдерінің авторы.

Оның есімі «Независимый Казахстан. Антология современной литературы» (Москва: «Художественная литература», 2013), «Atayurttan Oykuler-Kazakistan. Huzun kusagi. Yayımlayan» (Анкара, 2016), 57 мемлекет авторлары енген халықаралық «Glückliche Wirkungen» Eine literarische Reise in bessere Welten» мен бірнеше антологияларға енді.

Әңгімелері орыс, түрік, әзірбайжан, неміс тілдеріне аударылған. Айгүлдің «Ғибадат» әңгімесін түркі тіліне аударған – Мәлік Отарбаев және «Тігінші» әңгімелер жинағын аударған – Тансұлу Рақымбаева. Сонымен бірге «Мұнара» романының бірінші бөлімін ағылшын тіліне Зауре Батаева аударды.



1. Айгүл Кемелбаеваның қандай шығармаларын білесіңдер?
2. Жазушы әдебиет саласында қандай жетістіктерге ие?
3. Жазушы шығармалары қай тілдерге аударылған? Кімдер аударған?
4. А.Кемелбаеваның түрлі марапаттарын сызбаға толтырыңдар. Үзгі :





«Шашты» әңгімесі



Жазушы ізгіліктің иесі болуы тиіс.

Айгүл КЕМЕЛБАЕВА

Жазушының «Шашты» атты шежірелік-эпикалық әңгімесі ең алғаш рет «Ақ желкен» және «Жұлдыз» журналдарына жарияланды.

Әңгіменің жазылуына белгілі ақын, шоқайтанушы Қасымхан Бегманның «Мұстафа Шоқай жолымен» атты деректі қос томдығындағы шежірелік дерегі түрткі болған. Шашты – Мұстафа Шоқайдың оныншы атасы, қыпшақ руы ішіндегі бір бабаның есімі.

Жазушыға «Көкенай мен Қалқаман» атты әңгімеден кейін «Шашты» әңгімесін жазу оңай болған жоқ. Әңгімені жазу үшін қазақтың этнографиялық және мифологиялық дүниесін оқуға, архаизмдерді зерттеуге, лингвистикамен айналысуға тура келді. Мысалы, бұрынғы заманда қазақтар бір-бірін көргенде «Қай ноғайсың?» деп сұрайтын болғаны тарихи шындық.

Ол уақытта сырғаны *алқа* деген, сөз сөйлеу қоры ерекше көркем болған. Автор соны түсіндіруге тырысып, сол үшін лингвистиканы зерттеп, сөздердің шығу тарихына үңілген.



– Қай ноғайсың?

Екеуі қоста оңаша қалғанда жөн сұрасты. Жас бала айшылық алыс жолдан барымтаға түскен қыпшақ жылқысымен қоса айдалып келген. Түрікмен Әмударияны бетке алып, Сыр бойы қыпшақтан алған қалың жылқыны дүркірете қуып, күн-түн жортқан ат үстіндегі сергелдең он бір жасар оғланды дереу есейтіп тастамаса да, капелімде азат басына түскен қылбұғауды тосырқап, тілі байланып, жан ұшырған.

Тірек сөздер

барымта
жылқышы
андыздай тию
өңгеріп алды
өлжалтау
құпия
қуану
жылқы

– Аға, біз – қыпшақ, атам аты – Ерторы, әкем аты – Құлпейіс, анамның сүт кенжесі Кенжебекпін, – деді бала көзі жасаурап, мөлтең қағып.

– Балам, сен мені жылқышы ата дерсің, – деді казак шал түсі жылып, – құдай аламанға кезіктіріп, таландыға бір түскен екенсің, бекер жасп берме. Ай-Күн жарықсыз болмас.

Ат құлағында ойнап өскен қыр баласы сол қырғын күнгі мың жылқысын қорыған қыпшақтың шетінен сүйекті, сай тасындай ірі, сом білегі тізеден



Қ.Каметов. Барымта

келетін үш ер-азаматының қасында шоқайып, өзі тіленіп, ат арқасынан түспей қойған. Қырық қаралы теке түрікмен жер астынан шыққандай жусаған жылқыға андыздай тигенде, аз қыпшақ сүйірленіп, найза кезене, қарсы шабуылға қасқая ат қойды. Ешбірі тірі қалмасын білген, өлсе, жастығын ала өлмек. «Жал-жал құм арасына қаш! Қалың жынғыл, сексеуілді панала, тез тығыл, жотадан ассаң, жау таппай қалар, құтыл, бауырым!» – деп бірі артына қарайлай бере, Кенжебекке жан ұшыра айқайлаған.

Кенжебек астына мінген дегдар тұяқты жануар кіку тиіп, құйрық-жалы нөсердей құйылып дүр сілкінгенде, желдей ескен мың бас жылқыдан үркіп, кісінеп салды. Ойдым-ойдым құм арасы жылқы жаюға қолайлы болғанмен, ат күрмеліп, шаба алмайды. Бала ішіне шок түскендей, айнала үшеуін, батыр ағаларын ажал сұмға қымай, көн садағын қолға ала ұмтылды. Омыраулай қарсы келген жалбыр бөрік дәу түрікмен ат үстінен қарғадай баланы жұлып кеп алды. Ұрыста жазым болып, қосақ арасында бекерге өлмесін деп ол баланы алдына лакша өңгере салды.

Жылқы күзеткен арыстай үш жігіт ұрыста өліп, Ерторының немересін табын-табын жылқымен қоса теке түрікмен олжалап, Күнбатыс еліне айдап әкеткенін естігенде, тұсауы кесіле сала ат арқасына мінгізген қыпшақ елі ұлардай шулап, әйелдер дауыс сала, бет жырта жылап, аһ ұрып қала берді.



– Қай ноғайсың? – деп сұрады бала іркілмей.
 – Қаңбақша ауып, тамырсыз дедектеген мен бір қаңлы.
 – Қаңлы ішінде қай аталық? – деді бала ересек адамша сыр тартқысы кеп.

– Тегін сұраған жат болмайды. Қаңлы десем, көгім қазақ дегенім, қарағым. Бабам азан шақырып қойған есімімді, сүйегімді жариялап айтпай-ақ қояйын. Сен сұрама.

Кенжебек жалшы шалдың ататегін, руын дәл атауға құлықсыз екенін, батпандай құпия қайғысын нұры тайған көзінен ұқты. Әйтпесе тұқымы асыл болса, астындағы атына өз тайпасын қосақтай айтуға шалт қазақ нәсілінен ғой.

– Ат басы мен ер басы қайда қалмайды, – деп күрсінді шал.

Ошақтағы от-жалын кеміп, көлеңкелер бұға қалғандай, жатаған сексеуілге айналғандай елестеді.

– Сен, қарағым, алаңсыз ұйқыңды қандыр. Түнгі күзет мына менікі, атаңдікі, – дегенде жылқышының дауысы ерекше жұмсарды. – Тасқұл атаң жалғыздық сүрейге әбден еті өлген.

Ол қыпшақтың еркек баласын жортуылшы топ олжалап әкелгенде қатты тіксінді. Кенжебек теке түрікменге тұтқынға түскелі қолына құрық ұстатып, жылқы бақтырды. Бала қасындағы үзенгілес серігі қазақ болып шыққанына әкесін көргендей қуанды.

Ұзамай Кенжебек жаңа тірлігіне үйрене бастады. Түрікмен жылқысы шетінен аққу мойын, тік сирақ, бойы биік келеді, аяғын қаз басқанда ерен бекзат жануар болар ма, соны көргенде арқасы қозды. Бұрын көз үйренген қыпшақ, адай, алаша, шекті жылқысының шомбал мүсіні қораш сезіліп, шоқтығы биік, сымбаты көркем текежәуміт¹ тұқымды жылқы малсақ ұлдың көзіне оттай басылды.

Теке түрікмен бегі Атажан байдың мол жылқысын пен түзде жалғыз бағатын Тасқұл қасына қарындас бауыр келгелі арқаланып, ат үстінде ыңылдап өлең айтады. Екеуі андуыл сырткөзден таса тілдеседі...

Сөз қоржын

Қос – көшіп-қонуға ыңғайлы, тігуі, жығуы оңай шағын уақытша баспана.

Оғлан – (ұл) жасөспірім, жеткіншек, өрен.

Шомбал – ірі, үлкен, кесек, зор, алпамса.

Аламан – көнерген сөз: шапқыншы қол, жортуылшы топ.

Теке түрікмен – қырғыз-қазақтармен аралас көшпелі халық, яғни түрікмендер.

Дегдар – асылтұқымды. Жалпы бұл сөз ауыспалы мағынада текті (адамға байланысты) және бейжай, делдал деген сөз орнында қолданылады.

Сүрей – ауыспалы мағынада қазіргі кейіп, түр, жағдай.

¹ *Текежәуміт* – текежаумыт – асылтұқымды түрікмен жылқысы.



1. Кенжебектің тұтқынға түсуіне не себеп болды?
2. Кенжебектің шыққан тегі туралы айтып беріңдер.
3. Жылқышы шалдың тағдыры туралы не ойлайсыңдар? Тасқұл өзі туралы мәліметтерді неге іште бүтпін қалды?
4. Тұтқын Кенжебектің мойнына жүктелген міндет қандай?
5. Тасқұл неден тіксінді? Неліктен көңілі алаңдаулы?

Тасқұл қарттың арманы



*Тұлпардың тұзғы тантағанда даланы,
Аспан алты, әсер жеті ойран-асыр болады.*

Абдулқасым ФИРДОУСИ

Әңгімеге өмірде болған тарихи оқиға негіз болған. Теке түрікмен бегі Атажан байдың қырық жігіті Ерторының немересін табын-табын жылқысымен бірге олжалап кетуі, жылқышы қазақтың Кенжебекті өзі баптаған жүйрікпен қашырып жіберуі, оның бір жылдан соң Қыпшақбозбен елге келуі, азан шақырып қойған атының Шашты болып өзгеруі – өмірден алынған шындық. Оқиғаға қатысатын кейіпкерлер – өмірде болған адамдар.

«Тасқұл» – жылқышы шалдың азан шақырып қойған аты емес. Ұзақ уақыт құл болған адамды солай атаған. Бұл әңгімеде елін сүйген, рухы мықты шалдың есімі де, шыққан тегі де белгісіз. Бұл – тектілік туралы баян. Қыпшақтың құлан руында ел қорғаған батырлар көп дегеннің де негізі бар. Әңгімедегі руға қатысты дүниелерде көркем қиял жоққа тән, керісінше бәрінің негізі бар.

Әңгімеден ертеде қазақты «қаңлы», «қыпшақ» деп жалпақ атаумен атағаны байқалады. Жазушы шағын әңгімемен жауынгер қазақ халқы рухының мықтылығына назар аударған. Оны тұтқындағы жылқышының өр мінезі, алпыс жылдан соң басына азаттық алуы, қаршадай Кенжебектің айшылық алыс жерден қашып келуі растайды.



Сыр бойына жиі шабуылдайтыны – теке-жәуміт. Қой үстіне қайдан бозторғай жұмыртқалайды. Қазақылық заманнан үш жүз бір ту астына біріксе, ер түрікменнен бөлек, өр Алтайдан Еділге өтіп, қырғидай тиген құба қалмақтан, Ыстықкөлдің арғы жағынан жөңкіліп тиісетін жауынгер тайпа қырғыздан, ормандай орыстан, сірә да, жеңілмес еді.

Тасқұл шал айтқан сөзі қарғадай Кенжебектің көкейінде байыздап қалсын деп Сыпыра жыраудай түптен толғады. Құлпейістің кенжесі өз елінен тоналған қалың жылқыны бағуға жегілді. Түрікмендер жылқы мен баланы әуелде мықтап күзетті. Атажан бай жылқысын алпыс жыл бойы үзбей бағатын кәрі қазақтың қасына қарғадай ұлды қосып берген. Жылқышы шалдың жанынан екі елі қалмайтын ақ төс қос төбеті бар.

Тірек сөздер

үш жүз
күзету
қарғадай ұл
жылқы баптау
ошақтағы от
сын сағат
той
елге қашу



Жыл он екі ай өткенде Кенжебек жылқышы ата бір күні бай үйінен таңдаулы құлындарға беретін түйе сүті құйылған месті әкелгенде көзі шырақтай жанып, алағызып келгенін бірден ұқты.

Түрікмен мен қыпшақ тойында көшпелі салт бойынша ат шаптырып, балуан күрестіреді, бәйгеге үйірімен жылқы, сан бас түйе, тайтұяқ күміс тігіледі. Атажан бай елінде болатын үлкен той, ат бәйгеге қос тұлпарын қосу үшін атбегілігі сыннан өткен карт қазаққа баптауды бұйырған екен. Жылқышы несінің небір жүйрік атын талай мәрте жаратып, олжа салып жүргеніне алғаш рет жүрегі атқақтап, өлердей қуанды. Бұрын бәйгеден аты озса, бай ризашылығын жомарттықпен білдіргенде селт етпеуші еді.

– Құланның қасуына, мылтықтың басуы, бұл құдайдың бұйрығы, аруақ жебеді, – деп тасы сөйледі Тасқұл. Шал анадан қайта туғандай күрт өзгеріп, құшырланып сала берді. Тұйық судай тұнжырап тұратын шегір көзіне от толып, жасынша жарқ етті. Бала карт жылқышының оқыс өзгерген мынау мінезін әсіре атқұмарлығынан деп ұққан.

Бірде жеті қараңғы түнде ғадетте құс ұйқылы шал баланы ұйқысынан шырты оятып, ошақтағы шоқтың жылт-жылт еткен табында қарсы алдына отырғызып қойды. Кенжебек көзін аша алмай, аузын аша есінеп, ұйқы қысып, түк түсінбесе де, есін ептеп жиып алды. Қай қуыстан суырып алғанын, жылқышы шал оң иығына бөрінің бас терісін тұтас қалдырған көкшулан терісін жауып алыпты.

– Шырағым, сын сағатың туды, ал, көзіме тік қара, сөзіме бақ! – деп бұйыра сөйледі жылқышы. – Түрікменнің атқұмарлығы атаң

казакпен тең. Бәйге десе екеуі де ішкен асын жерге қояды. Түрікмен ежелден марғау далада тежеусіз құландай өскен ер қазақты қарақшы, бүлікші, тентек көреді.

Бөрі көсемі абадан болар, бөрі күшігі бөлтірік болар, бөрі анадан сүт емген қыпшақ тұқымы екенінді мынау құмдағы мшмырт елге мықтап танытар күн туды! Ежелден қоныстас теке түрікмен бұл тойды әсте ұмытпас, жадынан өшпес таңбалы етеміз!

Кенжебекке жылқышы шал құдды жер қайысқан әскермен жалғыз соғысуға даяр қас батырдай ерек көрінді. Айтқанын қалт жібермей тыңдап отыр.

– Бұлар да қазақ сияқты, көбінесе басы жаугершілікте бірігетін алтыбақан алауыз ел екені рас. Тайпалары өзара дұрдараз болғанмен, түрікмен, тегінде, асыл текті мәрт халық. Бірақ соғыстан түскен жетім-жесірді аямайтын қатал заңды қай халық болсын ұстанады. Сенің құның бұлар үшін тышқак лақ құрлы жоқ. Тұтқынға түсу көшпелі рулар үшін қарғыс таңбалы, көксөкқанмен тең. Жат жарылқамайды. Сондықтан мына сені, еркек баланы өлсе аямайды. Қокан, Хиуа бектері қазақтан қыз салық алып басынады. Түрікмен салты қазақ сияқты, ұлы қалыңдығын текті тұқымнан айттырып алады, күшік қатынын жесірден алады. Жетім қыз болса, малдыға кішілікке береді, анасы көгі бөтен болса, одан туған ұл бала есіміне «күл» деп жалғайды. Таза қанды түрікменнен шатаны солай айыру үшін.

Бала тез тітіркеніп, қорқып кетті, үкідей дөңгеленген көзіне шүпілдей үрей толды. Үлкен кісі нені мезеп отыр? Мұны түрікмен бектері ат құйрығына байлап өлтірейін деп жатқандай тұспалмен орағыта сөйлегені несі?!

Атажан қос жүйрігінің біріне шабандозға сені шаптыратынын кәрі жүрегім сезеді.

Шал көкейіндегісін айтқанда Кенжебектің тынысы кеңіп сала берді. Е, е, теке түрікмен де қазақ сияқты обал-сауапты білетін ел, тірі жан пәсін беталды өлтірмейді.

Бұл түйелі көрші ауылға түйе сүтін меспен әжелуге барған сайын түрікмен шешелер дәмді асқа тойғызып, жетім-жесір, құл бала көріп, іштей мүсіркейтінін талай басынан кешті. Түрікмен жылқысына түйе сүтін береді.

– Кенжебек, жас та болсаң, бас болар сәт келді. Теке түрікмен «Әр түлкі өз құйрығын мақтайды» деп айтады. Текежәуміттің айтулы бектері, бай-бағланы өз жүйрігі озғанын күтіп, жарысты есі шығып қызықтайды. Бәйгенің ең қызған шағында кертағыдай бұл қазақ бүлікшіл, өлермен халық екенін көрсет, менмен текежәуміт бектеріне атасын таныт! Сол сәт менің есіл өткен қайран өмірімнің құны толық ақталғаны! Қарағым, бұл тойда сен тәуекел деп бел буып, еліне қашасың!..



Сөз қоржын

Мес – сұйық тамақ құюға арналған бітеу сойылған ешкі терісінен жасалған ыдыс.

Көкшулан – бурыл, көкшілдеу.

Марғау дала – ұлан-ғайыр, кең дала.

Абадан – қасқыр үйірінің басшысы, көсемі, күшті де мықты бастаушысы.

Дүрдараз – алаауыз, араз.

Кертағы – нағыз тағы, асау.



1. Атажан бай Тасқұлға нені сеніп тапсырды?
2. Жылқышы шал Кенжебекті ұйқысынан оятып, қандай сырмен бөлісті? Нені тұспалдады?
3. «– Шырағым, сын сағатын туды» деп басталатын Тасқұл қарттың сөзін жаттап алындар.
4. Түрікмендерге тән мінез қандай?
5. Түрікмендердің салт-дәстүрі туралы баяндандар.

«Шашты» шығармасын қорытындылауға арналған тапсырмалар



1. *Әңгіме* дегеніміз не? Теориялық ережелерді еске түсіріңдер. Шығарманың жанрлық ерекшеліктерін анықтаңдар.
2. Шығармадағы басты кейіпкерлерге кесте бойынша талдау жасаңдар.

Кейіпкер	Портреті	Мінез-құлқы	Іс-әрекеті	Өмірлік көзқарасы

3. Жылқышы шалдың қасқыр терісін жамылып отырғанын қалай түсіндіресіңдер? Пікірлеріңді үш дәлелмен негіздендер.
4. Әңгімеде көтерілген өзекті мәселе төңірегінде әңгімелесіңдер. Туындаған сұрақтарыңды жүйелеп, үш проблемалық сұрақ құрастырыңдар.
5. Жазушы қазақтарды қандай образда, түрікмендерді қандай образда суреттейді?

Қазақтар бейнесі	Түрікмендер бейнесі
Ұқсастығы	



1. Берілген сызбаны пайдаланып, шығармаға негіз болған оқиғалар тізбегін құрыңдар.
2. Әңгімеде автор қандай ұлттық құндылықтарды дәріптейді? Шығармадағы құндылықтарға менталды карта құрастырыңдар.
3. Әңгімеде кездесетін нақыл сөздер мен тұрақты сөз тіркестерін жинақтап, мәнін ашыңдар.
4. Автор кейіпкерлер бейнесін ашуда қандай көркемдегіш құралдарды қолданған?



5. Шалдың «Жылқы әулие, әулиеге тапсырдым» деген сөзінен не аңғардыңдар? Абай Құнанбайұлының «Аттың сыны», Ақан серінің «Құлагер» өлеңдерін оқып, атқа берілген сынды талдаңдар. Өңгімедегі атқа берілген сынмен салыстырыңдар.
6. «Шашты» әңгімесін Шыңғыс Айтматовтың «Боранды бекет» шығармасымен салыстырыңдар. Тұтқынға түскен кейіпкерлердің тағдырынан қандай ой түйдіңдер? Кестені толтырып, қорытынды ой айтыңдар.

Тасқұт	Жоламан
Шешім	



1. «Текежәуміттің айтулы бектері, бай-бағланы өз жүйрігі озғанын күтіп, жарысты есі шығып қызықтайды. Бәйгенің ең қызған шағында кертпағдай бұл қазақ бүлікшіл, өлермен халық екенін көрсет, менмен текежәуміт бектеріне атасын таныт! Сол сәт менің есіл өткен қайран өмірімнің құны толық ақталғаны! Қарағым, бұл тойда сен тәуекел деп бел буып, еліне қашасың!..» деген жылқышы шалдың арманын қалай түсінесіңдер? Өз сөздерімен баяндап беріңдер.
2. Өңгімедегі адамгершілік қағидалары көрініс табатын үзінділерді жинақтаңдар. Ол қағидаларды дәлелдер арқылы талдап жазыңдар.
3. Заманның өзгеруі ұлттық мінезге әсер ете ме? Жаһандану заманында ұлттық мінезді сақтап қалуға бола ма?
4. Жылқы малына қатысты нақыл сөздерді жинақтап, шығармамен байланыстырып, «Қазақ және жылқы мінезі» деген тақырыпта мақала жазыңдар.

АКТ құзіреттілігін арттыруға арналған тапсырма

Өңгімеде «Қай ноғайсың?» деп жөн сұрауының мәні неде? Қазақстан тарихына арналған кітаптардан мәліметтер жинақтап, қазақ пен ноғайдың байланысы жөнінде хронологиялық кесте құрастырыңдар.

Жағдаяттық тапсырма

Еуропа елдері жылқы индустриясынан пайда тауып отыр. Жылқы малын асылдандырудың ел экономикасына әкелетін пайдасы жөнінде шағын жоба жасаңдар.

Кері байланыс: «Ой сүзгі»

А.Кемелбаеваның «Шашты» әңгімесін оқып, талдап, жоғарыдағы тапсырмаларды орындағаннан кейін, төмендегі жүйе бойынша өз жұмыстарына рефлексия жасаңдар.



ТАЛАП СҰЛТАНБЕКОВ

(1930 жылы туған)



Талап Сұлтанбеков 1930 жылы Алматы облысының Ақсу ауданында мұғалімдер отбасында дүниеге келген.

Т.Сұлтанбеков – белгілі қаламгер, атақты акын Ілияс Жансүгіровтің немере інісі. Талап оқуын бітіргеннен кейін арнаулы орындар полигонның ошағы – Дегелең тауының түбіндегі Абыралы ауданының орталығы Қайнар ауылына жолдамамен мұғалімдік қызметке жібереді.

Жолдамамен барған жас мұғалім баспана таппай қиналып тұрғанда, Ілияс Жансүгіровтің туысы, акын Дәмеш Берсүгірованың ұлы екенін білген Сейітжан Тәберіков деген тарих пәнінің оқытушысы Талапты үйіне ертіп кетеді. Кейін Абыралыға ұлын іздеп барған қазақтың белгілі акыны Дәмеш Берсүгірова сол сапарының әсерінен полигон туралы поэма жазды.

Т.Сұлтанбеков «Жетісу» газетінде (1955–1959), «Білім және еңбек» журналында (1959–1969), «Қазақфильм» киностудиясында (1970–1985) әртүрлі қызметтер атқарды. 1985–1991 жылдары Бүкілодақтық «Киноорталық» бірлестігі қазақ бөлімінің директоры болды.

Шығармашылық отбасында, акын анадан туған жазушының алғашқы шығармалары спорт тақырыбына арналған. Ол – дойбы ойыны шеберлігіне үміткер, дойбы мен тоғызқұмалақтан Қазақ ССР-інің экс-чемпионы. Шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ ойындары бойынша республикалық категориядағы төреші және республикалық федерациясының мүшесі болды. Сондай-ақ «Шахмат ойнай білесің бе?» (1959), «Шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ» (1967) кітаптарының авторы.

Т.Сұлтанбеков қазақ әдебиетін ғылыми-фантастикалық шығармаларымен байытты. Оның ғылыми-фантастикалық шығармаларының тақырыбы алуан түрлі. Т.Сұлтанбеков – ұлттық әдебиетті жастар мен жасөспірімдерге арналған «Профессор Созаков» (1960), «Көшпелі алтын» (1961), «Лұқпан Хакім» (1966) жинақтарымен толықтырған қаламгер. 60-жылдары мерзімді басылым беттерінде жарияланған «Темір еліне саяхат» (1961), «Түс» (1961), «Мидағы жазу» (1962), «Хат» (1962), «Жүрек тулайды...» (1965), «Жалынды планета» (1965), «Ғажайып планета» (1966), «Қара музыка» (1966) ғылыми-фантастикалық әңгімелері мектеп жасындағы балаларды қиялға, арманға жетеледі.

Жазушының ғылыми-фантастикалық шығармалары оқырманын ғылымның сырын меңгеруге, адам миы арқылы табиғаттың құдірет күшін игеруге, кейбір жағдайларда оны бағындыруға жетелейді.

Т.Сұлтанбеков – КСРО Журналистер одағының мүшесі. Бірнеше жыл тоғызқұмалақ пен дойбыдан Республика бірлестігінің президенті болды. Жалпы, республикалық спорттық журналистиканың негізін салушылардың бірі.

Жазушы – бірнеше ордендер мен медальдардың иегері.



1. Жазушының ғылыми-фантастикалық жанрда жазылған шығармаларын атаңдар.
2. Жазушының атқарған қызметтері қай салаларды қамтыған?
3. Талап Сұлтанбековтің ұлттық ойындарымызды ұлықтауға қосқан үлесі қандай? Қандай ұлттық ойындарды насихаттаған?
4. Жазушының қай шығармасын оқыдыңдар? Қысқаша мазмұндап беріңдер.
5. Фантастика элементтері кездесетін ертегілерді атаңдар. Қай эпизодтарды мысалға келтіресіңдер?
6. Қазақ фантаст-жазушыларының қандай шығармаларымен таныссыңдар?

«Көшпелі алтын» әңгімесі

Фантастика (көне грек. – көзге елестету өнері) – өмір шындығын қиялмен әсерлі бейнелейтін жанр. Қазақ әдебиетінде фантастиканың жанр болып қалыптасуы – ХХ ғасырдың екінші жартысы. Ұлттық әдебиетте фантастика жанрын қалыптастыруға А.Машановтың сіңірген еңбегі көп. Фантастика жанрының дамуына М.Сәрсекке, Т.Сұлтанбеков, Ш.Әлімбаев, Т.Шаханов, А.Мархабаев, Ж.Сахиев және т.б. фантаст-қаламгерлер үлес қосты.

Талап Сұлтанбеков – қазақ әдебиетінде ғылыми фантастикаға алғашқылардың бірі болып қалам тартқан жазушылардың бірі. Ғылыми-фантастикалық шығармалар табиғаттың тылсым күшін игерудегі ғалымдардың тәжірибелерімен ұштасып отырады. Қаламгерлердің ізденісінен туған қиялдар – араға уақыт салып ғылымның жетістігіне айналуы заңды құбылыс.

Таудағы от



...Сәмен тау ішіндегі малшы ағасының үйіне қонаққа барған-ды. Совхоз орталығынан отыз шақырымдай жердегі мал отарына ол сенбі күні келіп, оқудан қалмас үшін совхозға дүйсенбі күні таңғы сағат бесте шығып кетті. Астында жүрдек торы айғыр. Асығыс келеді.

Сәмен Шыңбұлақ сайынан желе-жортып өте бергенде, кенет астындағы торы оскырынып жалт берді. Аяқастынан үріккен аттың жалын құшып қалған ол әнтек құламай қалды. Тізгінді күшпен тартып, торыны әзер тоқтатып, артына бұрылғанда тұла бойы түршігіп, шошып кетті. Қараса, сайды құлдилай жалт-жұлт етіп бір от келе жатыр екен. Үлкендігі аттың басындай. Балқыған қызғылт сары. Жер бетінен бір метрдей биікте ешбір сүйеусіз, ешкімнің көтеруінсіз қалықтап жүріп келеді. Жол-жөнекей ұшқын ұшып түсіп жатыр.

Тірек сөздер

мал отары
бір от
ескі аңыз
кедей жігіт
алтын
бір тамшы қан
хабар
алтынның көшуі

Бұл не деген керемет! Сәмен аузын ашып аңқып тұр. Қозғалуға дәрмен жоқ. Торы құлағын қайшылап, жер тарпып шегіне береді. Сәменнің ойына бір кезде атасынан естіген ескі аңыз түсті.

Көшпелі алтын! Бұл көшпелі алтын ғой! Ол ой түкпірін қазбалап, есіне аңызды түсіре берді.

...Бір кедей жігіт болған екен. Ол түнде ұйықтап жатса, үйіне көшпелі алтын кіріпті. Ол жалма-жан орнынан тұрып, алтынды кумақ болады. Сөйтсе, алтын «аяғын» сытыр-сытыр «басып» кірген есігінен қайта шығып кетіпті. Жігіт артынан қуа шығады. Алтын жайлап жүріп отырып, үй артына кетеді. Жігіт жанқалтасынан кездігін алады да, шынашағын тіліп жіберіп, кетіп бара жатқан алтынның үстіне бір тамшы қан тамызады. Сөйтсе, алтын сатыр-сұтыр етіп жарылыпты да, жерге сініп кетіпті. Жігіт үйден күрек әкеліп жалма-жан жаңағы жерді қаза бастайды. Белуардан қазғаннан кейін бір қоңыр тасқа паналаған ат басындай алтынды көріпті. Соншама мол қазынаға кенелген жігіт содан кейін байып кеткен екен дейді аңыз.

Не істеу керек? Аңыздағы сияқты қуайын ба, әлде қайда барар екен, бақылайын ба? Осы екі сұрақ Сәменді не ары, не бері жібермей арпалыстырып тұр. Бірақ ғажап көрініс оны күтпеді. Алтын сайды құлдилап келді де, суға енкейе құлап тұрған жақпартасты айнала беріп, ғайып болды.

Сәмен көп аялдамады, алтын қонған жерді белгіледі де қызыл арайла-нып келе жатқан таңды бетке алып, ауылына тарта жөнелді. Бір қызығы ол алтын ел аузында аңыз болған Шайтантау жақтан шығып еді...

* * *

«Сәмен көшпелі алтын көріпті» деген хабар Қоскөл орта мектебінің оқушыларын түгел дүрліктірді. Балалар тұрмақ, мұғалімдер де таңғалды. Сәменнің көргені не болды екен, бұл? Әлде бір ғажап құбылыс па, елес пе?

«Қорыққанға қос көрінген ғой, Сәмен өтірік айтады» десті кейбіреулері. Хабар ауыл адамдарына да тарады. «Көшпелі алтын» туралы



аңыз қайтадан жаңғырығып, үй-үйді кезе бастады. Әркім әр саққа жүгіріп айтты.

– Жарықтық кісі көзінен ұялады деуші еді, оны мыннан біреу ғана, басына бакыт қонатын адам ғана көреді екен. Сірә, Ақшал ұстаның баласы бакытты болар, – десті қариялар. Кейбір діни адамдар «Ол көрінген – шайтанның оты, қайта Сәмен аман қалған ғой» – десіп те қалды. Әуелі Сәменді көргендердің ішінен алтынның қалай көшетіндігін түсіндірмек болғандар да табылды. Олардың айтуынша, алтын жердің үстімен емес, астымен көшеді екен. Ал жер бетінен көрінетін алтынның нұры мен сәулесі, яғни буы ғана десті. Алтынды сәуле жоғалысымен қазу керек. Күн аралатуға болмайды. Ол бір орында көп жатпайды, көшіп кетеді деп те соқты.

Сәмен жасынан зерек, сезімтал бала еді. Ол ғылыми-көпшілік журналдар мен кітаптарды құныға оқып жүретін. Бірақ өз көзімен көрген бұл жұмбақ құбылыстың сырын бас қатырып қанша ойлағанмен, шеше алмады. Оның шын алтын екеніне сене де алмады. «Жердің астымен болсын, үстімен болсын, әйтеуір алтынның көшуі жай алыпқашты ертегі сияқты. Алтын көшті деген не сұмдық?! Мүмкін емес», – деп топшылады ол. Ал сонда менің көргенім не? Нұр ма, сәуле ме, от па? Егер осы үшеуінің бірі болса, жерді қазып не қылам?

Сәмен аз күн қалған каникулды күтті. Ондағы ойы бұл сырды ашуға алаңсыз кірісу еді.

Сөз қоржын

Жүрдек – ұшқыр, жүрісті, шапшаң жылдам.

Әнтек – бұл жерде: сәл ғана, болар-болмас, азғана.

Белуардан – орта белге дейін, орта белінен.



1. Сәмен қандай ғажайыпқа тап болды?
2. Көшпелі алтын туралы аңызда не айтылған? Сәменнің атасы айтқан осы аңызды әңгімелеп беріңдер.
3. Сәмен кездестірген ғажайып оқиға қайда орын алды?
4. Көшпелі алтында Сәменнің ерекше қызығушылық танытуын қалай түсіндіресіңдер?

Шайтантауға сапар

Қазақ – жер атауларын оның табиғи ерекшелігіне қарап қоюға шебер халық. Т.Сұлтанбековтің «Көшпелі алтын» әңгімесіндегі Арқарлы, Шыңбұлақ, Шайтантау – соның бір көрінісі.

Жазушының «Көшпелі алтын» әңгімесіне Сәменнің Шайтантауда көрген балқыған қызғылт сары оты негіз болған. Алтынның көшетіні туралы аңыз-әңгімелерді естіген балалар таудағы мол қазынаны іздеп шығады. Сәмен мен Қажытайдың табиғаттың құпия сырын ашудағы құштарлығы оларды ерекше құбылысқа кездестіреді.



...Үңгірдің кіреберіс аузы еңселі әрі жарық екен. Бірақ түп жағы түпсіз тұңғық сияқты қап-қара. Арттан найзағайлы бұлт пен жаңбыр қуған екеуі қараңғы үңгірді көріп, алғашында сезіктенген кейіпте біраз кібіртіктеп қалды. Бірақ көп тоқтап тұрған жоқ. Үңгірдің аузында жоғарыдан салбырап тұрған қызыл тасты паналап отыра кетті. Жаңбыр сол кезде бір-екі рет сатырлата төгіп жіберді де, кенет басыла қалды. Бұлт тас төбеден күркірей бастады. Аспан аунақшып, тау сілкінгендей естіледі. Жаркылдаған найзағай біресе неше тарам болып сатырлап, кейде окша атылып зуылдап, көктің жүзін айқыш-ұйқыш тілгілеп, ойранын салып жүр. Бірақ, бір ғажабы,

Тірек сөздер

үңгір
күркіреу
найзағай
жасыл от
күйген ніс
от көшу
сұлу көрініс

осы құбылыстың бәрі тек Шайтантаудың үстінде ғана сияқты. Нақ өші бардай-ақ жанталаса арпалысады. Кенет күннің күркіреп кеткені соншалық, үңгір үстіндегі жартас как жарылғандай жаңғырығып, тау ышқынып қозғалғандай болды. Сәмен Қажытай жаққа қарап еді, еріксіз шошып кетті. Оның қап-қара қайратты шаштары тікенекше көтеріліп, жасыл от лаулап тұр екен. Бұған қараған Қажытай да селк етті.

– Сәмен, сенің басыңда жап-жасыл от жаркылдап тұр ғой, – деді үрейленіп. Сәмен енді түсінді. Бұл таудың атмосферасы аса күшті электрленген ғой. Ол өз-өзінен тоназып қалтырап барады. Аузына темірдің таты сезілгендей, құлағы шу. Көз алдында дөңгеленіп кемпірқосақ оттары жылтырап өтіп жатыр. Сәмен мен Қажытай еріксіз бұға қалды. Шайтантаудың апшысын қуырып жіберген сол бір долы табиғаттың ашуы осы бізге келмеді ме екен деген ой сол сәтте екеуіне де оралып еді. Табиғат қанша долданғанмен, олар мылтықтарын құшақтап бүрісіп отыра берді. Мұрындарына жүрек айнытар қоңырсыған, күйген ніс келіп отыр олардың.



Сәменнің пығына басын сүйеп отырған Қажытай, әуелі қиялдап та отыр. Бәлкім, осы таудың асты түп-түгел алтын шығар. Ал мына үңгір соның есігі болуы мүмкін ғой.

Ол көзін жұмып жасыл нұр ойнаған үңгірдің ішін елестете бастады. Көз алдына бейне бір жаны бар алтынға толы ін келді. Үлкендігі аттың басындай созылып, аунақшып, дөнбекшіп жатыр олар. Қозғалып, жыбырлап, жорғалап жүр. Кейбіреулері тыныш жатыр. Қалықтай ұшып, ін арқылы сыртқа шығып, қайта кіріп жүрген қызық жәндіктер іспетті.

Кенет бүйірінен Сәмен түртіп қалды.

– Қажытай, ау, Қажытай! Ананы карашы. Ана сұмдықты кара, – деді ол. Қажытай көзін ашып жіберіп еді, алғашында сенбей қалды. Қараса, бағана өздері жүріп кеткен жазықта үңгірден екі жүз метрдей жерде тастардан бір метрдей көтеріліп қызыл-жасыл от кетіп бара жатыр. Жанағы елес пе деп қалған Қажытай көзін уқалап-уқалап жіберіп қайта карап еді, жоқ, елес емес, нағыз от, от көшіп бара жатыр оның алдында!

– Көшпелі алтын! – деп айқайлап жіберді ол. Сәмен оның аузын баса қалды.

– Тсс... Үніңді шығарма. Үркітіп аларсың.

Со кезде балалар отырған үңгірдің үстіндегі жартас тағы да сатыр-сұтыр ете қалды. Найзағай түскендегідей дыбыс естіліп, олар карап отырған жазықта екінші бір от пайда болды. Екеуі демін ішінен алып, айран-асыр болып отыр. Әдегенше болған жоқ, түсініксіз гүрсіл қайта қайталап, үшінші, содан кейін төртінші от пайда болды. Бәрі де бір бағытта және біркелкі қашықтықта сап түзеп кетіп барады. «Қандай керемет! Қандай сұлу көрініс! Бірақ мұнысы қалай?» – деп ойлады Сәмен. Найзағайдың разрядталуы, яғни бойындағы зарядын таркатуы бұлт пен бұлт арасында немесе бұлт пен жердегі бір зат арасында болушы еді ғой. Жартастың разрядталуы деген не сұмдық! Ол бағанадан бері болып жатқан жайды өзінше сарапқа салып, біршама түсініп отыр еді. Ал мына жағдай оны мүлдем шатыстырып жіберді. Ол өзінің найзағай, электр туралы тиіп-қашты оқығандарын жанталаса есіне түсіріп отыр. Алайда мына жұмбаққа жауап таба алатын емес. «Көшпелі алтындар» көз алдарынан жалт-жұлт етіп көлденеңдеп өтіп барады. Беталыстары – кішігірім бір дөнбектас. Олар жүріп өткен төрт-бес минут уақыт бұл екеуіне тым ұзақ болып көрінді. Шұбар дөнбектасқа ¹ таяй бере «алтын» шытыр-шытыр етіп барды да, лап етіп жарылды. Кейінгілері оның ізінше байыппен қалықтап жүріп келеді. Бірақ ешқайсысы да сұр тастан асқан жоқ. Бәрі де лап етіп жарылып, сөніп жоғалды.

¹ Дөнбектас – диаметрінің мөлшері 10 сантиметрден 10 метрге дейін баратын тау жыныстарының жұмырланған сынықтары.



Сөз қоржын

Темірдің таты – темірдің және темір тектес заттардың дымқыл ауада бүлінуінен болатын тотық, дат. *Бұл жерде:* темірдің татының дәмін айтып тұр.

Апшысын қуыру – бұл жерде: ауа райының бұзылуы, құбылуы.

Елес – сол сәтте көз алдында тұрмаған сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының санада қайта қалпына келтірілген бейнесі.

Сарап – сараптады, таразылады, түсінді мағынасында.



1. Әңгімеде берілген жер атауларының географиялық ерекшеліктерін анықтандар.
2. Бөрілі, Аюлы, Шыршалы т.б. жер атаулары туралы не білесіңдер? Білгендеріңмен бөлісіңдер. Бұл жерлер несімен ерекшеленеді?
3. Қажытай мен Сәмен барған үңгірдегі құбылыс туралы әңгімелеңдер.
4. Қалай ойлайсыңдар, құпия жұмбақтың шешуі не болуы мүмкін?

Үңгірдегі сыр

Шайтантаудағы құпия құбылысқа тап болған балалар үңгірдегі ғалымдардың зертханасын кездестірді. Таудағы үңгірде жұмыстарына сынақ жасап жатқан ғалымдардың тәжірибелері олардың қызығушылығын арттыра түседі. Балалардың көргені көшпелі алтын емес, бұлттан жасалған көшпелі найзағай болып шығады.

Жасанды найзағаймен тау-тасты бұзу осыдан жарты ғасыр бұрын адам қиялы болса, бүгінде шындыққа айналды. Қазіргі таңда ғалымдардың ғылыми тәжірибелерінің арқасында тауларды тесіп салған жолдар жетерлік.

Сәрсен мен Қажытай секілді туған жердің таңғажайып құбылыстарын зерттеу, әр жердің өзіндік ерекшелігін білу, олардың құпия-сырына үңілу – әрқайсымыздың міндетіміз. Туған жердің бір түйір тасы – біз үшін баға жетпес байлық. «Туған жер – алтыннан да қымбат» екенін түсінгеніміз абзал.



...Сәмен енді өзінің ойлары жөнінде ақылдасқысы келді. Ол сұрақты алыстан орағытты.

– Ағай, сіздердің осы ғылыми жұмыстарыңыз қандай пайда береді елімізге? – деді ол.

– Өте дұрыс сұрақ. – Әйтпнев көзін қысып жымиды да, диванға қайта отырды. – Ғылымға беретін бірінші пайдамыз, әрине, адам еркінен тыс табиғатта пайда болып жататын орасан мол электр қуатын кәдеге жарату, екінші – найзағайлы бұлттарға құрық салып, оны адамның дегеніне жүргізу. Үшінші – көшпелі найзағайдың қуатын пайдалану. Өздерің көрген жаңағы отын температурасы алғаш пайда болғанда мың градусқа жуық болды. Осындай найзағайлар жарылғанда, оның жарылу күші кәдімгі мылтық дәрісінің күшінен 50–60 есе артық. Ал ішкі атомдық ыдырауға түсетін найзағайдың қуаты бұдан жүз есе мол. Қаншама қуат, қандай тегеурін жапыр десеңші оның бойында! Кәне, қалай? Бұларды оп-онай қолдан жасасак, оның қуаты бізге үлкен

пайда бермей ме? Тағы бір қызықты жағдай – жер бетіндегі электр зарядтарының понданған ауамен әсерлесуі. Мұның да кейбір сырлары ашылуға жақын. Ол кезде біз электр тогын бір жерден екінші жерге сымсыз жеткізудің мүмкіндіктерін табамыз.

– Тағы бір сұрақ. – деді енді сөзге Қажытай араласып. – Қалай деп ойлайсыз, осы көшпелі алтын туралы аңызда негіз бар ма, жоқ па?

Әйтпиев көзін қысып тағы күлімдеп кетті.

– Әрине, алтын көшпейді. Бірақ аңызда негіз бар. Мәселен, бізден бұрын да басында найзағай ойнап келген Шайтантау, осы бір жақпартастар темір рудалы кварциттен тұрады екен. Ал алтын кварцитті кендерде болады ғой. Біз зерттеп карап едік, таудың астынан көп алтын таптық. Бұл алтынға бізді нұсқаған – найзағай. Сонымен бірге аңыздағы жігіттің де алтын табуы мүмкін. Бәлкім, ол ішкі магмадан теуіп, үстінгі қабатқа дейін ағып келген магнетитті өзекшеге (жилаға) тап болған шығар. Кейде ондай өзектерде де алтын кездеседі. Магнит өрісінің әсерінен көшпелі найзағай, мүмкін, сол жерде разрядталған шығар. Жігіт қазып жіберіп бұрыннан жатқан алтынға тап болған ғой...

– Жаңа, мына, Сәмен Тунгус апатын да осы найзағай негізінде тұған атомдық жарылыс деп қалды. Оған сіз қалай қарар едіңіз? – деді Қажытай Әйтпиев бола бергенде.

– М-м-м... Қалай деуге болады мұны? Ол жерде атомдық жарылыс болғаны айқын. Және найзағай негізінде де болуы ғажап емес. Найзағай дегеніміз – зарядтар тебісі, тартысы болса, солай болмағанда қалай болады?

Әйтпиев Сәменге қарады.

Тірек сөздер

ғылыми жұмыс
электр қуаты
магнит өрісі
көшпелі
найзағай
жарылыс
қонақ болу
қоштасу
құрылысы



– Сен өзін көп оқып әуелі гипотеза ұсынғандай түрің бар ғой. Азамат! Екеуің де азаматсың. Әрдайым, міне, осылай ойлап, қиялдап жүрген жақсы болады. Сендердің бұл лабораторияға келіп қонақ болғандарына біз де өте қуаныштымыз. Менің айтқан әңгімелерім далаға кетпеген сияқты.

Сол кезде есік ашылып, бөлмеге Галузо енді.

– Жолдас Әйтнев, машина келіп тұр. Балаларды қайтару керек шығар, – деді.

Сәмен мен Қажытай көп қарайлаған жоқ. Лаборатория тұрғындарымен жылы қоштасып, тез жүріп кетті. Жүрдек ГАЗ-69 жүйткі жөнелді. Артта бұлтқа оранған найза тасты Шайтантау қол бұлғап қала берді...

Шайтантау бұлыңғырланып алыстап ұзай бергенмен, Сәменнің басындағы қиял қайта толысып, өресі кеңі бергендей. Оның басына көшпелі найзағай туралы нақтылы әрі берік тұжырым орнап қалған-ды. Иә, көшпелі найзағай тектен-тек пайда болмайды. Оның негізі, оны тудыратын бір себеп болуы ықтимал. Ол қандай себеп? Ол ма, ол – аспаннан күн сайын жауып тұратын миллиондаған метеорит түйіршіктер. Олар болмаса, көшпелі найзағай да тумайды.

Не себепті осы көшпелі найзағайлар Сібір жақта көп? Жердің экваториялық немесе азиялық бөліктерінде ол өте сирек кездеседі. Оның да жауабы бар. Өйткені Жердің өзін-өзі айналу жағдайына қарай атмосфераның қозғалысы да әртүрлі ғой. Жердің қушық жағында атмосфера көп қозғалады. Қою болады. Сол себепті де ауамен ілесіп, ол жаққа метеорит көп жауады.

Сәмен өз қиялынан өзі тамаша қуанышқа бөленгендей үлкен ләззат алды...

Осы кезде арт жақтан гүрс-гүрс жарылыстар естілді. Балалар машинаның терезесіне таласа бастарын сұғып, тағы да бір ғажап көріністің куәсі болды. «Көшпелі алтындар» бірінен соң бірі қаздай тізіліп үлкен жартасты беттеп барады екен. Алдыңғылары тасқа жете бергенде сатыр-күтір дыбыс естілді де, сол манай түгел қопарылып түсті. Бұлар тауды үнгіп жол салып жатқан құрылысшы «көшпелі алтындар» болатын.

Сөз қоржын

Кәде – бұл жерде: пайдасына асыру, қажетіне жарату.

Жақпартастар – мұздықтардың жылжуы барысында қалыптасқан, өңірден алыс аймақтарға жылжып кеткен, тұрқы жүздеген, қалыңдығы мыңдаған метрмен өлшенетін геологиялық денелер.

Магма – Жердің терең қойнауларында пайда болатын қоймалжың зат; силикат құрамды балқыған масса.

Гипотеза – нысанның, құрылыстың себебі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік беретін пайымдаулар мен ой-тұжырымдар жүйесі, ғылыми ойлаудың бір сатысы.



1. Физика ғалымдарының қазіргі таңдағы жетістіктері туралы не білеміз?
2. Қиял мен ғылымның аражігі қандай?
3. Үнгірде қандай сыр жасырылған екен?
4. Бұл сырды Әйтнев қалай түсіндірді?

«Көшпелі алтын» шығармасын қорытындылауға арналған тапсырмалар



1. Ғылыми-фантастикалық жанр дегеніміз не? Әңгімедегі ғылыми-фантастикалық жанрға тән ерекшеліктерді атаңдар.
2. Сәмен бейнесін ашатын үзінділерді жинақтап, мінездеме беріңдер.

Өмірлік ұстанымы	Іс-әрекетіне сипаттама	Мінездеме

3. Үнгірдегі адамдар кімдер? Олардың мақсат-мүддесі қандай? Өз ойларыңды дәлелдермен негіздендер.
4. Шығармадан көшпелі алтынға қатысты пікірлер мен аңыздарды жинақтап, «Көшпелі алтынның құпиясы» тақырыбында аңыз құрастырып көріңдер.



1. Әңгіменің мазмұны бойынша күрделі жоспар құрыңдар.
2. Шығарманың құрылысына талдау жасаңдар.
3. Әңгімеде қолданылған көркемдегіш құралдардың орнын анықтап, қолданысына талдау жасаңдар.
4. Әлем әдебиетінде фантастикалық шығармалардағы кенінен талқыланатын тақырыптардың тізімін жасаңдар. Бұл тақырыптарға жазушылардың неліктен жиі қалам тербейтінін түсіндіріңдер.
5. Жазушы шығармасын неге «Көшпелі алтын» деп атаған? Әңгімеден алған әсерімізді білдіре отырып, шығарманың негізгі идеясы туралы тұжырым жасайық.



1. Алтынның түрлері мен қызметі туралы теориялық мәліметтер мен аңыз-әңгімелерді салыстырып, айырмашылықтары мен ұқсастықтарын саралап, шағын жоба жұмысын әзірлендер.
2. Алтынға қатысты халық аузындағы нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерді жинақтап, нақыл сөздердің шығу төркінін қарастырыңдар.
3. «Жастардың ғылыми ізденісі – ел болашағы» тақырыбында әдеби эссе жазыңдар.

АКТ қүзіреттілігін арттыруға арналған тапсырма

«Көшпелі алтын» деген шағын әңгімемен таныстыңдар. Әңгімеде көшпелі алтынды қалай тоқтатуға болатыны жазылған. Бұл қаншалықты шындыққа жанасымды? Әлде тек аңыз ба? Осы жөнінде ғылым не дейді?



Жағдаяттық тапсырма

1. География пәні мұғалімі оқушыларға Қазақстанда алтын өндірілетін аймақтардың картасын жасап, алтын өндіру технологиясын сызбаға түсіруді тапсырды. Алтын өндіру туралы не білесің? Ізденіп, осы сызбаны жасап көріңдер.

2. Бүгінгі таңда табиғаттың өз-өзін қалпына келтіруге неге күші келмей жатыр? Қазба байлықтарын сақтаудың жолын көрсететін жоба ұсыныңдар.

Кері байланыс: «Емен»



Қолымнан келеді:

-
-

Мақсатқа жету үшін жасалған қадамдарым:

-
-
-

Күткен нәтиже:

-

ОРАЗАҚЫН АСҚАР

(1935–2019)



Оразақын Асқар 1935 жылы Қытай Халық Республикасының Іле аймағында дүниеге келген.

Бастауыш сыныпты Сарыбұлақ мектебінде оқып, Құлжа қаласындағы гимназияда білім алған. 1951 жылы Үрімші қаласында ашылған Ұлттар институтының тіл және әдебиет факультетіне түсіп, екінші курстан кейін «Шыңжаң газеті» редакциясында қызмет атқарады. Сол кезден бастап газет-журналдарда өлеңдері жариялана бастайды.

1955 жылы ата-баба мекені Қазақстанға көшіп келеді. 1961 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітіреді. 1955 жылы жарық көрген «Қос жүрек» атты жас ақындардың жинағына өлеңдері енген.

1964 жылы ақынның «Тұңғыш» атты өлеңдер жинағы жарық көрген. Одан кейінгі жылдары «Мейірім» (1975), «Күнгей» (1975), «Ләйлә» (1977), «Көкорай» (1979), «Балқарағай» (1981), «Сәулет» (1984), «Таудай бол!» (1984), «Белжайлау» (1985), «Өркеш» (1987) атты өлең кітаптары қолына тиді. Ал тәуелсіздік тұсындағы ұлттық әдебиетті «Баркөрнеу» (1992), «Керімсал» (1994), «Жарапазан» (1995), «Орбұлақ» (2000), «Тәуелсіздік тартулары» (2001) және т.б. жырларымен байытты.

Акын қаламынан туған балаларға арналған өлең-жырлары да жетерлік. Олардың қатарында «Суретті әліппе» (1996), «Әріптер әлеміне саяхат» (1999), «Сүт сыйлықтары» (2005), «Ұлттық ойындар» (2005), «Әріп – дыбыстың таңбасы» (2005), «Елеулі елу ертегі, жебедей жетпіс жұмбақ» (2007), «Ақша туралы ақиқат» (2008), «Логопедтік әліппе» (2008) және басқа жыр жинақтарын атауға болады.

Оразақын Асқар Қазақ КСР Ғылым академиясының Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, этнография және археология институтында кіші ғылыми қызметкер, Қазақстан Жазушылар одағының көркем әдебиетті насихаттау бюросында нұсқаушы, Мемлекеттік Кітап палатасында бөлім меңгеруші, «Жалын» баспасында аға редактор қызметтерін атқарған.

Сонымен бірге ол қазақтың кара өлеңін жинап, екі том етіп бастырды («Қара өлең» (1989, 1997). «Әдеби мұра» бағдарламасымен «Әлем балалар әдебиетінің» қазақ тіліндегі елу томдығын шығаруға атсалысты.

А.Оразақын – 1996 жылдан Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының мүшесі, ҚР Мәдениет қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, «Ерен еңбегі үшін», ҚР «Тәуелсіздіктің 10 жылы» медальдарының, ҚР «Құрмет» орденінің, Мұқағали атындағы сыйлықтың иегері.

- ?! 1. Ғылым, мәдениет, өнер, әдебиет төңірегінде жетістікке жеткен шеттен келген бауырларымыздан кімдерді білесіңдер?
2. Оразақын Асқардың өмір жолы мен шығармашылығына шолу жасаңдар.
3. Акынның балалар әдебиетіне қосқан үлесі қандай?

«Шетте жүрген бауырларға» өлеңі

Ел басына күн туған аумалы-төкпелі замандарда қаншама бауырларымыз кіндік қаны тамған ата-баба қонысынан ауа көшті. Бүгінде олар әлемнің түкпір-түкпірінде тұрып жатыр.

Еліміз тәуелсіздік алғанда сыртта жүрген бауырларымыз өз қуаныштарын жеткізіп, жеделхат жолдап жатты. Елден жырақта жүргендер азаттықтың, тәуелсіздіктің қадір-қасиетін бағалай білді. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев жырақта жүрген ағайындарды атажұртқа көшіріп алып келуге ынталы болды. Бүгінде алыс-жақын шетелдерде жүрген бір миллиондай қандастарымыз байырғы Отанына қоныс аударды.

Оразақын Асқардың балалық шағы Шығыс Түркістан өлкесінде өткен. Жырақта жүріп атамекеннің қадір-қасиетін түйсінген, азаттықты аңсаған бауырымыз атажұртқа алғашқылардың бірі болып келді. Өлеңдерінің дені туған жерге деген сағыныш саздарын құрайтын ақын шетелде жүрген бауырларына «Туған жерге ту тігу» керектігін өлеңге орап жеткізді.

О.Асқар «Шетте жүрген бауырластарға» атты өлеңінде қазіргі таңның басты мәселесін көтерген. Өлең қоныс аударып, өзіндік мансап пен байлықтың соңынан кетіп, сол жолда атажұртын дүниеге алмастырған қандас бауырларымызға

ой салады. Ақын мақсаты қоныс аударушыларды сын астына алып, ащы сөзбен мінеу емес, керісінше жеріміздің, еліміздің көркейе түсуі біздің қолымызда екенін баса айтады.

Ұрпақтарының бір аспанның астында болуын қалаған ақын сол жолды арман еткен ата-бабаларымыздың мирасын сақтау үшін бірлікке, өз жерінің қожасы екенін ұғып, сол жердің болашағы үшін тер төгуге шақырады. Ақын оқырмандарға бейбіт күнде, әнұранымыз қалықтаған аспан астында оянудың орны бөлек екенін жеткізе білді.



Шетелге кетсеңдер де бауыр басып,
Құтты орын тепсеңдер де ауырласып.
Атажұрт шақырады тұқымым деп,
Құшағын байтақ дала, тауың да ашып.

Тірек сөздер

атажұрт
атақ-даңқ
қармақ
тер төгу
әнұран
мемлекет

Бөленіп онда бәрің байлық, баққа,
Тіпті не болсаңдар да атақ-даңққа,
Бірге ұрпақ барсын жарқын болашаққа,
Бұрындар көшті атамекен жаққа.

Қазағын жетті ежелгі арманына,
Жағдайдың қарамаңдар бар-жоғына,
Ілінбеу үшін елдік бірлік керек
Ешқашан енді ешкімнің қармағына.

Уақытша көрсеңдер де қиыншылық,
Мың артық күн кешуден қорқып-бұғып.
Қожа боп өз жерінде өз еліңе
Не жетсін тер төгуге соны ұғып.

Астында өз аспаның, өз туыңның,
Өз ауа, нәрін жұтып өз суыңның.
Қандастар қапы қалма, орны бөлек
Күнде өз әнұраныңмен оянудың.

Мәнге не сәттерің көп елде өтетін,
Озбыр жоқ сыбағаннан кенде ететін.
Бәріміз ұйымдасып көркейтейік
Қазақтың бейбіт, дербес мемлекетін .





1. Акын шетте жүрген қандастарды неге атажұртқа оралуға шақырады?
2. Шығармада ұлттық рәміздер берілген шумақты жаттап алыңдар.
3. «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деген мақалдың мәнін терең ашыңдар.
4. Акынның пікірінше елдің ынтымағы не?
5. Еліміздің егемендік алған кезіне шолу жасаңдар.
6. Шетте жүрген қандастарды көк тудың астына жинауда қандай мән бар?
7. Өлеңде айтылған ой мен төменде берілген суреттерді байланыстырып, өз ойларыңды ортаға салыңдар.

«Шетте жүрген бауырларға» өлеңін қорытындылауға арналған тапсырмалар



1. Шығарманың жанры қандай? Бұл жанрға тән ерекшеліктерді анықтандар.
2. Өлеңнің басты идеясы қандай? Қандай мәселе қозғалған?
3. *Қандастар* деп кімдерді айтамыз? Қандастарымызды *ораман* деп атау дұрыс па? Өз ойларыңды білдіріңдер.
4. Шетелдегі қандастар туралы қандай мәліметтер білесіңдер? Олар қай кезден бастап атамекенге орала бастады? Қандастарымыздың елге оралу кезеңдерінің хронологиялық кестесін құрыңдар. Қанша қазақ елге келді? Қанша қазақ сыртта жүр?
5. Барлық қандастарымызды елге жинау мүмкін бе? Шеттегі қазақтардың елге оралуынан ұтарымыз не?
6. Өлеңдегі негізгі ойды ашатын үзінділерді пайдаланып, «Қандастарымызды елге шақырамыз» тақырыбында үндеу жазыңдар.



1. Акынның қандастарымызды елге шақырудағы мақсат-мүддесі қандай? Қандай негіз келтіреді? Кестеге жазып көріңдер.

1-негіз	2-негіз	3-негіз

2. Өлеңде автор қолданған көркемдегіш құралдарды ажыратып, қызметі мен орнына талдау жасаңдар.
3. Өлеңде автор бейнесі қалай көрініс табады? Акынды шетелдегі қандастардың тағдыры неге алаңдатады? Қандай байланыс бар?
4. Төменде берілген Күн мен Ай суретін пайдаланып, «Туған жер» тақырыбына әңгіме құрастырыңдар немесе өлең жазып көріңдер.



5. Шетелдегі қандастарымыз туралы мәліметтерді жинақтап, графикалық мәтін құрандар. Қай өңірде бауырластарымыз көп орналасқан?
6. Маңғыстаулық ақын Сабыр Адайдың «Өр қазақ – менің жалғызым» деген сөзін тақырып етіп алып, өлең құрастырып көріңдер.
7. Расул Ғамзатовтың 6-сыныпта өткен «Менің Дағыстаным» әңгімесін еске түсіріңдер. Екі шығармаға ортақ мәселені анықтаңдар. Мәселені шешу жолын көрсетіңдер.



1. Шетелдегі қазақтарды көк тудың астына жинауда қандай іс-шаралар атқарылып жатыр?
2. Елге оралған қандастарымыздың жағдайы қандай? Оларға көрсетілетін қолдау мен көмекке баға беріп, өз көзқарастарыңды білдіріңдер. Кестені басшылыққа алыңдар.
3. «Қазақстандағы этникалық көші-қон мәселесі қай бағытта дамуы керек?» сұрағы бойынша жоспар құрыңдар.
4. Еліміздің тәуелсіздік алуы шеттегі қандастарға қалай әсер етті? Тәуелсіздіктің қандастарымызды елге оралтуға тигізген септігі қандай?
5. Шетелдегі қазақтардың тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті, салт-дәстүрі туралы деректер жинастырып, оны өз елімізбен салыстыра отырып, «Қиырдағы қазақтар» тақырыбында мақала жазыңдар.



Жағдаяттық тапсырма

«Болашақ» бағдарламасымен Англияда оқып жатырсың. Студенттердің арасында ұлты қазақ, бірақ сол жердің азаматы да оқиды. Оны атажұртқа қалай тартушы едіңдер? Қазақ елін, қазақ жерін қалай таныстырар едің?

Таным көкжиегі: Мәдени мұра



«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында жарық көрген жүзтомдық «Бабалар сөзі» сериясының (2013) он томын Қытай қазақтарының фольклорлық мұралары құрады. Мұндай ауқымды дүниелер әдеби, мәдени әлеуетімізді көтеруге септігін тигізді.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты шетелдегі қазақтардың мәдениеті мен әдебиетін жинау, зерттеу мақсатында ғылыми экспедициялар ұйымдастырды (2012–2014). Солардың нәтижесінде «Шетелдегі қазақ фольклоры», «Шетелдегі қазақ әдебиеті», «Шетел қазақтарының өнері» тәрізді ұжымдық зерттеулер жарық көрді.

Кері байланыс: «Жер кыртысы»

Оразақын Асқардың «Шетте жүрген бауырластарға» өлеңі бойынша жинаған білім қорымыз, тапсырмаларды орындау барысында қандай көңіл күйде болғанымыз, топта, жұпта қалай жұмыс жасағанымыз туралы ой қорытайық.



III БӨЛІМ БОЙЫНША БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ

1. Кенжебектің қасындағы үзенгілес серігі кім?
 - а) ноғай;
 - б) Атажан;
 - ә) түрікмен;
 - в) Тасқұл.
2. Тасқұл қарттың сөзін табыңдар.
 - а) «Қанлы ішінде қай аталық?»;
 - ә) «Ат басы мен ер басы қайда қалмайды?»;
 - б) «Жал-жал құм арасына қаш!»;
 - в) «Әр түлкі өз құйрығын мақтайды».
3. Түрікмендерде баланың есіміне құл сөзін қандай жағдайда жалғайды?
 - а) тұтқынға түскен балаларға;
 - б) жесірдің баласына;
 - ә) анасы бөтен елден болса;
 - в) таза түрікмен баласына.
4. Ел аузында аңыз болған жер атауын атаңдар.
 - а) Тунгус;
 - б) Қоскөл;
 - ә) Сібір;
 - в) Шайтантау.
5. Сәменнің ойынша, көшпелі найзағайдың пайда болуына қандай фактор әсер етеді?
 - а) желдің әсері;
 - ә) аспаннан күн сайын түсетін метеорит түйіршіктері;
 - б) алтын кен орындары;
 - в) бұлттардың көшуі.
6. Қай мәлімет Сәменнің атасынан естіген аңызына сәйкес келеді?
 - а) алтын жердің астымен көшеді;
 - ә) алтынды басына бақ қонған адам ғана көреді;
 - б) көшпелі алтынды тамшы қан тоқтатады;
 - в) көшпелі алтын – шайтанның оты.
7. Жасанды найзағай қандай мақсатта қолданылды?
 - а) жауын жауғызу мақсатында;
 - б) метеориттер түсіру үшін;
 - ә) тау-тасты бұзу үшін;
 - в) зерттеу жүргізу мақсатында.
8. Оразақын Асқардың «Шетте жүрген бауырларға» өлеңі қандай ұйқасқа құрылған?
 - а) шұбыртпалы ұйқас;
 - б) егіз ұйқас;
 - ә) шалыс ұйқас;
 - в) кара өлең ұйқасы.
9. «Құшағын байтақ дала, тауың да ашын» деген өлең жолында көркемдегіш құралдың қай түрі қолданылған?
 - а) кейіптеу;
 - б) метонимия;
 - ә) теңеу;
 - в) метафора.
10. «Бірге ұрпақ барсын жарқын болашаққа,
Бұрыңдар көшті атамекен жаққа» деген өлең жолдарында қай тәсіл қолданылған?
 - а) анафора;
 - б) ассонанс;
 - ә) эпифора;
 - в) аллитерация.

Жазбаша жауап беріндер

1. Тасқұл қарттың «Тегін сұраған жат болмайды» деген сөзінде не мән бар? Қазақ халқының туыстығы жөнінде ой білдіріңдер.
2. Қазақ пен түрікменге ортақ дүние қандай? Түрікмендер дегеніміз кімдер? Тарихи тұрғыда қарастырыңдар.



3. Әйтпестің айтуыңша, олардың ғылыми жұмыстары елге қандай пайда әкеледі екен? Бүгінгі таңда бұл мәселе өзекті ме? Еліміздегі баламалы электр көздерін қолданудағы нәтижелерге тоқталып өтіңдер.
4. Шетте жүрген бауырлардың атамекенге оралуы қай кезден басталған еді? Ұлы көштің басталуына не түрткі болды?
5. Сәмен мен Қажытайдың көшпелі алтынға қатысты өз гипотезаларын ұсынғанын профессор қалай бағалады? Жастардың көшпелі алтынды зерттеуге деген қызығушылығының артуына не себеп болды?
6. Еліміздегі ғылымның дамуында қандай жаңалықтар орын алуда? Бүгінгі жастардың ғылымға, зерттеу жүргізуге деген қызығушылығы қаншалықты? Сендерді ғылымның қай саласы көбірек қызықтырады?
7. Шығарма қалай аяқталады деп ойлайсыңдар? Өз болжамдарың бойынша оқиғаның шешімін жазып көріңдер.
8. Тасқұл қарттың баланы туған еліне қайтаруды мақсатты түрде жоспарлауын қалай түсіндіресіңдер? Оған себеп болатын бірнеше факторларды атаңдар.

Екі тақырыптың бірін таңдап, эссе жазыңдар

1. «Шашты» әңгімесінің көркемдік ерекшелігі» тақырыбында әдеби эссе жазыңдар.
2. «Қазақстандағы ғылым мен өнертабыс әлеміндегі жаңалықтар» тақырыбында мақала жазыңдар.



IV бөлім



ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ

Халық тарихы оның ұлттық әдебиетінен де орын алады. Санғасырлық тарихымыз әдеби шығармаларда көркем шындыққа айналады. Қай дәуірді алсаңыз да, сол дәуірдің ірі-ірі оқиғалары мен тарихи тұлғалары тарихта қалып, олардың көркем бейнелері ұлттық әдебиетте сомдалған. Сондай тарихи тұлғалардың бірі – Тұрар Рысқұлов пен Ғабит Мүсірепов. 1930 жылдардағы қазақ даласын жаппай жайлаған ашаршылық кезіндегі Тұрар Рысқұловтың ерлігін қазақ халқы ұмытпақ емес. Сталинмен бетпе-бет кездесіп, шалғайда жатқан халқының трагедиясын жеткізген, оны оң шешуді талап еткен қоғам қайраткерінің жанкешті ерлігі Ш.Мұртазаның «Бесеудің хаты» драмалық шығармасында шынайы қалпында бейнеленеді.

Ақын Ж.Бөдешұлының «Жалғыз» поэмасын оқу арқылы «Жалғыздың жары – Құдай» екендігіне көзіміз жететін болады.

ШЕРХАН МҰРТАЗА

(1932–2018)



Шерхан ағамыз бүгінгі таңдағы іші де, сырты да қырық құбылып жатқан заманда менің көзіме сонау ертеде, қазақты қазақ атандырған дәуірде туып, қазіргі қазақтарға үзгі етер тұлға боп көрінеді.

Фариға ОҒАРСЫНОВА

Шерхан Мұртаза 1932 жылы Жамбыл облысы, Жуалы ауданында дүниеге келген. 1950 жылы орта мектепті бітірген ол Москва полиграфия институтының редакциялық-баспалық факультетіне оқуға түседі. 3-курсан М.В.Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне ауысып, оны 1955 жылы тамамдады.

Еңбек жолын баспа редакторлығынан бастаған Шерханды бір жылдан кейін республикалық жастар газетінің редакциясына шақырады. Содан бастап Ш.Мұртаза «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш»), «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан»), «Қазақ әдебиеті» газеттерінде әдеби қызметкер, редактор болды. «Жазушы» баспасында, «Жалын» альманахында, «Жұлдыз» журналында бас редактор (1980–1989), Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік телерадио компаниясының төрағасы қызметтерін атқарды және ҚР Парламентінің Мәжілісінде депутат болды.

Осы жылдары ол қазақ әдебиетінің рухани қорын «Құрылысшы Дәку» (1958), «Табылған теңіз» (1963), «Бұлтсыз күнгі найзағай» (1965), «Белгісіз солдаттың баласы» (1967), «Мылтықсыз майдан» (1969, 1977), «41-жылғы келіншек» (1972), «Ахметжанның анты» (1973), «Интернат наны» (1974), «Қызыл жебе» (1978, 1980), Екі томдық таңдамалы шығармалары (1982), «Тұтқын бала» (1983), «Қара маржан» (1976), «Жүрекке әжім түспейді» (1987), «Жұлдыз көпір» (1984, 1991), «Не жетпейді?» (1990), «Тамұқ» (1994), «Ай мен Айша» (1997), «Елім, саған айтам, Елбасы, сен де тыңда!» (1998), «Акындар мен әкімдер» (2002) атты кітаптарымен байытты. Оның туындылары көптеген шетел тілдеріне аударылды.



Ш.Мұртаза Г.Х.Андерсеннің әңгімелерін, венгер халық ертегілерін, Ш.Айтматовтың «Ботагөз», «Қош бол, Гүлсары», «Теңіз жағалай жүтірген тарғыл төбет», «Боранды бекет», «Жанпида» шығармаларын, Мұстай Кәрімнің «Біздің үйдің қуанышы» повесін, Э.Эрскиннің «Марыкчан балалары» романын, Л.Лагиннің «Хоттабыч карт» повесін қазақ тіліне тәржімеледі.

Жазушы «Қара маржан» романы үшін 1978 жылы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты болды. Қаламгер Қазақ КСР-іне еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Қазақстан Республикасының халық жазушысы, Қырғыз Республикасының халық акыны, «Тарлан» тәуелсіз сыйлығының лауреаты, «Құрмет белгісі» және «Отан» ордендерінің иегері.


Ш.Мұртаза 2018 жылы қайтыс болды.



«Сталинге хат» спектаклінен кейін. Солдан оңға қарай: режиссер Р.Сейтімбетов; Сталин – артист Т.Пірімжанов; жазушы – Ш.Мұртаза; Тұрар Рысқұлов – артист А.Бектеміров



1. Шерхан Мұртаза өзінің еңбек жолын қайдан, қай саладан бастаған?
2. Жазушы қазақ әдебиетінің қоржынын қандай шығармалармен толықтырды?
3. Шерхан Мұртаза Әлем әдебиеті өкілдерінен кімдердің шығармаларын қазақ тіліне аударды?
4. Ш.Мұртаза шығармаларын жанрға бөліп топтастырыңдар. Үлгі :



Ш.Мұртазаның драмалық шығармалары



«Сталинге хат», «Бесеудің хаты» бір тақырыпты – халықтық трагедияны екі тарихи тұлғаның өмірлік шындығы арқылы көрсетуге құрылған драма-диалогия¹.

Қалтай МҰХАМЕДЖАНОВ

Шерхан Мұртаза – қазіргі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі. Ол әдебиеттің публицистика, көркем аударма, драматургия жанрларына зор үлес қосты.

Әдебиетке 50-жылдардың сонын ала келген жазушы бүкіл шығармашылық жолында XX ғасырдың әр алуан аумалы-төкпелі кезеңдеріне сын көзбен қарап, сыншыл еңбектер жазуымен көзге түсті, оқырман ілтипатына бөленді.

Шерхан Мұртаза – «Сталинге хат», «Бесеудің хаты», «Жалғыз үйлік зіпала», «Есек саудасы», «Домалақ ана», «Ноқтаға басы сыймаған» атты пьесаларымен қазақ сахнасын байытқан драматург.

«Сталинге хат» пьесасындағы Сталин мен Рысқұловтың диалогтерінің ауырлығы сонша, олардың әрбір сөзінің астарында үлкен ой бар. Жалпы пьеса осындай астарлы ойлар қактығысына құрылған. Әсіресе «Сахнаның екі жағынан қара кпінген екі адам шығып, Рысқұловқа жақындай береді» деген соңғы шешімнің өзі астарлы. Автор бұл Рысқұловтың уақытша жеңісі екендігі, оның алдында 1937-нің трагедиясы күтіп тұрғанын меңзейді. Осы жөнінде шығарма авторы: «Қара көлеңкеде екі адамның сұлбасы көрінуі – Т.Рысқұловтың жазықсыздан-жазықсыз жала құрбандығы болатындығын көрермендер есіне салуды дйттейді», – деген болатын.

«Жалғыз үйлік зіпала» пьесасы – қаламгердің соңғы жылдарда мерзімді баспасөз беттерінде көтеріп жүрген өзекті мәселелерін жинақтап,

¹Диалогия (грек. di – екі рет, logos – сөз) – сюжеті, мазмұны бір-бірімен байланысты, негізгі кейіпкерлері ортақ екі кітаптан тұратын әдеби шығарма.

сахнаға шығаруды көздеген туындысы. Қазақстанның астанасында болып жатқан, бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналған, бірақ шешімін таппаған: тұрғын үй, көкек аналар, мансапқорлық пен паракорлық, қазақ демографиясы сынды мәселелердің сахнаға топтастырылуы – үлкен еңбектің нәтижесі. Жариялылықты (демократия) пайдаланып көбейе бастаған партиялардың мақсат-мүддесін автор «Қара теке», «Көк есек», «Қарға», «Ақ аю», «Арыстан», «Әтеш» сынды партияларға сыйғыза білген. Сол партиялардың әрекеттерін бірде жеңіл күлкімен, енді бірде ащы мысқылмен әшкерелеуде ирония мен сарказмды, сатираны шебер пайдаланған. Сайқымазақ күлкімен-ақ терең ойға жетелейтін «Жалғыз үйлік зілзала» пьесасы – бүгінгі қазақ драматургиясы мен сахнасына қосылған әсерлі шығарма.



1. Шерхан Мұртаза шығармалары қай жанрларды қамтиды?
2. Жазушының пьесаларын атаңдар.
3. «Жалғыз үйлік зілзала» пьесасында қандай мәселелер қозғалған?

«Бесеудің хаты» драмасы



Мен жазушы адаммын. Менің қаруым – қолымдағы қаламым! Білкім, қызметімді тартып аларсыңдар, бірақ менің қаламымды ешкім де тартып ала алмайды.

Шерхан МҰРТАЗА

Жазушы проза жанрында үлкен табысқа жеткізген өзінің сүйікті кейіпкерін сахнаға алып келді. «Қылкөпірдің» соңғы тарауларына арқау болған Сталин мен Рысқұлов арасындағы тартысты диалогтер сахнаға сұранып тұрғандықтан, жазушы осы сәттік көріністі сахналады. «Сталинге хат» пьесасынан бірінші көзге түсетін мәселе – жазушы романда тоқталмаған жайттарға кеңінен орын бергендігі. Ашаршылық жылдарындағы ел ішінің жағдайы пьесада ашыла түскен. Мұнда да негізгі кейіпкерлер – романдағы жандар. Сонымен бірге иман, уәкіл сынды кейіпкерлер қосылған. Жазушы соңғы екі кейіпкерді елдегі жайды көрсету үшін алған. Оқиға Сталиннің кабинетінде, Рысқұловтың үйінде, елде – үш жерде қатар өрбиді.

Пролог



Кремль. Сталиннің кабинеті.

Сталин. ...Неге біз жағдайды Қазақстандағы Голощекиннен емес, Мәскеудегі Рысқұловтан білеміз? Неге сенен басқа ешкім ләм демейді?

Рысқұлов. Менен басқалар да Қазақстандағы өрескел бұрмалаушылықты Сізге жеткізуге тырысқан. Бірақ олардың дауысы Сізге жетпей жатыр.

Сталин. Қалайша?

Рысқұлов. Мысалы, жазушы Ғабит Мүсірепов бастаған бес адам Сізге хат жазған. Бірақ... хат ұсталған...

Сахна қараңғы тарта береді. Дамбыра «Қоңырды» аңыратады.



БІРІНШІ БӨЛІМ

Бірінші сурет

Алматы. Казкрайком. Голощекиннің кабинеті. Кезектен тыс шұғыл бюро мәжілісі өтіп жатыр. Ұзын үстелдің ұшар басында – Голощекин. Қос қатталда – бюро мүшелері. Электр шамдал күңгірттеу, әлденеге жытылықтап тұрады. Голощекин шамдалға шақшия қарап, қолтоқпақтай ауыр сиясорғышты мығымдан ұстап, сонымен шамдалды періп жібергісі келгендей... Үстінде – сұр френч. Теке сақалы селкілдеңкіреп тұрады. Жарық әуелі оның сақалына ғана түсіп, бірте-бірте түр-түсін тұлғалайды.

Оркестрде «Көбік шашқан» ыңырсиыды.

Голощекин (креслодан ұмтыла түрегеліп). Жолдастар! Жау шапқандай, түн ішінде неге бюро шақырды деп ренжіменіздер. Ал, жалпы, жау шапты десе де болғандай (Үстел үстіндегі қағазды, улы жыланның құйрығынан ұстағандай салбыратып, қос саусағымен шетінен ғана абайлап қармап, даусы шырылдан). Міне – жау!

Үстел басындағылар «О не сұмдық?» дегендей үркекпен, үртіісе қалады. Тек Голощекиннің оң қол жағын ала отырған Құрамысов қана «Мен білемін» дегендей, домаланған дөңбек денесі қозғалақтап, күлімдеп қалады.

Құрамысов (жағымпаздана). Жаудан да жаман. Филипп Псаевич. «Бұқпадан шыққан жау жаман, бүйірден шыққан дау жаман».

Голощекин (риза болғандай). Измұқан дұрыс айтады (Құрамысов «Көрдіңдер ме!» дегендей жан-жағына қоқилана қарап қалады). Іштен шыққан жау жаман. Қаскөйлер өз ішімізден шығып отыр.

Үстел басындағылар «Сонда қайсымыз?» дегендей бір-біріне күдік-тене қарасады.

Псаев. Ол не, Филипп Псаевич? Зәремізді алмай айтсаңызшы.

Голощекин (оган жақтырмай қарағанда дөңес линзалы шыныдан көзі шатынап көрініп). Неге сенің зәрен ұша қалды, а? Сенің бүйрегің бұрып тұрмаушы ма еді әне біреу жазушысымаққа! А?!

Псаев (сабырмен). Құдай үшін, айтсаңызшы, не тұспалдап тұрғаныңыз? Біз өзі өрт сөндіретіндей неге асығыс жиналды? Не талқыламақпыз? Жазушысымақ кім?

Голощекин. Иә! Иә! Өрт сөндіреміз! Өрт! Өрт!

Елеусіз (жан-жағына, төбеге алақ-жұлақ қарап). Қайдағы өрт?

Голощекин (сәл сабасына түсіп). Иә, шынында да, әңгімені басынан бастайық (Қос саусағымен қағазды шетінен көтерген күйі). Қаралатын мәселе біреу: «Бесеудің хаты!»

Тірек сөздер

Голощекин
бұрмалаушылық
бес адам
бюро мүшелері
кабинет
үртіісе қалу
жау
тұспалдау

Голощекин соңғы сөздерді шыңғыра айтқанда, содан шошым кеткендей шамдал оты шайқалақтап барып, жалт етіп сөнеді де қалады.

Сөз қоржын

Шамдал – үй ішін жарық қылуға арналған шамның бір түрі.

Қолтоқпақ – бір нәрсені қағуға, ұруға арналған, басы жұмыр әрі салмақты, қолға ұстайтын сабы бар келтек ағаш.

Тұспалдау – ашық айтпау, жұмбақтай сөйлеу.



1. Сталин мен Рысқұловтың әңгімесінен қандай мәселені аңғардыңдар?
2. Голощекиннің шұғыл жиналыс ұйымдастыруының себебі неде?
3. «Бұқпадан шыққан жау жаман, бүйірден шыққан дау жаман» деген мақалдың мәнін ашыңдар.
4. «Бесенің хаты». *Бесеу* деп отырғаны кімдер деп ойлайсыңдар?
5. Хаттың мазмұны қандай болуы мүмкін?

Үй толы тозақ

«Бесенің хаты» – Ғабит Мүсіреповтің суреткерлігін оның азаматтық ісімен толықтырар шығарма. Пьесаға Ғ.Мүсіреповтің жас коммунистер Ғатауллин, Қуанышев, Алтынбеков, Дәулетғалиевтермен бірігіп, 1932 жылы ұжымдастырудың «Асыра сілтеу болмасын, ашатұяқ қалмасын» науқанын әшкерелеп, Крайкомға жазған хаты арқау болған.

Төртінші сурет



«Ақсақ құлан» азынайды. Келесі – ақ боз үй екен. Бір жақсылық бар болса, тек осы үйде ғана сияқты көрінеді. Сол үміттен Нұрхан барып, ішінен иш қатпаған киіз есікті түріп ашып кеп жібергенде, іштен кілең қара дию, ібілістер биін көріп, шошым шегінеді.

Нұрхан Сұбихан Алла, Сұбихан Алла!

Мүсірепов (*мойнын созып*). Ендігі сұмдық – не сұмдық?

Нұрхан (*шаңыраққа қарап*). Аһ, жауыздар! Бәсе, түндіктен түскен екен ғой. Құзғын қарғалар. Құзғын тазкаралар.

Мүсірепов (*ірседен тұырлықты көтерін көріп*). Данте суреттеген тамұқта мұндай албастылар алапаты жоқ сияқты. Мынау үйде тозақ оты лапылдайды. Қара албастылар ойнақ салады. Қырқадан қырсық шалған сорлы ел! Тазкара тасырандаған сұм заман! (*Аһ ұрып.*) Арамыздан азап арылмаған, төбемізді қырсық жайлап, кеудемізге қорлық қыстаған неткен ел едік?! (*Көмекшілерге ақырып.*) Тез! Өртеп жібер мынау тозақ толы үйді! Индет таратады.

Тірек сөздер

ақ боз үй
киіз есік
сұмдық
индет



Нұрхан (*дамбырасын шерттіп, жыр-реквиемге¹ басады*).

Жалғыздап қадақ ел қалған
Есіктері ашылып.
Спрағы сіңам сырықтай,
Білегі күйген шыбықтай,
Саусағы солған сүліктей,
Табаны кара сүріктей,
Тырнағы темір күректей,
Кірлері ағып сүмектен.
Жылай атмай ыржаңдап,
Жүре атмай жүр бұлғандап,
Мас болғандай маужырап.

Сүйектері саудырап,
Сөйлей атмай күрмеліп,
Ыңырсып жүр күніреніп,
Көрінгенге сүрініп,
Сүйретіліп жүр келіп,
Жерден тауып, жеп тоғмай,
Өлмеші жан күн көріп,
Қыбырлаған неткен жан,
Дүниеден безіп кеткен жан,
Таусылмайтын күнде өліп.

Терме-жыр алыстан естілгендей балады да, шам сөне береді .

Сөз қоржын

Қара дию, ібілістер – адамды пәлеге жолықтыратын азғырушы, жын-шайтан, пері, албасты.

Құзғын тазқаралар – өлексе жейтін құстар.

Тамұқ – діни ұғым. Күнәһар адамға (о дүниеде) азап көрсететін жер, тозақ.

Қадақ – 1) екі жүз грамға тең болатындай халықтық салмақ өлшемі; ауыспалы мағынада: салмақ, ауырлық; 3) арба дөңгелегінің шабағы; 4) салқын тигендіктен өкпенің қабынып ауруы. *Бұл жерде:* әр жерде жалғыз-жалғыздан қалған, өте аз адам деген мағынада.



1. Нұрхан ақын неге «Сұбихан Алла, Сұбихан Алла!» деді?
2. Түндіктен түскен нелер? Неге түскен?
3. Нұрхан ақынның терме-жырында бейнеленген сұмдық суретті өз сөздеріңмен айтып беріндер.
4. Жалпы *пантюркист* деген сөзді қалай түсінесіңдер?

¹ *Реквием* (лат. requiem) – қайғылы, қаралы, мұңды сарындағы әдеби музыкалық шығарма.



Рысқұлов пен Мүсірепов

Шерхан Мұртаза – қазіргі қазақ әдебиетінің рухани қорын әр жанрдағы еңбектерімен байытқан қарымды қаламгердің бірі. Ол қазақ халқының бір-ғасырлық (1904–2004) жанды картинасын жасауға белсенді қатысты. Оның қаламымен Домалақ ана, В.И.Сталин, Т.Рысқұлов, Ғ.Мүсірепов сынды тарихи тұлғалардың сахнадағы сом тұлғасы жасалды. «Елім, саған айтам, Елбасы, сен де тыңда!» деп қазақ халқына Абай өсиетін жаңғыртты.

Эпilog



Ана дүние... Ғарыштық сарындағы музыка. Кілең ақ киген аруақтар. Бейнесі бүтін бір зат жоқ. Бәрі құбылып тұрады. Оқтын-оқтын тұман қаптап, қайта ашылып, ойдым-ойдым мұнар арасынан аруақтар легі елес береді. Аргы бетте, ойнаңда тамұқ оты лапылдап жатады. Ол жақтан шыңғырған, ыңырсыған, ышқынған дауыстар естіледі. Бергі бетте, өрде шынар сияқты ағаштың түбіне екі елес шыға береді. Біреуі – Рысқұлов, біреуі – Мүсірепов.

Тірек сөздер

аруақтар легі
жазықсыздар
тамұқ
мансап
байғұс
шырылдау
сағыныш
оралу

Рысқұлов (*арғы бетті нұсқап*). Ғабит, сен жас аруаксын ғой. Бұл жақтың ұнғыл-шұнғылын біле бермейсің (*Даусы көтеріліп*). Әне – тамұқ!

Мүсірепов (*арғы бетке аңтарыла қарап*). О, Күдірет! Мұнда – рисалат нұры, анда – тамұқ. От ішінде ойнақ салған әлденелер... Олар кімдер. Тұрар аға?

Рысқұлов (*көтеріңкі*). Жарық дүниеде жазықсыздарға жапа шеккізген озбырлар. Қиянатшыл бәлекор-жалакорлар. Әділет тағынан тайғандар. Пейілі жаман пенделер. Танаураған тайтақайлар...

Мүсірепов. Зауал! Зауал! Біз білетіндерден кімдер бар?

Рысқұлов (*серігін қолынан тартып*). Берірек жүр. Жақындасан өзің де танырсың (*Жар жағалап, лапылдаған отқа таяп келеді*). Әне, анау барқырап тұрғанды сен танымассың. Ғабит. Ол баяғы Нерон.

Мүсірепов. О, Күдірет! Әлі ән салып тұр екен ғой. От ішінде... шырылдайт. О баста-ақ император басымен театрға барып ән салады екен...

Рысқұлов (*әріректегі сұлбаларды меңзеп*). Анау шешесі, оның жанындағы туған інісі... Нерон ол екеуін де өзі өлтірткен...

Мүсірепов. Туған анасын, туған бауырын аямаған. Олардың өліктерін баспалдақ етіп, мансапқа биіктеген. Содан не тапты?

Рысқұлов. Мансап та ауру. Мансапқорлар да нашақорлар сияқты. Мансаптың мастығы – нашақор мастығынан да қауіптірек (*Кенет серігін жеңінен тартып қалып*). Ал ана аруақты сен бірден тануға тиіссің!

Мүсірепов *(селк ете қалып, сәл-пәл тағзым еткендей болып)*. Ста-а-али-ин! *(Тұтығынқырап.)* Бі-ір же-е-ні қ-к-қы-зыл, бір же-ні-і қа-а-ра. Қызыл жолақ үстімен Сталин ары-бері баяу басып, бірсыдырғы жүреді де қояды.

Рысқұлов *(ықыластана күліп)*. Айттым ғой, жазбай танысын деп! Немене, қорқып қалдың ба?

Мүсірепов *(таңдайын қағып)*. Жарықтық, трубка тартқанын әлі қоймапты ғой...

Рысқұлов. Тамұқта от лапылдап, бұркылдап жатса да түтінге тоймайды.

Мүсірепов *(мақтанғыш сезіммен)*. Сталин жолдас император Неронға карағанда құдайдай ғой.

Рысқұлов *(мырс етіп)*. Нерон Сталиннің қолына су құюға жарамайды.

Шексіз ғалам музыкасы гүлдейді. Сол сәтте аргы беттен артылдаған, әуілдеген, балақ жүн орнына жыбырлаган жылан шыққан, шарадай екі көзі от шапқан, танаулары үңірейген, аузы арандай, өзі есектей ит әлдекімді қуалап шыға келеді.

Мүсірепов *(үрейлене шегіншектеп)*. Астапыралла! Мынау не сұмдық. Тұрар аға?

Рысқұлов. Қорықпа! Бізге жете алмайды *(Басын шайқап)*. О, сорлы Филипп Исаевич... Анау Цербер осының-ақ соңынан қалмай қуалайды да жүреді.

Мүсірепов *(жағасын ұстап, ішегін тартып)*. Өзіміздің Голощекин жолдас па?!

Рысқұлов. Дәл өзі! Тозақ төбеті Цербер осы байғұсқа бір сәт тыным таптырмайды. Жарық дүниенің өзінде-ақ бейшараның даусы тамұқтан шыққандай шарылдап тұрушы еді, енді мүлде қаксауық болып алды.



Жар басында ақ жамылған түмен аруақ: «Цербер! Цербер! Айдақ! Айдақ! Бас! Бас!» – деп шуылдап тұрады. Ғарыш музыкасы шексіз ғаламның құрсағынан шығып жатқандай ыңыранады.

Мүсірепов (*Рысқұловқа*). Сонда Голощекин жолдастың шыбыны мәңгі бақи шырылдаумен бола ма?

Рысқұлов. Мәңгі бақи. Ара-арасында сәл-пәл тәнәпіс бар. Қазір өзін де көресің...

Цербер арсылдап қуалап келеді. Голощекин шырылдап қашып барады. Кенет алдарынан Сталин шыға келгенде, Цербер қалт тұра қалып, тек ырылдай береді. Голощекин барып Сталиннің аяғына тығылады. Сталин Церберге трубкасын кезеп-кезеп қояды.

Мүсірепов. Ойпыр-ай, жарықтық Сталин-ай! Тозактың төбеті де бата алмай қалды-ау. Енді Голощекин жолдас құтылды ғой бәледен?..

Рысқұлов. Жоқ, Ғабит, қателесесің. Филипп Исаевич баяғы өзін білетін жағымсыз дауыспен зар қағып, ана кісінің мазасын май ішкендей қылады. Содан соң оны Сталин «Кет!» деп қуып жібереді. Андып тұрған Цербер тағы да қуалайды.

Мүсірепов (*сыбырлап, Сталинді меңзеп*). Ана кісі тамұқтың таксіретін тартқан адам сияқты емес қой. Немене, тамұқтан да тайсалмай ма?

Рысқұлов (*жайдары күліп*). Ой, Ғабит-ай, соншама сұңғыла болсаң да, қазаққа тән анқаулығың қалмайды. Оу, Носиф Виссарионович жарық дүниенің өзінде тамұқ орнатып, соның тағында отырған кісі емес пе!

Мүсірепов (*мекірене күліп*). Е, бәсе, тамұқ ол кісіге таңсық емес екен-ау.

Рысқұлов. Ол тозақтың өзінен ләззат алады.

Мүсірепов (*Рысқұловтың нығына тығылыңқырап*). Қарайды біздің жаққа...

Рысқұлов. Тамұққа түскелі бері жар жағалап, осы біздің жақтан бір көз алмай, ары-бері теңселіп жүреді де қояды.

Мүсірепов (*әнтек таңғалып*). Онысы несі екен?

Рысқұлов. Ретін тапса, біздің жақты да тамұққа айналдырып жібермек.

Мүсірепов. Тағы да сойқан соқпаса игі еді...

Рысқұлов (*жайбарақат*). Соқпайды. Көрдін бе мына шыңырауды? Екі жағалаудың арасын біріктіріп тұрған тек мына қып-көпір. Сталин одан өте алмайды (*Шырылдаған дауысқа елең етіп*). Цербер Голощекинді әлі қуалап жүр.

Мүсірепов. Жарық дүниеде тозақтың отын тұтатқан Голощекин ғана емес сияқты еді-ау. Жандайшаптары бар еді...

Рысқұлов (*мырс етіп*). Е, әлгі, Құрамысов сияқтылар ма? Олардың адымы тым қысқа ғой. Цербер оларды тістеп алып, әлдеқашан



отка лактырып жіберген. Өне, анау алаудың ішін анықтап карашы: бір-біріне от шашып жүр.

Мүсірепов. Адамдар тамұқта да бір-біріне от шашып ойнайды деген осы екен-ау! *(Кенет ойына бірдеңе түскендей.)* Ойын демекші, қайтсақ қайтеді, Тұрар аға...

Рысқұлов. Жалықтың ба?

Мүсірепов. Мұхана преферанс ойнаймыз деп уәде беріп қойып ем...

Рысқұлов. Мұхтар болса... қайту керек.

Мүсірепов. Мұхан бала сияқты ғой, сәл нәрсеге ренжіп қалады.

Рысқұлов. Мұхтар – пайғамбар ғой... *(Ойланып, кенет көңілденіп.)* Ана сары бала да ойынпаз ғой деймін.

Мүсірепов *(кеңк-кеңк күліп)*. Ғабиден бе? Біз бүгін соның дачасына жиналамыз. Ол мұнда да дача салып алды ғой!

Дамбыраға қосылып сағынышты ән салған адамның сұлбасы көрінеді.

Рысқұлов. Мынау кім болды екен!

Мүсірепов. Бұл – Нұрхан деген акын. Сталин мен Голощекиннің ашаршылығында сүйген қызы Күләндадан айырылған. Сол Күләндасын мұнда да зарыға іздеп таппай жүр.

Рысқұлов. Сағыныш кернеп сарнаған қос дүние!.. *(Кең әлемге көз тігіп.)* Әзизаны мен де таппай жүрмін.

Мүсірепов. Данте Беатричесін іздейді, Вергилий Лаурасын сағынады... Айтпакшы, Тұрар аға, біз олармен жолыға алар ма екенбіз?

Рысқұлов. Кімдермен?

Мүсірепов. Данте, Вергилий...

Рысқұлов. Ғалам шексіз, біз сол шексіз әлемде тозаңдай ғанамыз. Әлемде миллиардтаған тозаңдар ұшып жүр. Соның бәрі адам рухтары. Кімді тауып, кімді танып болғандай...

Мүсірепов. Иә, сүйгендердің де бірін-бірі табуы қиын екен...

Рысқұлов. Енді біз асықпаймыз, Ғабит. Бұл дүниенің жарық дүниеден бір артықшылығы – асығып-аптықпайсың. Уақыт – шексіз. Сол шексіз уақыттың бәрі сенікі. Мұнда минут, сағат, күн санау жоқ. Мұнда мың жыл дегенің – қас қағымдай-ақ. Миллиондаған жылдар өтеді. Бәлкім, біз жер бетіне қайта оралармыз...

Мүсірепов. Голощекин де ме?

Рысқұлов. Иә, Ғабит, Голощекин де... Бірақ кім болып оралары белгісіз: адам бейнесінде ме, әлде құрт-құмырсқа болып па немесе зәрлі тікенек түрінде ме – әйтеуір оралады. Жер бетіне о да шығады.

Мүсірепов. Гүл өскен жерге тікенек те өседі, періште жүрген жерге ібіліс құмар. Кім біледі, Дүния деген Құдіреттің заны шығар.

Рысқұлов (*әлемді шолып*). Сағыныш кернеген дүниелер... Миллион жылдарда сүйгеніммен, әйтеуір бір кездесесің... Жүр, Ғабит, Мұхтар күтіп қалған шығар...

Екеуі ақ боз буалдыр арасына баяу батып бара жатады. Ғарыш құрсағынан күңірене толқыған музыка Мұхиттың «Қара қанышық» әуеніне ұласады (Оркестр).

ШЫМЫЛДЫҚ

Сөз қоржын

Тамұқ оты – діни наным бойынша о дүниедегі күнәһарлар мен дінсіздердің осы дүниедегі азаптан да ауыр, жанын қинайтын тозақ оты.

Зауал – бұл жерде: қарғыс деген мағынада қолданылып тұр.

Тәнәпіс – сәл-пәл, азғана ғана үзіліс.

Шыңырау – бұл жерде: түпсіз терең, тұңғиық.

Періште – діни сөз: 1) діни ұғым бойынша Алланың әмірін жеткізіп тұратын көмекшілер; 2) ауыспалы мағынада: әзірейіл; 3) ауыспалы мағынада: кінәдан пәк саби, бала; кіршіксіз адал жан, таза адам; асқан сұлу, ару. Бұл жерде: бірінші мағынада.

Ібіліс – діни сөз: адамды пәлеге жолықтыратын азғырушы, жын-шайтан, пері; 2) ауыспалы мағынада: дұрыс бағыттан тайған, азғын, жексұрын, әзәзіл адам. Бұл жерде: екінші мағынада қолданылып тұр.

- ?! 1. Рысқұлов пен Мүсірепов қай жерге шолу жасайды?
 2. Екеуі аралаған жер қандай мақсатқа негізделіп екіге бөлінген?
 3. Рысқұлов тамұқтағылардың өмірін қалай түсіндіреді? Олар неліктен тамұққа түсті?
 4. Шығармада әлем әдебиетінің өкілдерінен кімдердің есімдері аталады? Олардың қандай шығармаларымен танысындар?
 5. Тұрар Рысқұлов пен Ғабит Мүсіреповтің соңғы диалогін рөлдерге бөліп, мәнерлеп оқып шығындар.

«Бесеудің хаты» пьесасын қорытындылауға арналған тапсырмалар

- ?! 1. Хрестоматияда берілген драма үзіндісін толық оқып, болған жайларды жинақтап, оқиғалар тізбегін құрындар.
 2. Қолдан жасалған аштықтан қырылған халықтың тағдыры кімдерді толғандырады?
 3. Рөлдерді бөліп алып, берілген үзінділер бойынша қойылым ұйымдастырындар.
 1-топ. Сталин мен Рысқұловтың сұхбаты.
 2-топ. Голошечкиннің кабинеті. Шұғыл жиналыс.
 3-топ. Мүсіреповті айыптау.
 4-топ. Тамұқ пен жұмақ.
 4. Шығармадағы сатқындар кімдер? Олардың көкесегені не? Неліктен осындай қадамға барып отыр?



5. Сызбаны пайдаланып, Рысқұлов пен Сталиннің, Голошекин мен Мүсіреповтің бейнелеріне талдау жасаңдар.



6. Ұлт қамы үшін күрескен зиялылардың мақсат-мүддесі мен талап-тілегін ашатын үзінділерді тауып оқып, шығарманың басты идеясын анықтаңдар.



1. Шығарманың құрылысына талдау жасаңдар. Шығармада пролог пен эпилог қандай қызмет атқарып тұр?
2. Автор эпилогте Рысқұлов пен Мүсіреповтің ана дүниедегі пайымдауларын қандай мақсатта жазған? Екеуінің диалогін талқылаңдар. Қандай түйін жасайсыңдар?
3. Шығармада қолданылған троптың түрлерін анықтап, талдау жасаңдар. Бұл көркемдегіш құралдар шығармада қандай қызмет атқарып тұр?
4. Жазушы кейіпкерлер бейнесін ашуда қандай көркемдегіш құралдарды қолданған? Үлгі бойынша кестені толтырыңдар.

Көркемдегіш құралдар					
Аллегория	Ирония	Литота	Тенеу	Метафора	Гипербола

5. А.Дантениң «Құдіретті комедиясының» М.Мақатаев аударған «Тамұқ» бөлімі мен «Бесеудің хаты» драмасындағы жалған дүниені жалпағынан басып, жосықсыз істерге жол бергендердің мәңгілік өмірдегі өксікті мекені туралы айтылған бөлімдеріне талдау жасаңдар. Олар ол мекенге қалай тап болды? Шығармадан мысал келтіріп, дәлелдендер.



1. Бесеуге хат жазуға негіз болған халықтың басынан өткен нәубет қай жылдарды қамтиды? Бұл жағдайдың орын алуына кім кінәлі?
2. Күштеп отырықшыландыру, ұжымдастыру мен алым-салық жүргізудің себебі неде? Оның салдары қандай болды?
3. «Асыра сілтеу болмасын, ашпұяқ қалмасын» деген сөздің мәнін ашыңдар. Шығармамен байланыстыра отырып, сол кездегі саяси жағдайға өз көзқарастарыңды білдіріп, баға беріңдер.
4. Ұлт қамы үшін күрескен зиялылар бейнесіне өз көзқарастарыңды білдіріп, сыни талдау жасаңдар.

АКТ құзіреттілігін арттыруға арналған тапсырма

«Бесеудің хаты» драмасын толық оқыңдар. Хаттың мәтінінде не айтылған екен? Хатта берілген деректерді инфографикаға түсіріңдер.

Жағдаяттық тапсырма

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде төрт түлік маңызды орынға ие болған. Голощекиннің билікке келуі қазақ халқын малынан айырды. Малынан айырылған халық ашаршылыққа ұшырады. 1928 жыл мен 1933 жыл аралығындағы мал саны мен халық санындағы өзгерісті диаграммаға түсіріңдер.

Кері байланыс: «Емен»



Қолымнан келеді:

-
-

Мақсатқа жету үшін жасалған қадамдарым:

-
-
-

Күткен нәтиже:

-

ЖӘРКЕН БӨДЕШҰЛЫ

(1944 жылы туған)



Халқымыздың қашанғы жырғаулық поэзиясы мен осы заманғы озық еуропалық поэзия үрдістерін қойындастыра отырып, қазақ өлеңін түр мен мазмұн жағынан жаңа бір биікке көтеріп келе жатқан ізденімпаз да кемел ақын.

Есенбай ДҮЙСЕНБАЙ

Жәркен Бөдешұлы 1944 жылы Қытай Халық Республикасында дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде білім алған. Оқу орнын бітірген соң мерзімді басылмаларда, Кітап палатасында, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығында жауапты қызметтер атқарған.

Ұлттық әдебиетті «Көкше құрақ» (1979), «Қос канат» (1982), «Зейін» (1984), «Аспан даусы» (1985), «Нұрлы бояулар» (1988), «Жұлдызға орнын ай бермес» (1996), «Емендер түнде бүрлейді» (2002), «Бұрылыс» (2007), «Құбылыс» (2009) атты жыр жинақтарымен толықтырды.

Қазақтың белгілі ақыны Ж.Бөдешұлы – Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Ақын шығармалары бірнеше жүлделі орындарға ие болған. Ж.Бөдешұлы – Ілияс Жансүгіров атындағы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлықтарының және Бүкіл түркі дүниесі поэзиясы II фестивалінің лауреаты. Сонымен бірге «Сорос-Қазақстан» қорының,



«Астана-Бәйтерек-2006» әдеби байқауының, Қаныш Сәтбаевтың 150 жылдық мерейтойына арналған халықаралық мүшәйраның жүлдегері.

Қаламгер көркем аудармаға үлес қосып, орыс ақыны И.Бунин, ұйғыр ақындары М.Зұлпықаров, М.Һәмраев өлеңдерін қазақ тілінде сөйлетті.

Ақын қазақ поэзиясын «Аңырақай бекетіндегі ой», «Қарауылтөбе хикаясы», «Генерал Жохар Дудаев», «От пен су», «Тас бесік», «Бостандықтың басы» атты поэмаларымен байытты.

Жәркен Бөдешұлы – тәуелсіздік тұсындағы қазақ поэзиясының көркемдік көкжиегін жаңа белеске көтеріп жүрген ақындардың бірі. «Шөлге түссем – құланмын, Көлге жүзсем – үйрекпін, Тау шарласам – қыранмын» дейтін ақынның поэзиясы тәуелсіздік жылдарында бәріне самғады. Оған «Көк аспанда көлбеген, Түсімде ылғи күс көрем» деп жырлаған ақынның «Емендер түнде бүрлейді», «Бұрылыс», «Кұбылыс» атты жыр жинақтары мысал бола алады.

Қазақ поэзиясын шағын лирикамен бірге кең құлашты эпикалық поэмалармен байытқан ақын қаламынан терең ойлы дүниелер туды.



1. Жәркен Бөдешұлының жыр жинақтарын атаңдар.
2. Жазушы қазақ поэзиясын қандай поэмаларымен толықтырды?
3. Ақын кімдердің шығармаларын қазақ тіліне аударды?
4. Ақын өз жырларында қыран, көкбөрі сөздерін нелікпен жиі қолданған?

«Жалғыз» поэмасы



Мұндай өлең, әдетте, ыстық ықылас, ынтық көңіл, аста-төк аңсар сезіммен бірге, туған жерге деген ұлы махаббаттан туады.

Темірхан МЕДЕТБЕК

Ж.Бөдешұлы «Аңырақай бекетіндегі ой», «Генерал Жохар Дудаев», «От пен су», «Ақ марқа», «Исатайдың баласы», «Қаныштың картасы» поэмаларында нақты оқиғалар төңірегінде тарихтың әр кезеңінен ой қозғаса, «Жолаушы», «Жалғыз», «Шер», «Бостандықтың басы», «Қарауылтөбе хикаясы» сынды туындыларында заман, уақыт тынысын тереңнен толғайды.

«Жалғыз» атты поэмасында ақын «оққа сүйенген жалғыз арқардай» деген тәмсілді негізге ала отырып, жалғыз деген сөзге назар аударады. «Бұл жалғанда кім жалғыз?» деген сауал тастаған ақын «Ақ борықтай Ай жалғыз, Айдан нұрлы Күн жалғыз. Жарқырап тұрған Шолпан да жалғыздығын сезінер, Таң алдында көз ілер...» деп дүниенің бәрі жалғыздан жаралғанына көңіл аударады. Оны өмірден өткен Бұқар, Абай, Шәкәрім, Мағжан, Махамбет, Исатай, Бауыржан сынды ақындар мен батырлар өмірінен мысалдар келтіре отырып түсіндіреді.



Жалғыз арқар,
Жалғыз оқ,
Жалғыз құздың басында –
Селт етпейді боранға,

Селк етпейді жасынға.
 Мұнылы қоныр жанары бір жанады, бір өшіп,
 Ажалына сүйеніп қатып қалған сіресіп.
 Қос өкпесі деміксе – жусан пісі бұрқырап,
 Танғажайып тағдырға тау тағысы тұр шыдап.
 Жапанда жалғыз бәйтерек, айнала дауыл
 боратқан.

Тірек сөздер

жалғыз
 жусан пісі
 бәйтерек
 ана тілі
 ақ бесік
 әке

Жапырағын желге ол тонатқан.
 Өз дініне сүйеніп
 Шайқалса да, жарықтық, құламайды құрдымға –
 Тамыры шынжыр болаттан.
 Батыр Баян бабамыз ақ найзаға сүйеніп
 Ел қорғаған қасқайып,
 Көкірегін кекті жас шайып.
 Киелі қара шаңырақ, сүйеніп қызыл уыққа, уыққа емес – рухқа.
 Ана тіл ақ боз биедей оқыранып, жер тарпып,
 Талқандап тұсау, кісенді ілінбеген құрыққа.
 Ақ бесікке сүйеніп,
 Әлди-әлди әндетіп анамыз бөбек тербеткен.
 Әкем қырдың басында ақ таяққа сүйеніп
 Ақтылы қой төлдеткен...

Сөз қоржын

Құз – таудың адам аяғы қия баса алмайтын шыңы, тік шатқал, биік жартас.
Тау тағысы – қолға үйренбеген дала аңы. *Бұл жерде:* жабайы арқарды айтып отыр.
Құрдым – *бұл жерде:* ауыспалы мағынада тұңғыық, шыңырау.
Кісен – темірден соғылған, адамның аяқ-қолына салынатын, кілті бар тұсау, темір бұғау.
Ақтылы – *бұл жерде:* мыңғырған, жайлау толы қой.

II



Бұл жалғанда кім жалғыз?!
 Ақ борықтай Ай жалғыз,
 Айдан нұрлы Күн жалғыз.
 Жарқырап тұрған Шолпан да жалғыздығын
 сезінер,
 Тан алдында көз ілер...
 Жыр боп мәңгі жасарға,
 Абай жалғыз қашанда.
 Абай жалғыз болғасын, екеу емес Мағжан да.

Тірек сөздер

Ай, Күн,
 Шолпан
 Абай, Мағжан
 Махамбет
 Исатай
 батыр, жау
 өмір, өлім
 екі қылыш



Аспанды бұлт торлайды, жауынсыз жер сорлайды.
 Абылай хан жалғыз болғансын, Бұқар екеу болмайды.
 Махамбет жалғыз құбылыс, Исатай оқыс бұрылыс.
 Ақжайық көздің жасындай, Қарой топырақ біруыс...
 Қиял – қыран, ақыл – шың.
 Майдансыз қайтпас жау беті.
 Сен де жалғыз батырсың.
 Ер Баукең Момыш әулеті.
 Көңілде бар көп түйткіл, айтыла бермес көбінде.
 Өмір жалғыз болғасын, екеу емес өлім де.
 Өз көзіммен көргем жоқ, себебі әлі өлгем жоқ.
 Тозақ та жалғыз деседі, жұмақ та жалғыз деседі.
 Бір қынаптың ішіне екі қылыш түнемес.
 Айтарым бірақ бұл емес...

Сөз қоржын

Жалған – ауыспалы мағынада жарық дүние, өмір, тіршілік.

Борық – өсімдік. Борық тәрізді жұмыр әрі аппақ дегенді айтып тұр.

Құбылыс – бұл жерде: таңғаларлық, сирек құбылыс деген мағынада.

Түйткіл – күдік, секем, сезік.

Түнеу – ауыспалы мағынада екі қылышты бір қынапқа салмайтынын айтып тұр, яғни түнемес деп поэтикалық қолданыста берілген.



1. «Жоңғар құмын омбылап, Сарыарқаға жеткенше – Қияметтей жол жүрдім» деген өлең жолдарының мазмұнын ашыңдар.
2. Акын өзін неліктен жалғыз арқарға тенеіп тұр?
3. Акын лирикалық кейіпкерінің тағдырын қалай сипаттаған?
4. Поэманың екінші бөлімін мәнерлеп оқыңдар.

Бұл жалғанда кім жалғыз?

«Жалғыздықтан қорықпаймын, топқа, жікке бөлінген құм төбедей өрілген тобырлардан қорқамын» дейтін ақынның қорқатыны – жалғыздық емес, қазіргі ата-атаға бөліну. Алайда ақынның айтпағы – анадан жалғыз туған жандар жөнінде емес, Отанның жалғыз екендігі. Қазақтың жалғыз Отаны болса, ақынды сол Отанның күйі алаңдатады. Жалғыздық туралы ой қозғай отырып, Жердің де жалғыз екендігін айтады.



...Жалғыздықтың азабын тартқан жалғыз мен емес,

Жалғыздығын өзінің сезбеген ел, ел емес.

Азия, сен де жалғызсың.

Еуропа, сен де жалғызсың.

Бостандық, шындық, ақиқат

Сендер де мендей жалғызсың.

Отан жалғыз. От жалғыз.

Қайда қаңғып кетсек те.

Саған келіп тоқтармыз.

Барымызды жарылқап, жоғымызды жоқтармыз.

Ділсіздерді тілгілеп, опасызды соттармыз.

Тірек сөздер

Азия, Еуропа
тоқтау
ақсұңқар
жалтақ жалған
қорку
шарлау, самғау
аққу, қорку
жалғыз жорту
маздап жану

IV

Бауыры жерге тімеген, шалғысы күнге күймеген –

Ақсұңқарды жаралы сауысқан, қарға, құзғындар –

Шоқып, түртіп талады.

Қауырсыны желге ұшып, қос топшысы канады.

Арашалар ешкім жоқ, Сұңқар маған карады.

Мен Сұңқарға карадым, тұнжырап түндей қабағым.

Қаламымның ұшымен құзғынның көзін ағыздым.

Белбеуімді суырып, сауысқан мен қарғаны –

Сансыратып сабадым.

Ақсұңқар құс былай деп сабырлықпен үн қатты:

«Жүрегімдей көрдің бе, қан жоса боп күн батты.

Арашадан қалған жан, жан емес ол, жалған жан.

Шапағат, мейірім күтпеймін мынау жалтақ жалғаннан».

Сұңқар басын тасқа ұрды, өз үкімін паш қылды.

Жалғыздықтан қорықпаймын, топқа, жікке бөлінген,

құм төбедей өрілген тобырлардан қорқамын.

Аш бөрідей бүкендеп, жортсам, жалғыз жортамын.

Тырналар ұшар тізіліп, бұлдырық ұшар топтанып.

Ал құстардың тектісі – қырандар жалғыз самғайды,

Жер мен Көкті шарлайды.



Тексіз шибөрілер

оннан-бестен ұйлығып жүргенімен кампайып,
 Бірін-бірі аңиды, бір-бірінен корқады.
 Күн баласы Арыстан, түн перісі Сілеусін,
 тау серісі Барысың жалғыз-жалғыз жортады.
 Күйбендемей күй кешіп,
 өзіне-өзі сенеді тәкаппарлық, паңдықпен.
 Ығысады олардан былайғы топшыл аң біткен.
 Сыбыры көп болғанмен, сылдыры көп болғанмен –
 Жолбарыс үрікпес қамыстан.
 Ажалдан емес, Сұңқарша өлермін түбі намыстан.
 Күншіл топтан жерінген мен бір тарпаң құланмын,
 Күлсем жалғыз күлермін, жыласам жалғыз жылармын.
 Уатшы деп біреуге қол қусырып құнықпан.
 Құлай қалсам сүйегім табылар шыңырау құдықтан.

V

Жалғыздықтың тозағын тартқан жалғыз мен емес,
 Жалғыздар бірақ көп емес.
 Ақындары алаштың шеттерінен қызыл шок,
 жел үрсе маздап жанады...

Сөз қоржын

Ділісіз – бұл жерде: рухани азғындаған, адамгершіліктен жұрдай деген мағынада қолданылып тұр.

Топшы – құс қанатының кеудеге жалғасқан жері.

Араша – арашалау, айыру, ара тұру.

Тобыр – белгілі бір ортақ мүддемен уақытша топтасқан адамдар жиыны.

Бұлдырық – шөлді жерді мекендейтін, сұр түсті, кішкентай дала құсы.




1. Ақын жырға қосқан тұлғалардың әдебиеттегі, тарихтағы орнына тоқталындар.
2. Бұл тарихи тұлғаларды ақынның жалғыз деп жырлауын қалай түсіндіресіңдер?
3. Сендер үшін жалғыздық деген не? Жалғыз кім?
4. Ақынның жырлауынша сұңқар құс несімен ерекшеленеді?
5. Ақын жалғыздықты сұңқардан басқа қай аңдарға тән деп қарайды?
6. Ақын кімдердің өмірінен жиренеді?

«Жалғыз» поэмасын қорытындылауға арналған тапсырмалар



1. Поэманың негізгі идеясын анықтаңдар. Поэманың «Жалғыз» аталу себебін түсіндіріңдер.
2. Ақынның кейіпкерлері кімдер? Ақын оларды неліктен жалғыз дейді?
3. Поэмада тұлғалар бейнесі қалай көрініс тапқан?

4. Қазақ халқына тән ұлттық құндылықтар жырланған үзінділерді тауып оқып, мәнін ашыңдар.
5. *Жалғыз* сөзіне топтастыру жасаңдар. Жалғыздықты қандай ұғымдармен байланыстырар едіңдер?



1. Хрестоматиядан поэманы толық оқып, эпиграф мен прологіне талдау жасаңдар. Прологте айтылған жалғыз арқар бейнесі эпиграфте қалай көрініс табады? Жалғыз кім?
2. Поэмадан көркемдегіш құралдарды анықтаңдар. Оның қолданысына талдау жасаңдар.
3. Шығармадағы символдардың мәнін ашыңдар. «Көкбөрі», «қыран» ненің символы?
4. «Оққа сүйенген жалғыз арқардай» деген ұғымның мәнін ашатын үзіндіні тауып оқып, талдаңдар.



1. Тәуелсіздікке жету жолындағы тарихи кезеңдердің хронологиясын құрастырып, сол кезеңдегі оқиғаларға өзіндік баға беріңдер.
2. Ақын поэмасын өздерің оқыған жыраулар поэзиясымен салыстырып, идеясы мен мазмұнына тоқталыңдар.
3. Ақын «Айға қарап ұлыған, мен бір жалғыз көкбөрі» дейді. *Көкбөрі* сөзінің қазақ таным-түсінігіндегі орнына баға бере отырып, әдеби эссе жазыңдар.
4. «Отан – жалғыз» тақырыбында пікірталас өткізіңдер.

АКТ құзіреттілігін арттыруға арналған тапсырма

І. Жансүгіров поэзиясындағы *жалғыздық* концептісіне талдау жасалған мақала бар. Осы мақаланың ізімен Жәркен Бөдешұлының өлеңіндегі *жалғыз* сөзінің қолданысын лингвокогнитивтік тұрғыдан қарастырыңдар.

Кері байланыс: «Бес саусақ»

Ақ паракка алақанымызды қойып, жиегін айналдырып бастырайық. Салынған саусақтарға Ж. Бөдешұлының «Жалғыз» поэмасы бойынша берілген сұрақтарға жауап жазайық.

Бас бармақ – басты мәселе. Тақырып бойынша ең құнды мәселе қандай болды?

Баған үйрек – бірлесу. Мен топта, жұпта қалай жұмыс жасадым?

Ортан терек – ойлану. Мен қандай бітім мен тәжірибе алдым?

Шылшыр шүмек – шынайылық. Маған шығарма ұнады ма? Неліктен?

Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы. Мен осы тақырыпты оқу барысында өзімді қалай сезіндім?



IV БӨЛІМ БОЙЫНША БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ

1. «Бесеудің хатын» ұйымдастырушы топтың көшбасшысы.

а) Құрамысов;	б) Исаев;
ә) Мүсірепов;	в) Рысқұлов.
2. «Асыра сілтеу болмасын, ашатұяқ қалмасын» науқанын Қазақстанда жүзеге асырып отырған кім еді?

а) Рысқұлов;	б) Голошekin;
ә) Құрамысов;	в) Сталин.
3. «Бесеудің хатының» Сталиннің қолына түспеуі неліктен?

а) жол қиындығынан;
ә) Сталин кез келген хатты қабылдай бермейді;
б) хат жарты жолда ұрланады;
в) Рысқұлов хатты Сталиннің оқығанын қаламады.
4. Оқиғаның шешімін табындар.

а) Бесеудің Сталинге хат жолдауы;
ә) Рысқұловтың Сталинге Қазақстандағы жағдайды жеткізуі;
б) тозақ оты;
в) Голошekin кабинетіндегі жиналыс.
5. «Бұқпадан шыққан жау жаман, бүйірден шыққан дау жаман». Қай кейіпкердің сөзі?

а) Рысқұлов;	б) Исаев;
ә) Голошekin;	в) Құрамысов.
6. «Бесеудің хаты» шығармасындағы прологте берілген оқиғаны көрсетіндер.

а) Мүсірепов пен Рысқұловтың диалогі;
ә) Рысқұлов пен Сталиннің әңгімесі;
б) бесеудің хатын талқыға салу;
в) қаралы ауылдың көрінісі.
7. Төмендегі өлең жолдарынан метафораны табындар:

«Қиял – қыран, ақыл – шың.
Майдансыз қайтпас жау беті.
Сен де жалғыз батырсын».

а) майдансыз қайтпас;	б) қиял – қыран;
ә) жау беті;	в) жалғыз батырсын.
8. Төмендегі берілген сөйлемде қайталаудың қай түрі қолданылып тұр?
Кнелі кара шапырақ, сүйеніп қызыл уыққа.

а) эпитифора;	б) еспе қайталау;
ә) анафора;	в) жай қайталау.
9. «Қарой топырақ біруыс» сөзі қай тұлғаға қатысты айтылған?

а) Исатайға;	б) Абайға;
ә) Махамбетке;	в) Абылайға.
10. Өлеңде бір-бірін аудитын, қорқау адамдар бейнесін неге тенеген?

а) сілеусінге;	б) шибөріге;
ә) тырнаға;	в) құланға.

Жазбаша жауап беріндер

1. Қазақ халқы сол бір зұлмат жылдарды бастан кешуіне кімдердің асыра сілтеуі себеп болды? Бұл саясаттың мақсаты қандай еді?



2. Жәркен Бөдешұлы «жалғыз» деген сөзге неліктен баса назар аударып отыр? Ақынның айтпақ ойы қандай?
3. Шығармада Ғабит Мүсірепов пен Тұрар Рысқұлов бейнесі қалай көрініс табады? Олар өмір сүрген кезеңнің шындығы жөнінде тарихи мәліметтер не дейді?
4. «Отан жалғыз. От жалғыз. Қайда қаңғып кетсек те, Саған келіп тоқтармыз» деген өлең жолдарында айтылған ой қандай? Бүгінгі таңда шетелге көшіп жатқандар санының артуы неліктен?
5. «Қаныш Сәтбаев» роман-эссесі мен «Бесеудің хаты» пьесасында айтылған ортақ мәселеге талдау жасандар.
6. Жәркен Бөдешұлы өлеңінде кейіптеуді не мақсатта қолданған? Өлең жолдарынан кейіптеуді тауып, қолданылу мақсатын анықтаңдар.
7. «Бесеудің хаты» шығармасында тамұққа қатысты сюжетте Рысқұлов пен Мүсірепов не туралы сөйлеседі? Екеуінің диалогі арқылы Сталин мен Голощекин бейнесіне талдау жасап, мінездеме беріңдер.
8. Шерхан Мұртазаның Рысқұловқа арнаған шығармаларын атаңдар. Жазушы еңбектерінде Тұрар Рысқұловтың басты кейіпкер ретінде көрінуінің себебін анықтап көріңдер.

Екі тақырыптың бірін таңдап, эссе жазыңдар

1. «Қазақ руханиятын репрессияға ұшыратқан кім?» тақырыбында әдеби эссе жазыңдар.
2. «Жәркен Бөдешұлы өлеңіндегі ұлы тұлғалар бейнесі» тақырыбында әдеби эссе жазыңдар.

ӘДЕБИ-ТЕОРИЯЛЫҚ ҰҒЫМДАР

Аллегория (көне грек. *allegoria* – пернелеп, тұспалдап айту)– оқырманның сана-сына, қиялына ерекше әсер ететіндей образ жасаудың бейнелеуші құралы, көркемдік тәсіл. Әдебиетте, өнерде дерексіз ұғымды деректі образдар арқылы көрсету. Мысалы, *түлкі* – қулық, *арыстан* – зорлық, *қасқыр* – қастық, *қоян* – сужүректік, *аққу* – адалдық қасиеттерін білдіреді.

Аллитерация (лат. *allittera* – дыбыстас) – дауыссыз дыбыстардың қайталануы арқылы тілді ажарлап, сөздің ренін келтіре түсетін көркемдік тәсіл. Мысалы:

Жағама қолдың тигенін, Жәмаулы киім кигенім,
Жалғыздық, сенен көремін. Жарлылық, сенен көремін.

(*Ақтамберді жырау*)

Ассонанс (франц. *assonance*, лат. *assono* – үйлесім) – өлеңсөзде дауысты дыбыстардың үндесе қайталануы. Ассонанс сөздің интонация-музыка мәнін, экспрессивтік-эмоционалдық бояуын күшейтіп, ерекше елеулі тұстарды дыбыстандырып, ой-сезімнің әсерлілігін арттырады. Мысалы:

Ассалаумағалайқум, Алдына келді қарашан,
Алдияр тақыр ханымыз! Арызды қабыл алыңыз.

(*Жанкісі би*)

Әдеби жанрлар (франц. *genre* – түр, тек, жанр) – ауызша және жазбаша шығармалардың даму процесінде қалыптасады. Көркем әдебиет – көпсалалы өнер. Әдебиет туындылары мазмұнына, құрылысы мен түріне қарай жанрларға жіктеледі. Әдеби шығармалар үш топқа жіктеледі: эпостық, лирикалық, драмалық жанр. Бұл – әдебиеттің үш үлкен саласы.

Әдебиеттегі жанр – белгілі бір дәуірде қалыптасқан, ортақ белгілері бар көркем шығармалар түрлерінің жүйесі. Әдебиетте *айтыс*, *жыр*, *әңгіме*, *роман*, *эпопея* т.б. жанрлар бар.

Әдеби қаһарман – қатардағы кейіпкерлерге, персонаждарға қарағанда жан-жақты сомдалған, толыққанды образ болып саналады. Көркем шығармадағы әрбір қаһарман кейіпкер бола алады, алайда әрбір кейіпкер қаһарман бола алмайды. Қаһарман өзге кейіпкерлерден, ең алдымен, сюжет дамытудағы маңыздылығымен ерекшеленеді, оның қатысуынсыз ешқандай сюжеттік оқиғалардың болуы мүмкін емес.

Әдеби сын – өмір шындығының көркем шындыққа айналуын саралайтын, оны эстетикалық жағынан бағалайтын жанр. Онда әдеби процестің бағыт-бағдары қадағаланып отырады. Сондықтан әдеби сында бүгінгі күннің шығармалары талданып, оларға әдеби баға беріледі. Әдеби сынның міндеті – шығарманың жетістігі мен кемшілігін кәсіби тұрғыдан саралап, көркем шығарма туралы оқырманға толыққанды мағлұмат беріп, бағыт сілтеу.

Әңгіме – шағын оқиғаға негізделген көркем шығарма. Әңгімеде оқиға баяндалып, қарасөзбен жазылады. Оқиғасы ширақ, тақырыбы мен идеясы айқын болады. Әңгімеде аса маңызды деген оқиға суреттеледі. Ы.Алтынсарин, Ж.Аймауытұлы, М.Әуезов, Б.Майлин, Ғ.Мүсірепов, С.Мұратбековтер қазақ әңгімесіне мол үлес қосты.

Әңгіме – оқиғаны қарасөзбен баяндайтын шағын көркем шығарма жанры. Әңгіменің көлемі шағын, кейіпкерлер саны аз болады. Онда адам және оның өміріндегі аса маңызды деген оқиғалар жинақы беріледі.

Гипербола (грек. *hyperbole* – күшейту) – әдебиеттегі белгілі бір нәрсені шамадан тыс ұлғайтып, асыра суреттеу тәсілі. Шығарманың көркемдігін, әсерлілігін арттыру үшін қолданылады. Ауыз әдебиетінде, ақын-жазушылар шығармаларында жиі кездеседі. Мысалы: «Аққан жасы сел болған, Етегі толып көл болған...» (*Д.Бабатайұлы*).

Градация (дамыту) – алдыңғы сөзден соңғы сөздің, алдыңғы ой-пікірден кейінгі лебіздің, әдепкі құбылыстан екінші құбылыстың екпін қуатының күшейіп, өсіп оты-

руы. Бұл көркемдік тәсіл құрылыс, жүйесі ұқсас бірыңғай сөйлемдердің іріктеліп шығуына, ой-пікірдің өткір, әсерлі айтылуына әрі мағыналық өрістің кеңейіне кең өріс ашады.

Абайдың «Келдік талай жерге енді» деген өлеңіндегі «Сергі, көңілім, сергі енді!», «Ұш, көңілім, көкке, кергі енді!», «Өрбі, сезім, өрбі енді!» деген шумақаралық жолдар дамытуға құрылған. Сондай-ақ ақынның Отыз жетінші қарасөзінде «Білік мансап – білік жартас, ерінбей еңбектеп жылан да шығады, екпіндеп ұшып қыран да шығады...» немесе Бесінші қарасөзіндегі «Көкірек толған қайғы кісінің өзіне де билетпей, бойды шымырлатып, буынды құртып, я көзден жас болып ағады, я тілден сөз болып ағады» деген жолдар да дамыту әдісіне жатады.

Гротеск (франц. *grotesque* – таңғажайып, өзгеше келбетті) – шынайы, нақтылы өмір мен фантастиканың шарпысуынан, әдепкі және таңғажайып оқиғалардың, кейіпкерлердің тоғысуынан тұратын, жақсы мен жаманды, қайғы мен күлкіні т.б. шендестіруге құрылатын, ажуа, күлкіге ерекше мән берілетін көркемдік бейнелеу тәсілі. Түпкі мағынасы грот (үңгір) деген сөзден шыққан, себебі ескі заманнан қалған үңгірлерде кездесетін, адамның келбетін, жануарлар мен өсімдіктердің әлпетін батыстырып, бір-бірімен араластыра бейнелеген әшекейлі өрнек суреттер осылай аталған.

Ғылыми фантастика – фантастикалық әдебиеттің жетекші саласы. Ғылыми-фантастикалық шығармалар ғылыми-техникалық прогреспен тығыз байланысты. Фантастикалық туындылар аса күрделі философиялық, психологиялық туындылар қатарында саналады. Қазақ әдебиетінде ғылыми-фантастикалық роман, повесть, әңгімелер жеткілікті. А.Машанов, Т.Сұлтанбеков, М.Сәрсекеевтер қазақ әдебиетіндегі фантастиканың негізін салды. А.Мархабаев, Р.Баймаханов, Р.Бектібаев, Ж.Сахиев тәрізді жазушылар ғылыми фантастиканы қалыптастырды. Фантаст-жазушы Ж.Сахиевтің ғылыми-фантастикалық «Айдағы жасырынбақ», «Дабыл» әңгімелерін атауға болады.

Диалог – екі немесе бірнеше адамның кезектесіп сөйлесуі арқылы пікір алмасатын ауызекі сөйлеу формасы. Диалогте сұрақ қою арқылы сұхбаттасушы өзі күткен мәліметті ала алады.

Драма (грек. *drama* – қимыл-әрекет) – сахнаға арналған әдеби шығарма. Оқиға кейіпкерлердің іс-әрекетін, көңіл күйін көрсетумен баяндалады. Драмаға шнеленіскен оқиғаны тартысқа құрып, шарықтау шегіне жеткізу тән. Кейіпкерлер айтатын сөзі, қимыл-әрекеті, жүріс-тұрысымен ерекшеленеді. Мұнда лирикалық және эпикалық тәсілдер қабысып, ұштасып жатады. Бұл жанрды Ж.Аймауытұлы, М.Әуезов, С.Сейфуллин, Б.Майлиндер қалыптастырды.

Драмалық жанр. Мұнда оқиғаны баяндау да, болған жағдайды адамның қабылдап сезінуі де бар. Шығармаға арқау болатын оқиға өмірлік тартысқа құрылады. Оқиға барысы қалай дамитыны кейіпкерлердің сөйлеген сөзінен аңғарылады. Бұл жанрдың негізгі түрлері – трагедия, комедия, драма.

Жанр – (франц. *genre*, лат. *generis* – түр, тек) – өнердің барлық түрлерінде қалыптасқан іштей жіктелім жүйесі. Мысалы, музыкада *ән, күй, романс, симфония* сияқты жанрлар бар болса, бейнелеу өнерінде *натюрморт, пейзаж, портрет* сияқты жанрлар болады.

Жоқтау – дүниеден өткен кісіні жоқтап сөйлеу. Жоқтау көбінесе белгілі адамдарға айтылады. Қайтыс болған кісінің әйелі, қызы немесе келіні жылай отырып, ол адамның ерекше мінезі мен көзі тірісінде жасаған жақсы істерін, ендігі өз бастарына түскен ауыр қайғыны жыр түрінде айтқан. Жоқтауды ақындар да шығарып беретін болған. Мысалы: Шоканды, Абайдың ұлы Өбдірахманды, Жамбылдың баласы Алғатайды жоқтау және т.б.

Жыр – оқиғасы өлеңмен баяндалатын көлемді шығарма. Жырдың *батырлық, эпостық, лиро-эпостық, тарихи* және т.б. түрлері бар. Олар, негізінен, 7-8 буынды болып келеді.

Жыршы – батырлық, тарихи, ғашықтық жырларды айтып таратушы, ауыз әдебиетінің дәстүрін сақтаушы. Ірі өнерпаз жыршылар жырларды өзінше өңдеп немесе суырып салып, яғни өз жанынан шығарып та айтқан.

Идея (грек. *idea* – түсінік, елес, бейне) – көркем шығармадағы жазушының айтқысы келген ой-пікірі мен көзқарастары. Автор идея арқылы өзінің айтар негізгі ойын жеткізеді.

Ирония (келемеж, кекесін) – бір қарағанда мақтау тәрізді көрінгенмен, оның астарында ажуа, кекесіннің басым болуы. Мұндағы сөздер карама-қарсы, кекесін мағынасында қолданылады. Мысалы:

Ол рас, аталарын шенге алыпты,
Арзан қып, қымбат емес, кемге алыпты.
Апыр-ай, қалай бұлдаған сатқандарын,
Оқа, түйме, сылдырмақ, тенге алыпты.
Дедім мен: «Кұтты болсын шекпеніңіз,
Артқыға қандай егін еккеніңіз?
Жусақ та денемізден кетер емес,
Сондағы тұқым шашып сепкеніңіз»...

Кейіпкер – көркем шығармадағы оқиғаға қатысушы адам, әдеби образ.

Кейіптеу – әртүрлі табиғат құбылыстарын, жануарларды немесе жансыз нәрселерді адам кейпіне келтіріп суреттейтін көркемдік тәсіл. «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде А.Байтұрсынұлы: «Жансыз нәрсені жанды нәрсенің күйіне түсіріп тұрпаттау кейіптеу деп аталады», – дейді.

Мысалы, Абайдың «Қыс» атты өлеңінде қыс мезгілі мейірімсіз, түсі суық, қатал шал кейпінде бейнеленген. М.Жұмабаевтың «Жел» деген өлеңінде желді мазасыз, дамыл алмай жүгіріп жүрген тентек бала кейпінде кескіндейді.

Комедия (грек. *comoidia, comos* – көңілді топ, *oide* – өлең) – драмалық жанрдың бір түрі. Қоғам өміріндегі, адам бойындағы қайшылықтарды күлкімен, мысқылмен бейнелейтін сахналық шығарма. Комедияда адамның ерсі, оғаш мінезі, іс-әрекеті күлкілі жағдайда көрсетіледі. Комедияның басты міндеті – күлкі арқылы сынап-шенеу. Комедиялық шығармаларға сезімталдық, байқағыштық, тапқырлық, сын-шылдық, әзіл-оспаққа икемділік кажет. Халық поэзиясына, сөз өнеріне тән келемеждеу, әшкерелеу тәсілдері комедиялық шығармаларда жалғасын тапты. Б.Майлин «Талтанбайдың тәртібі», М.Әуезов «Айман-Шолпан», К.Мұхамеджанов «Белтірік бөрік астында» пьесаларымен комедия жанрын толықтырып, дамытты. Қалыптасқан бұл дәстүрді қазіргі таңда драматургтер жалғастыруда.

Композиция (лат. *құрастыру, қиыстыру*) – көркем шығарманың құрылысы. Ол оқиғаның басталуы, байланысуы, шиеленісуі, шарықтау шегі мен шешімінен тұрады.

Көркем бейне – адамның бой-тұлғасындағы, кескін-кейпіндегі, жүріс-тұрысындағы, қимыл-әрекетіндегі, ойлау-сөйлеу әдетіндегі өзгеше сипат белгілерді нақтылы суреттеу арқылы жазушының типтік қасиеттер, яғни қоғамдық жағдай туғызған, басқаларға ортақ, жалпылық мәні бар ерекшеліктер айқын танылуы. Жасалу тәсілдеріне қарай образ юморлық, сатиралық, фантастикалық, трагедиялық, комедиялық, қаһармандық т.б. бейнелер деп бөлінеді.

Қайталау – сөз әсерін күшейте отырып, оқырман назарын айрықша аударғысы келген нәрсені не құбылысты бірнеше мәрте қайталап, айтар ойды, ұқтырар сырды ұғымға мұқият сіңіре түсу.

Қайталаудың *жай қайталау*, *есне қайталау*, *әдепкі қайталау* (анафора) және *кезекті қайталау* (эпифора) сияқты түрлері бар.

Ақын оқырманның назар аударғысы келіп бір сөзді арнайы бірнеше жерде қайталауы *жай қайталау* деп аталады. Айтылмақ ойдың түйдектеле, еселеніп келіп айтылуын *есне қайталау* дейміз. Өлендегі әрбір жолдың, тармақтың бір сөз немесе бір сөз тіркесінен басталып, қайталанып келуін *анафора* дейміз. Өленнің соңында бір сөздің не сөз тіркесінің бірнеше рет қайталанып келуі *эпифора* деп аталады.

Қаһарман – әдеби шығармадағы жағымды қасиеттерге не немесе мінезінен жағымды қасиеттер басым байқалатын, авторлық идеалға сай келетін әрекет етуші тұлға, көркем бейне.

Қаһармандық образ – ұнамды кейіпкер: адамға тән небір тамаша сипаттардың шоғыры секілді сом тұлға, өз дәуірінің ең алуы, асыл мұраттарынан туған тарихи тип.

Лирика – көркем әдебиеттің негізгі саласының бірі. Лирика ауыз әдебиеті үлгілерінен бастау алады. Мұнда адамның көңіл күйі, сезім дүниесі бейнеленеді. Лириканың басты ерекшелігі – сезім күйлерінің нәзіктігі, сыршыл сезімнің басымдығы. Түріне қарай саяси-әлеуметтік лирика, философиялық лирика, көңіл күй лирикасы, махаббат лирикасы, табиғат лирикасы деп бөлінеді.

Лирикалық жанр. Мұндағы өмір шындығы адамның көңіл күй сезімдерімен бейнеленеді. Лириканың басты сипаты – өмір құбылыстары ақынның көңіл күйі, ой-сезімі тұрғысынан бейнеленуі. Лирикалық жанрдың элегия, эпиграмма, ода, толғаныс секілді түрлері бар. Лирикалық шығармалар тақырыбына, құрылысына қарай бірнеше топқа жіктеледі.

Литота (грек. *litotes* – қарапайым, қораш) – әдебиеттегі белгілі бір нәрсені шамадан тыс кішірейте, құлдырата суреттеу тәсілі. Батырлар жырларында, өтірік өлендерде литота жиі қолданылған. Литотаның мақсаты – тосын әсер туғызу. Мысалы: «От орнындай тұяқтан, оймақтайы қалыпты» («Ер Тарғын» жырынан).

Метафора (алмастыру) – бір нәрсенің, құбылыстың орнына оған ұқсас екінші нәрсені, құбылысты қолдану. Мысалы: «Мен – тауда ойнаған қарт марал» (*Махамбет*), «Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?» (*Мағжан*).

Метонимия (грек. *metonymia* – ауыстыру, қайтадан атау) – троптың (құбылтудың) бір түрі. Өзара байланысты балама ұғымдарды қолдану, құбылыс орнына оның ерекше қасиетін көрсету. Мысалы, әйелді – *ақ жаулық*, әскерді – *қал*, бүркітті – *ақшық*, мұзбалақ, қылышты – *наркескен* деп айту метонимияға жатады. Метонимия сөз образдылығы мен ойды ықшамдау мақсатында қолданылады.

Монолог – кейіпкердің көпшілікке қарата немесе өзіне арнап айтқан сөзі, толғанысы, өсиет-уағызы. Сөз өнерінде жиі қолданылатын монологтер кейіпкердің ішкі жай-күйін, сырт ортаның өзіне әсер еткен жағдайына байланысты туған толғаныс-тебіренісін бейнелеу мақсатында қолданылады.

Мысал – айтылатын өнегелі ойды тұспалдап жеткізетін, көбіне өлен түрінде келетін сюжеті шағын көркем шығарма. Негізгі сюжетке қоса, нақыл түрінде келетін түйін болады. Мысалдың тақырыбы сан алуан. Кейіпкерлері аң, құс, балық, өсімдік, кейде оқиғаға адам да қатыстырылады. Кейіпкерлерді сөйлестіруде диалог тәсілі жиі қолданылады.

Өлең – ырғағы мен ұйқасы, шумағы мен бунағы белгілі бір тәртіпке бағынатын шағын көлемді поэзиялық шығарма. Өлең шумақтарға бөлінеді. Өр шумақ тармақтардан, тармақ бунақтардан, бунақ буындардан тұрады. Өлең бунақ пен буындарға өзіндік ырғағына байланысты бөлінеді.

Өлең – // сөздің патшасы, // сөз сарасы, (а)
Қиыннан // қиыстырар // ер данасы, (а)
Тілге жеңіл, // жүрекке // жылы тиіп, (б)
Теп-тегіс, // жұмыр келсін // айналасы, (а)



Бұл – бір шумақ өлең. Берілген бір шумақ төрт жолдан, яғни төрт тармақтан, әр тармақ 11 буыннан, айтылу ырғағына байланысты 3 буынактан құралған.

Өлең өлшемі. Бір ауыз өлең дегеніміз – бір шумақ болады, әр шумақта бірнеше тармақ болады.

Өлең ұйқасы – өлең тармақтарындағы сөз соңының үндестігі, өзара ұқсас, дыбыс-тас естілуі. Ұйқас өлең сөздің ырғағын күшейтуге себін тигізеді, өлеңнің әуезділігін арттырады. «Қазақ поэзиясында ұйқастардың түрі көп, – деп жазды академик Қ.Жұмалиев, – бірақ ең негізгісі және көп қолданылатындары мыналар:

- | | |
|-----------------------------|--|
| 1) кара өлең ұйқасы (ааба); | 5) шалыс ұйқас (абаб); |
| 2) шұбыртпалы ұйқас (аааа); | 6) егіз ұйқас (аабб); |
| 3) ерікті ұйқас (абвгб); | 7) аралас ұйқас (аабвбббб); |
| 4) кезекті ұйқас (абвб); | 8) осы күнгі ерікті ұйқастар (абабвгд)». |

Қазақ тілінде өлеңдерде жиі кездесетіндері – кара өлең ұйқасы, кезекті ұйқас және шалыс ұйқастар. Мысалы, шалыс ұйқас:

Ана тілің – арың бұл, а
 Ұятың боп тұр бетте, б
 Өзге тілдің бәрін біл, а
 Өз тіліңді құрметте! б

Параллелизм (егіздеу) (грек. қатарлас, қанталдас) – екі затты не болмаса құбылысты жарыстыра отырып, қатарластыра бейнелеу. Көркем әдебиеттегі бұл әдіс жекелеген қаламгерлердің көңіл күй құбылыстарын табиғатпен ұштастыра бейнелеулерінен көрінеді. Абай бастаған қазақ ақындарының поэзиясынан психологиялық параллелизм анық байқалады. Лирикалық кейіпкердің көңіл күй сезімдерін табиғат, жаратылыс құбылыстарымен сабақтастыра суреттеудің жоғары сапасы – психологиялық егіздеу.

Тек қана поэзиялық туындылар емес, барлық жанрлардағы көркем шығармаларда кейіпкердің жан дүниесіндегі көңіл күй сезімдерін табиғат құбылыстарымен салыстыра сипаттау оның эстетикалық әсемдігі мен оқырманға берер әсерін арттыра түседі.

Пафос (грек. *pathos* – сезім, құмарлық) құлшыныс, құштарлық, асқақтық, қуатты сезім мен терең шабыт мағынасында қолданылған. Осыған байланысты пафос көбінесе азап шегумен тоғысып, ым, ишарада, жоғары эмоционалдық сөйлеуде т.б. көрініс береді.

Пейзаж (франц. *el-жер* деген мағына береді) – әдеби шығармаларда жаратылыстың, яғни табиғаттың әсем көрінісі, көркемдік бейнесі. Көркем шығармаларда суреттелетін табиғат көріністерін яки пейзажды адам образын толықтыра түсетін тәсіл деуге болады. Өйткені адамның сыры мен сезімінен, өмір тіршілігі мен көңіл күйінен тыс ешқандай пейзаж болуы мүмкін емес.

Портрет (франц. *portrait* – бейнеленген) – әдеби кейіпкердің сырт көрінісін, кескін-кейпін, бой тұлғасын суреттеу. Яғни, суреттеліп отырған тұлғаның сыртқы пішінін сөзбен суреттеп беруді *портрет* дейміз.

Повесть (орыс. *баяндау*) – оқиғаны баяндап айтуға негізделген шығарма. Қара-сөзбен жазылған эпикалық жанрдың орташа түрі. Повесте романдағыдай қат-қабат оқиғалар кездеспейді. Композициялық құрылысы жинақы, оқиға желісі біркелкі баяндалады. М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, С.Мұратбеков, Ө.Кекілбаев, Ө.Тарази, Қ.Жұмалиев, М.Мағауин, Д.Досжанов, О.Бөкеев, Д.Исабековтер қазақ повесіне көп үлес қосты. Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» повесі – осы қатарды толықтыратын туынды.

Поэзия – өлең-жыр түрінде шығарылған әдеби шығармалар. Бұл – көркем әдебиеттің ертеден қалыптасқан үлкен бір саласы. Мұнда өмір құбылыстары сезімталдықпен қабылданып, әсерлі бейнеленеді.

Поэма (грек. *poema*) – оқиғаны өлемен баяндайтын көлемді шығарма. Мұнда оқиға өлемен, кейде жыр-толғау түрінде баяндалады.

А.Құнанбайұлы, Ш.Құдайбердіұлы, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров поэмалары қазақ поэзиясының көш басында тұр. Сонымен бірге М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы да бар.

Прототип (грек. *бірінші* немесе *саусақ таңбасы, із*) – автордың образ сомдауына негіз болған нақты тарихи тұлға немесе өмірде болған яки өмір сүріп жатқан адам. Яғни, прототип авторға әдеби кейіпкер жасауда үлгі ретінде қызмет атқарады.

Кейбір жазушылар қаһармандарын өмірде болған адамның бейнесіне лайықтап жасайды. Прототипті білу жақсы білдім деген кітаптың өзінің жаңа беттерін ашады.

Пролог (грек. *prologos* – алғы сөз) – көркем шығармаға кіріспенің бір түрі. Көркем шығарманың оқиға мазмұны мен мәнін оқырманға таныстыратын кіріспе бөлімі. Мұнда кейде негізгі сюжетке дейінгі бірнеше оқиға баяндалады, кейде бас кейіпкердің өткен өмірінен бірер көрініс беріледі, кейде автордың ой өзегінен аздаған сыр айтылады.

Перифраз (грек. *periphrasis* – айналым) – ауыстыра қолданудың бір түрі. Құбылыстар мен заттарды атымен емес, олардың айрықша қасиет-белгілерімен орын ауыстыра қолдану. Ауыстыру тәсілінің бұл түрі көркем туындының идеялық-эстетикалық көркемдігін арттырып, мағыналық әсерлілігін күшейтеді. Мысалы: түз патшасы (арыстан), дала кемесі (комбайн), дала қонырауы (Ыбырай Алтынсарин), қара алтын (көмір), ақ алтын (мақта), пәниден бақи кетті, аққу ұшып көлге кетті (өлді) және т.б.

Роман (франц. *roman*, нем. *roman*, ағылш. *novel*) – көпжелілі эпикалық шығарма. Романда ұзақ уақыт, байтақ кеңістік қамтылады. Кейіпкерлер бейнесі ол өмір сүрген уақытпен суреттеледі. Қазақ әдебиетінде роман жанрын М.Дулатұлы, Т.Жомартбаев, С.Көбеев, Ж.Аймауытұлы, Б.Майлиндер қалыптастырды. М.Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» романы – XX ғасыр басындағы ұлттық әдебиетке қосылған үлкен табыс.

Роман-эссе – роман мен эссе жанрларының негізгі ерекшеліктерін жинақтаған әдеби жанр. Мұнда бір дәуірдің көпжелілі оқиғасы кейіпкерлердің өмір сүрген уақытымен суреттеліп, оқырманды тың ойларға, соны болжамдарға жетелейді. С.Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу», С.Мұқановтың «Өмір мектебі», Ғ.Мұстафиннің «Өмір белестері» шығармаларында мемуарлық сипат басым. Ұлттық әдебиетте О.Бөкейдің «Ел мен жер», Қ.Салғараның «Алтын тамыр», «Көмбес», «Қазақтың қилы тарихы», «Қазақтар» атты төрт томдық роман-эссесі, З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім», М.Сәрсекенің «Қаныш Сәтбаев» т.б. роман-эсселері бар. Бұл шығармаларды мазмұнына қарай өз ішінен бірнеше топқа бөлуге болады. Мәселен, М.Сәрсекенің «Қаныш Сәтбаев» роман-эссесінен тарихи-биографиялық ерекшелік байқалады.

Риторикалық сұрау – ойды, сезімді әсерлі жеткізу үшін жауабы өзінен-өзі айқын нәрсені әсерлі леппен, сұрау түрінде айту. Өленде қойылған сұраудың жауабын оқырман іштей біліп отырады. Мысалы:

Балалық өлді, білдің бе?
Жігіттікке келдің бе?
Жігіттік өтті, көрдің бе?
Кәрілікке көндің бе? (*Абай*)

Сатира – әр дәуірдің өмір құбылыстарын немесе жекелеген кейіпкерлер бойындағы өрескел кемшіліктерді өткір сынап, мысқылмен бейнелеу. Ашы мысқылдан туатын уытты күлкімен суреттеу қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілерінен бастау алады. Бай ауыз әдебиеті мұраларында халықтың арман-тілектері мен мұн-мұқтаждарын жеткізетін Аддаркөсе, Қожанасыр, Тазша бала тәрізді ұлттық кейіпкерлер бар.

Алдаркөсе туралы аңыз-әңгімелерде ашы мысқыл мен уытты тіл басым болып отырады. Ал Қожанасыр туралы әңгімелерде юмор бірінші кезекке шықса, Тазша бала туралы өтірік өлеңдерде әсірелеу басым. Бұл кейіпкерлер қашанда бұқара халықтың мақсат-мүдделерін жүзеге асырумен ерекшеленеді. Ұлттық әдебиетте қалыптасқан бұл дәстүр әр дәуірде заңды жалғасып келеді. Шалкиіз, Тәтіқара, Бұқар жыраулар мен Шал ақын шығармаларында үстем тап өкілдерін сынау басым болса, Махамбеттің өлең-жырларында шенеудің шарықтау шыңына жеткені мәлім.

Сарказм (грек. *sarkasmos* – ашы мысқыл, жанға батыру) – күлкі етудің бір түрі, зілді кекесінімен ажуалау. Құрылымы жағынан иронияның ұлғайған түрі. Иронияда зілсіз, көбіне іштарта ажуалау басым болса, сарказмда ол шарықтау шегіне жетіп, бағыл, ашық әшкерелеуге көшеді.

Ақындар айтыс барысында қарсыласын ашы мысқылмен кекетіп, келемеждеу, жігерін жасыту мақсатында сарказмды қолданған.

Символ – балама бейне. Оған негізгі ойды, айтқалы отырған нәрсені, құбылысты сол балама бейне, сурет арқылы тұспалдап көрсету тән.

Әдебиеттану терминдерінің қысқаша сөздігінде символға мынадай анықтама беріледі: «Символ – қандай да бір құбылыстың мәнін шартты түрде білдіретін сөз немесе зат».

Тақырып – әдеби шығармада сөз болатын басты мәселе – шығарма мазмұнының негізгі арқауы, айтылатын жай-жағдайлардың бағыт-бағдары. Мәселен, батырлар жырының тақырыбы отаншылдық, ерлік, елдік болса, лиро-эпостық шығармалардың тақырыбы – махаббат, жастардың бас бостандығы. Қазақ әдебиетіндегі Отан, ана, өлім мен өмір – ешқашан маңызын жоймайтын мәңгілік тақырыптар.

Тарихи өлең. Академик М.Әуезов: «Ел ескілігінің бір алуаны – тарихи өлеңдер. Тарих өлеңдері, ең алдымен, ел тіршілігінде анық болып өткен тарихи оқиғадан туады», – дейді.

Тарихи жырлар – белгілі тарихи оқиғаға байланысты туған кең көлемді шығармалар. Мұнда батырлар жырындағыдай ғайыптан туу, жар іздеу, құда түсу т.б. сияқты оқиғалар кездеспейді. Бұл жырлардың бәрі тарихи оқиғаларға негізделген, ал басты кейіпкерлері – тарихта болған адамдар.

Тарихи жырлар жөнінде алғаш пікір айтқан Ш.Уәлиханов болды. Қазақ әдебиетіндегі тарихи жырларды Үмбетей, Мұрат, Нысанбай, Шернияз, Жамбыл, Нұрпейіс, Мұрын сияқты ақын-жыраулар шығарған не болмаса толықтырып, өндеп қайта жырлаған.

Тармақ дегеніміз – өлеңнің әрбір жолы. Тармақ ішінде бірнеше бунақ болады.

Бунақ дегеніміз – өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы. Бунақ ішінде буын болады.

Буын дегеніміз – қазақ өлең өлшемі буын санын тұрақты мөлшерде сақтау арқылы жасалады. Мысалы, қазақ жыр үлгісінің тармақтары көбіне 7 не 8 буынды болып келеді, сондай-ақ 6 буынды өлең өлшемі қолданылады. Ең көп тараған өлшемнің бірі – 11 буынды.

Трагедия – сахнаға арналып жазылған драмалық жанрдың бір түрі. Драмалық шығармалардан басты айырмашылығы – трагедияның басым болуы. Басты кейіпкерлер қасіретке душар болып, күрес жолында апат болады. М.Әуезовтің «Қарагөз» және Л.Соболевпен бірігіп жазған «Абай», Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш–Баян сұлу», «Ақан сері–Ақтоқты» пьесалары трагедияға құрылды.

Трагедиялық образ – ескі мен жана, адамдық пен жауыздық арасындағы ымырасыз күрес, бітіспес тартыс, қайшылықты, азапты жайларды терең және шебер жинақтаудан туған образ. Юмор мен сатирада күлкілі жайлар ажуа, мысқыл, кекесін түрінде көрінсе, трагедияда қатерлі нәрселер қайғы, қорқыныш, қаза түрінде көрінеді. Трагедиялық қаһарманның өмірі көбіне өліммен аяқталып отырады.

Толғау – көне дәуірлерде туып қалыптасқан поэзиялық шығарманың бір түрі. Толғау қазақтың *жыр, толғау, талғап айту* деген сөзінен алынған. Қазақ, қарақалпақ, ноғай халықтарының жыраулық поэзиясында кен тараған жанр. Толғауда ірі қоғамдық, әлеуметтік, саяси-философиялық тақырып ерекше орын алады. Сондай-ақ адам өміріне тікелей қатысты үлгі-өсиет, насихат мағынасындағы ойлар айтылады.

Фабула (лат. *fabula* – айтып беру, әңгімелеу) – көркем шығармада суреттелген оқиғаны рет-ретімен жүйелеу, мазмұндау.

Фантастикалық образ – қиялдан туған қаһарман, өмірде болмаған, тек адамның ақиқатқа ұқсас арманында ғана бедерленген бейне.

Шежіре. Араб тілінен енген «шаджрат», «бұтақ», «тармақ» мағынасын береді. Оны қазақ халқы «тарихнама» деген мағынасында қолдана, орыс халқы «летопись», «жылнама» деп атап кеткен. Сол секілді «генеалогия», «биография» ұғымы да шежіре мағынасына жақын. Шежірелік туындылар қатарына Захир ад-дин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнама», Зейн ад-дин Васифидің «Бадаи ал-вакаи», Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди», Өтеміс қажының «Шыңғыснама», Камал ад-дин Бинаидың «Шайбанинама», «Тауарих-и гузида-йи нусрат-нама», Ғұлам Шәдінің «Фатх-нама», Әбілғазы ибн Араб Мұхаммедханның (баһадүр хан) «Шажара-и түрк», Қадырғали Қосымұлының «Жамиғ-ат тауарих» т.б. жатқызуға болады.

Шежірелік-эпикалық әңгіме – бір халықтың, бір рудың тарихынан сыр шертетін әдеби жанр. Шежірелік шығармаларға шағын оқиғалар мен бірнеше оқиғалар желісі де арқау бола алады. Шығармада қамтылған оқиғалардың желісіне қарай олардың түрі анықталады. Мәселен, А.Кемелбаеваның «Шашты» әңгімесі Мұстафа Шоқайдың ата-бабалары туралы ел аузында жүрген аңыз-әңгімелерге жан бітіріп, олардың тұп-тамырынан хабар берген. Сондықтан бұл шығарма шежірелік-эпикалық әңгімелер қатарына жатады.

Эпостық жанр. Бұл жанрдың шығу тегі эпостық жырлардан бастау алады. Мұнда өмір шындығы, негізінен, оқиғаны баяндау арқылы өрбиді. Оқиғаларда кейіпкерлердің іс-әрекеттері өмірдегі болмыс қалпында бейнеленеді. Жазушы сол оқиғаны баяндап жеткізуші ретінде көрінеді. Жазба әдебиетте эпостық жанрдың роман, повесть, әңгіме сияқты түрлері қалыптасты.

Эпифора (кезекті қайталау) – өлең тармақтарының соңында бір сөз тіркесінің қайталанып келуі. Бұл қажетті бір ойға, құбылысқа ерекше назар аударып, сөз әсерін арттыру үшін қолданылады. Мысалы:

Оқ жаңбырдай жауған күн,
Он қанатын теріс жайып,
Лашын қуға төнген күн.
Желпілдеген ала ту
Жиырылып ойға түскен күн... (Махамбет)

Эпитет (грек. *epitheton* – қосымша) – заттың яки құбылыстың ерекшелігін, сыр-сипатын бейнелі түрде танытатын айқындаушы сөз. Көбінесе сын есімдер арқылы жасалады. Мысалы, қазақ поэзиясында «алтын» сөзі эпитет ретінде көп қолданылады. Оның мағынасы да сан алуан: түсті (алтын күз), құтты мекенді (алтын бесік – туған жер, алтын аймақ), қазына-байлықты (алтын сандық), жаны таза, адамгершілігі мол кісіні (алтын адам) білдіреді.

Эпилог – шығармада суреттелген оқиғалар әбден аяқталып болғаннан кейін жазылатын автордың қорытынды сөзі. Пролог сияқты эпилогтің де шығарма құрылысымен тікелей байланысы жоқ.

Эллипсис (көне грек. *сөз тастау, қысқарту, кеміту*) – сөйлем ішінде немесе өлең шумағында атап айтпаса да түсінікті кейбір сөздерді әдейі жазбай тастап кету. Эллип-



сис сөйлемнің, ойдың ықшамдылығын, әсерлілігін, өткірлігін арттырады. Эллипенс адамдардың бір-бірімен сөйлесу барысында, диалог түрінде көбірек қолданылады.

Бір сөйлем мүшесін жазбай кету, сөздерді ықшамдау басқа жанрларға қарағанда поэзияда көбірек кездеседі.

Эссе – француз тілінен «essai», ағылшын тілінен «essay», «assay» – талпыныс, жазушылық сынама, очерк; латын тілінен «exagium» – ойлау дегенді білдіреді.

Философияның, эстетиканың, әдеби сының, публицистиканың, көркем әдебиеттің қалыптасқан дәстүрінен соны болжамдар ұсынатын жанр. Мұнда қаламгердің шеберлігі, интеллектуалдық қабілеті, аңғарымпаздығы, тапқырлығы бір жерге тоғысады. Автор ұсынған соны болжамдар мен тың ұсыныстар оқырманның таным көзжиегін кеңейтуге қызмет етеді.

Эсседе философиялық, тарихи-биографиялық, публицистикалық, әдеби-сын, ғылыми-көпшілік, балетристикалық сипаттар араласып жүре береді. Сондықтан ол мазмұнына қарай сипаттамалық, шығармашылық, анықтамалық, салыстырмалы немесе кереғар, дәлелдеме, аргументтік, пайымдық, көркем-әдеби деп бөлінеді. Бүгінде әдеби эссенің роман-эссе, повесть-эссе, эссе-сын, эссе-толғау, эссе-баллада, тарихи-эссе, толғау-эссе, естелік-эссе түрлері қалыптасты. Құрылымы жағынан кіріспе, негізгі бөлім, қорытындыдан тұрады.

Юмор – өмірдегі кісі күлерлік құбылыстардың өнердегі сәулесі болса, *юморлық образ* – сол юморлық шығармалардың кейіпкері, күлкілі бейне.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Абай Құнанбайұлы

1. Әуезов Мұхтар Омарханұлы, Кенжебаев Б. Абай қазақтың ұлы ақыны (1845–1945). Алматы, 1945.
2. Абай және қазіргі заман: (өмірі мен әдеби мұраларының жаңа қырлары) // Редкол. З.Ахметов (жауапты ред.) ж.б. Алматы, 1994.
3. Абай Құнанбайұлы. Сен де бір кірпіш дүниеге... (Абай туындыларының мектепке арналған хрестоматиясы). Алматы: Рауан, 1994.
4. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 2 томдық. Т. 2. Өлеңдер мен аудармалар. Поэмалар. Қарасөздер. ҚР ҰҒА М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер ин-ты. Алматы: Жазушы, 1995.
5. Абай: Энциклопедия / Бас ред. Р.Н.Нұрғалиев. Алматы, 1995.

Медеу Сәрсекке «Қаныш Сәтбаев» роман-эссесі

1. Сәрсекке М. Ақылды адам арманмен егеспейді. «Бес тұғыр» жинағы туралы // Семей таны, 2000.
2. Сәрсекке М. Қазақтың Қанышы: Роман-эссе. Алматы: Атамұра, 1999.
3. Сәрсекке М. Сәтбаев әлемнің сыры // Семей таны, 2002.
4. Сәрсекенің «Сәтбаев» ғұмырнамасы Мәскеуде шықты // Дидар, 2003.

Айгүл Кемелбаева «Шашты» әңгімесі

1. Қаныкей Е. Айгүл Кемелбаева. Кіт.: ХХІ ғасыр әдебиеті (2001–2011). Ұжымдық монография. Алматы, 2011.
2. Орда Г. Қазақ әңгімесі. Кіт.: ХХІ ғасыр әдебиеті (2001–2011). Алматы: Арда, 2011.
3. Қалижанов У. Қазіргі әңгімелер. Кіт.: Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар. Алматы: Evo Press, 2014.

Талап Сұлтанбеков «Көшпелі алтын» әңгімесі

1. Сұлтанбеков Т. Көшпелі алтын. Ғылыми-фантастикалық әңгімелер. Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1964.
2. Сұлтанбеков Т. Тоғыздар тоғысы (әңгімелескен Е.Кәпкызы) // Қазақ елі, 1999 жыл, 8 қаңтар.
3. Қазақстан жазушылары: ХХ ғасыр. Анықтамалық. Алматы: Ана тілі, 2004.
4. Марқабаяев А. Қазақтың фантастикалық ұлы әңгімелері. Кіт.: Қазақ романы: Өткені мен бүгіні (Ұжымдық монография). Алматы: Алматы баспа үйі, 2009.

Оразақын Асқар «Шетте жүрген бауырларға» өлеңі

1. Оразақын А. Дербестік дес бергенде. Өлеңдер мен поэмалар. Алматы: Жалын, 2006.
2. Жетісу энциклопедиясы. Алматы: Арыс, 2004.
3. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә.Нысанбаев. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.
4. Қазақстан жазушылары: Анықтамалық / Құрастырушылар: Қамшыгер Саят, Жұмашева Қайырниса. Алматы: Ан Арыс, 2009.

Шерхан Мұртаза «Бесеудің хаты» драмасы

1. Жұмабек С. Шерхан Мұртаза – жұлдызы нұрлы суреткер: Халық жазушысы Ш.Мұртазаның шығармашылық жолы жайында: Роман-монолог. Алматы: Қазығұрт, 2002.
2. Дүйсенбек Ә. Менің Шер ағам. Алматы: Өлке, 2002.

3. *Орда Г.* Шерхан Мұртаза. Кіт.: Қазақ әдебиетінің тарихы. 9-том. Алматы: ҚазАқпарат, 2005.

4. *Орда Г.* Ашаршылық кезеңінің қасіретін көркем бейнелеуге мол үлес қосқан автордың бірі – Шерхан Мұртаза // Аңыз адам, 2013. №4.

Жәркен Бөдешұлы «Жалғыз» поэмасы

1. *Насихат Н.* Жәркен Бөдеш. Кіт.: Қазақ көркемсөзінің шеберлері (жауапты шығарушы). Қарағанды: Экожан, 2010.

2. *Орда Г.* Жәркен Бөдешұлы. Кіт.: ХХІ ғасыр әдебиеті (2001–2011). Алматы: Арда, 2011.

3. *Орда Г.* Қазіргі поэмадағы тәуелсіздік идеясы. Кіт.: ХХ ғасыр әдебиетіндегі тәуелсіздік идеясының көркем шешімі. Алматы: Арда, 2011.

4. *Орда Г.* Қазіргі қазақ поэмасы. Кіт.: Қазіргі әдебиеттегі жапшыдамдық құндылықтар. Алматы: Evo Press, 2014.

Учебное издание

**Орда Гүлжахан
Дарибаев Самалбай
Сатылова Айғаным**

КАЗАХСКАЯ ЛИТЕРАТУРА

Учебник для 10 классов естественно-математического
направления общеобразовательных школ
(на казахском языке)

Оқулыққа суретшілер *Ә.Қастеев, О.Д.Құжығалин,
Б.Бәймен, Қ.Қаметов, Б.Дәлелқан, К.Үмбетовтардың*
еңбектері пайдаланылды

Редакторы *Ж.Досбай*
Көркемдеуші редакторы *А.Ақыт*
Техникалық редакторы *Л.Садықова*
Корректоры *Г.Тұрмағанбетова*
Компьютерде беттеген *Г.Оразақымова*

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігінің №0000001 мемлекеттік лицензиясы
2003 жылы 7 шілдеде берілген



ИБ №5846

Басуға 23.05.19 қол қойылды. Пішімі 70·100^{1/16}. Офсеттік қағаз.
Қаріп түрі «SchoolBook Kza». Офсеттік басылымы. Шартты баспа табағы 9,68.
Шартты бояулы беттаңбасы 37,42. Есептік баспа табағы 6,44.
Таралымы 35000 дана. Тапсырыс №

«Мектеп» баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй
Факс: 8(727) 394-37-58, 394-42-30
Тел.: 8(727) 394-42-34
E-mail: mektep@mail.ru
Web-site: www.mektep.kz

